

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Даулетова Г.О.

ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИ КОДЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ САҚТАЛУ
ШАРТТАРЫ МЕН ТАРАЛЫМЫ

5B020400-«Мәдениеттану» мамандығы

Алматы 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 «МӘДЕНИ КОД» ТҮСІНІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Мәдени код» ұғымының пайда болуы мен ғылыми айналымға енуі

1.2 Ұлттық мәдени кодтың әлеуметтік-мәдени белгілері

2 ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОДТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН САҚТАЛУ ШАРТТАРЫ

2.1 Тіл – ұлттың мәдени болмыстың басты ерекшелігі

2.2 Қазіргі қазақ халқы мәдениетіндегі ұлттық мәдени кодтың дамуы мен насихатталуы

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Ұлттық мәдени кодтың қазіргі жағдайлардағы сақталу шарттары мен таралымын талдай отыра, мәдени код түсінігінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айшықтап, қазіргі кездегі қазақ қоғамындағы ұлттық мәдени кодтың алатын орнына баға берілген.

Тақырыптың өзектілігі: Ұлттың мәдени коды, ол халықтың ежелден жалғасып келе жатырған өзіне тән дүниетанымы өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы есебінде жетіліп отыратыны белгілі. Бүгінгі таңда қай ұлттың болмасын мәдени ерекшеліктерін саралай отырып, кодын айқындау, оның мәдениеттанулық негізін дұрыс көрсете танып, біліп, өнер түрлерін жинақтап, зерделі зерттеудің маңызы артып, қоғамдық ортада сол ұлттың мәдени кодын негіздеуің қажеттігі өсіп отыр. Сондықтан, мемлекет тәуелсіздігін нық ұстау мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шараларға қатысты ұлттық философия мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылды. Оған Республика президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу – бұл әрине оң процесс. Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр» [1], – деген сөзі мұның бірден-бір айғағы.

Әр халықтың сан ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесінде өзіндік рухани тарихы, тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйіні болады. Күн санап халқымыздың дәстүрлі құндылықтарына, олардың қайнар бастауларын тануға деген ықылас өсіп келеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, біздің алға қойған мақсат-мүддемізбен де осы мәдени құндылықтарды танып-білуге деген іс-әрекетімізбен де сәйкес келіп тұр. Сондай қажеттіліктің бірі – қазақ ұлтындағы «мәдени код» түсінігінің мәнін ашу, таралымын зерделеу. Қазақ деп тебіренгенде көзге көрінерлік ұлттық құндылықтарды, бай тарихты, терең мәдени-философиялық мазмұнды, өзіндік ұлттық сан-қилы ерекшеліктерді код ретінде топтастырып қарастырудың өзі қымбат әрі құнды. Сондықтан да оның мәдениеттанулық негіздерін көрсету, танып-білу, жоғарғы оқу орындарында білім беру процесінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біздің алға қойған мақсат-мүддемізбен де осы ұлттық мәдени кодты танып-білуге деген іс-әрекетімізбен де сәйкес келіп тұруы тақырыптың өзектілігі арттыра түсетіні сөзсіз.

Жұмысының мақсаты: Ұлттық мәдени кодтың қазіргі жағдайлардағы сақталу шарттары мен таралымына талдау жасау.

Алға қойған мақсатқа жету үшін, төменгі міндеттер қойылды:

- мәдени код ұғымының пайда болуы мен ғылыми айналымға ену жолдарын саралау;
- мәдени код түсінігінің теориялық-әдіснамалық негіздерін тұжырымдау;
- ұлттық мәдени кодтың әлеуметтік-мәдени белгілеріне талдау жасау;

- қазіргі қазақ халқы мәдениетіндегі ұлттық мәдени кодтың дамуы мен насихатталуын айшықтау.

Зерттеу нысаны: Ұлттық мәдени код.

Зерттеу пәні: Мәдени құбылыстардың (белгі, символ, норма, мәтін ритуал), символикалық белгісі, тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, мейрам, мәдени ескерткіштердің құндылығы мен қазіргі жағдайлары.

Зерттелу тақырыбының қарастырылу деңгейі:

Әрбір ұлттың мәдени кодын ғылымның аясында зерттеу біз үшін құнды, өйткені мәдениеттану ғылымында мәдениет ерекшеліктеріне аса мән берілетіні анық. Сол себепті, әрбір ұлтты қандай құндылығына немесе айрықша белгісіне қарап ажырататынымызды білу қазіргі таңдағы қажеттіліктердің қатарында. Сол себепті, зерттеу барысында мәдени код түсінігінің іргетасының қалануына себепші болған К. Рапайдың «Мәдени код. Біз қалай өмір сүреміз, не және неге сатып аламыз?» атты кітабы негізге алынды. Ол мәдени код – бұл машина болса да, тамақ, қатынас болса да, тіпті мәдениет контекстінде біз тәрбиеленген ел болса да «бұл құбылыс немесе басқа заттардың санасыз ойы», – деп түсіндіреді [3, 4 б.]. В.И. Даль сөздігінде «код» – құпия, құпия жазба, жұмбақ ретінде қарастырса [4, 245б.], А. Кончаловский, А. Аузанның сұхбаттарында мәдени код тұжырымдамасында екі теориялық және тәжірибелік маңызды сәт ұсынылған: біріншіден, осы немесе басқа елдегі ұлттың маңызы бар әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістерге мәдениеттің әсер етуін анықтау, ал екіншіден – мәдени кодтың өзгермеуінің нәтижесі ретінде ұлттық мәдениеттің тұтастығын сақтау болып саналатындығы айтылады. Ал, қазақ қоғамында ұлттық мәдениетті, яғни, салт-дәстүр, мәдени мұралар мен мейрамдарды, рухани балығымызды дәріптеуші жанашырлардың қатарына А. Айталы, Т. Ғабитов, Ж. Молдабеков, Ғ. Есім, М. Әуезов, А. Сырым, Е. Досмурзин сияқты тұлғаларды атап кете аламыз. Мысалы, А. Айталы «Ұлттану» атты оқу құралында «Ұлт мәселесі – ол тек ұлттық тәуелсіздікті ресми түрде жариялау, мемлекеттік символдарды (елтаңба, ту, әнұран) қабылдау, БҰҰ-дағы орын ғана емес екені анық. Ұлт мәселесі сөздің кең мағынасында ұлттың өзін-өзі билеу жолындағы күрделі экономикалық, саяси, мәдени және басқа да жағынан жаңаруы, қайта тууы мен түлеуі», – деп айтады. [5, 174 б.], Әрине, бұл сөздің астарында, ұлттық болмыс, ұлттық код туралы толымды ой жатқаны белгілі.

Сондай-ақ, тіл тек коммуникация мен таным құралы ретінде ғана емес, ұлттың мәдени коды ретіндегі бағытын дамытып жатырғандығы белгілі. Мұндай тәсілдің іргетасы В. фон Гумбольдт, А. Потебни, Ф. Боас, Э. Сепир, Л. Вейсгербер, Б. Уорф және басқа да зерттеушілердің еңбектерінің арқасында қаланғандығын атап өткен жөн. Осы тұрғыда да отандастарымыз ұлттық мәдениет пен болмыстың ерекшелігін танула қатысты Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов, М. Әуезов еңбектерінен бастап, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов т.б. ғалымдардың еңбектерінде сипат алады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Зерттеушінің көтерген тақырыбының, алға қойған басты мақсаты мен оны орындау барысында шешуді қажет ететін міндеттерді жүзеге асыру нәтижесінде танылады.

- Аталмыш тақырыптың қазақ тілінде жинақталып жасалынған ғылыми зерттеу жұмысының алғашқыларының бірі болып табылуы және «мәдени код» түсінігінің мәдени ортадағы ерекшеліктерінің бүгінгі күн талабына сай қарастырылуы.

- Ұлттың мәдениет ерекшеліктерін негізге ала отырып, ұлттық кодын, кілтін анықтау мәдениеттану ілімінің соңғы теориялық жетістіктері негізінде қарастырудан туындайды.

- Мәдени код түсінігінің теориялық-әдіснамалық негіздерін тұжырымдай отыра, ұлттық мәдени кодтың алатын орны, оның құндылығы негізделінеді.

- Мәдени код түрлері мен ұлттық мәдени құндылықтарының әлеуметтік-мәдени салаларда қолданылуы, оның эстетикалық тағлымының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мүмкіндіктері талданылды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы: Дипломдық жұмыстың теориялық мазмұны тарихи-мәдениеттанулық зерттеулер үшін әдістемелік негіз бола алады. Зерттеу тақырыбының теориялық қажеттігі еліміздегі қалыптасып келе жатырған мәдениеттану ілімі мен пәнін ұлттық болмыс талаптарына сай дамытумен байланысты. Зерттеу жұмысының нәтижесіндегі ұсыныстар, пікірлер, гуманитарлық білім беру тұжырымдамасын одан әрі жетілдіре түсуде ғылыми теориялық маңызы зор. Ұлттық ойлаудағы кодтау жүйесінің, дүниетанымдық қалыптасудың ерекшеліктерін анықтауда, оларды түсіндіруде көтерілген мәселелердің қосар өзіндік үлесі айтарлықтай. Оған қоса, ортадағы мәдени кілт яғни, кодтың әр ұлттың болмыс талаптарына сай дамуымен тығыз байланысты.

Жұмыстың құрылымы. Диплом жұмысы кіріспе, екі бөлім, қорытынды және пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспеде зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсат-міндеті, нысаны, пәні, зерттелу әдістері айтылады. Жұмыста пайдаланылған зерттеу әдістерінің ерекшеліктері айшықталып, зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы сипатталып, жұмыс құрылымында қамтылған.

«Мәдени код түсінігінің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде мәдени код ұғымының мәні, пайда болу тарихы мен ғылыми айналымға енуі қарастырылып, ұлттық мәдени код туралы тұжырымдарға талдау жасалған.

«Қазіргі кездегі ұлттық мәдени кодтың алатын орны мен сақталу шарттары» атты екінші бөлімінде тіл ұлттық болмыстың басты ерекшелігі ретінде қаралып, қазіргі қазақ халқы мәдениетіндегі ұлттық мәдени кодтың дамуы мен насихатталу деңгейі қарастырылған.

Қорытындыда зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып жасалған тұжырымдар нақтыланып, негізгі түйінді ой көрсетілді.

1 МӘДЕНИ КОД ТҮСІНІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мәдени код ұғымының пайда болуы мен ғылыми айналымға енуі

Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге тартады. Сол сияқты рухани мұрамыздың жиналу, саралану, насихатталуы да тереңге тамыр салды. Енді осы мұралардың құндылығын арттыру, дәстүр сабақтастығын жалғастыру, оған дәнекер болу әрбір ұлттық мәдениетке көзінің қарашығындай қамқорлық жасау зиялы қауымның борышы мен парызы. Бар әдемі құндылықтарды сырттан іздемей, оны өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру, мәдениеттанулық деңгейге көтеру – бүгінгі таңдағы ең бір көкейтесті, өзекті мәселелерінің бірі. Себебі, жоғары дәрежедегі мәдениет болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін мәдениет айнасына түсірмей отыра алмайды.

Халықты ерекшелейтін әрине оның мәдениеті, ділі, діні секілді басты халықтан ажырата алмайтын қажеттіліктерді айта аламыз, соның ішінде мәдениетті халықтың өмірі ретінде, тіпті оның жан дүниесі, ақыл-ойы және жүрегі, оның өткені мен қазіргісі және болашағы деген баға берсек артық емес. Кез-келген халық мәдениетінің негізінде халықтың ұстанымдары жатыр. «Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті – оның тылсымдық сипаты» [6, 218 б.], – деп Т.Х. Ғабитов айтқандай ұлттық мәдениет адами құндылықтар ұялаған, қазақ болмысын жоғары қойған жерде ғана орасан зор мәртебеге ие болады.

Ұлттық мәдениетке келетін болсақ, ол халықтың ежелден жалғасып келе жатырған өзіне тән өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы есебінде жетіліп отыратыны белгілі. Бүгінгі таңда қазақтың дәстүрлі өнерін, оның мәдениеттанулық негізін дұрыс көрсете танып, біліп, өнер түрлерін жинақтап, зерделі зерттеудің маңызы артып, жастарды сол ұлттың салт-дәстүрінің негізінде тәрбиелеудің қажеттігі өсіп отыр.

Мәдени өзгерістердің қазіргі уақытта өзгеру қарқындылығы соншалықты, қандай да бір адам баласының бір өмірінің уақыт ширегінде бірнеше мәдени кезеңдерді басынан кешіреді. Ал, біртұтас қоғамдық аймаққа көз жүгіртер болсақ, белгілі бір әрбір топтың арасында өзара байланыстардың ерекшеліктерін аңғарамыз. Осы тұста кез-келген ұлттың, этностың өзіне тән мәдени коды болатындығы айқындалады.

Сондай-ақ, мәдениеттің жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы деген

анықтамасы да бар екені белгілі. Ол өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады. Сондықтан, әрбір мәдениетке оның менталитетін, мінез-құлқын, мәдени артықшылықтары мен ерекшеліктерін сипаттайтын өзіндік мәдени код тән. Мәдени код арқылы біз әрбір ұлттың өзіне тән басты айырмашылығын, не болмаса ерекше көзге түсетін салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тани аламыз. Қай ұлттың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері, мәдениеті бар. Ежелден келе жатқан қазақ ұлтының да бұрыннан қалыптасқан көне мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігінің бізге жеткен үлгілері сан түрлі. Күні бүгінге дейінгі жер бетіндегі басқа ұлттардан ажыратып көрсететін қазақтың салт-дәстүрі туралы айту деген сөз. Яғни, мәдени код бір жағынан, берілген мәдениет түрін түсіну коды, яғни, кілті болса, екінші жағынан халыққа ата-бабаларынан қалған айрықша мәдениет ерекшеліктері мен сол мәдениетті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін қандай да бір түрдегі кодталған ақпарат екендігін білеміз.

Мәдениет кодын зерттеу бөлек адам ретінде, сонымен қатар тұтас ұлт ретінде ата-бабамыздың мәдени мұрасын түсінудің, адамды қалыптастыруға үлкен әсер ететін және кез келген ұйымның іс-әрекетіне бағдар туғызатын біртұтас халықтық жүйенің негізгі кілтінің бірі болып қалады. Мәдени код қана – адамның және әлеуметтің адамгершілігін көтермелейді, адамдар мен халықты мемлекетке жинайды – адамдар мен халықтар арасында лайықты қарым-қатынастар орната алады. Ал, мәдениетсіздік адамдар мен халықты бөлектендіреді, мемлекетті құлдыратады, ұлтты жояды.

Н. Добролюбов халық туралы: «Халықты біз тек табиғат сұлулығын жеткізе алатын, халықтан естіген жеңіл ұғымды қолдана алатын, әдеттер мен ғұрыптарды дұрыс ұсына білетін икемділік деп қана түсінбейміз, бірақ халықтық ақын болу үшін халықтың рухына ену, оның өмірімен өмір сүру, онымен тепе-тең болу, халық қандай қасиетке ие соны сезіне білу керек» деген екен [7, 5 б.]. Халықтың мәдени коды оның мінез-құлық реакцияларын түсінуге көмектеседі, халық психологиясын анықтайды. Жер шарының кез-келген халқы – алдымен өз елінің тұрғыны және оның ойлары мен сезімдері өзі тұратын елдің мәдениет тарихымен қалыптасқан. Бұл елдің жоғарыдан берілген осы ерекшелігі көптеген жағдайда олардың психологиялық реакцияларынан байқалады. Елдің мәдениеті біздің алаңдауымызға сезімдік деңгейде әсер етеді, нәтижесінде сезіммен байланысты өмірлік тәжірибе бізде сезімдік бейне қалыптастырады. Сезімдік бейненің пайда болуы ой

үрдісін негіздейді және біздің әрекетімізді айқындай түседі. Сезімдік бейне біздің шын мәнісінде нақты қандай екенімізді көрсетеді. Яғни, әр елдегі адамдар жалпы адами қасиетке ие болып, басқаларынан бөлек «ұжымдық бейсаналығына», «мәдени санасыздығына», «мәдени кодқа» ие болады.

Өзінің мәдениетінен тыс ешқандай да халық өмір сүре алмайды. Халықтық мәдениет кез-келген халықтың қайта өмірге келуіне қарсы тұра алуы қажет. Мәдениетті жою ұлтты жоюмен тең. Дәстүрлер тұмау сияқты ауада таралмайды, олардың жеткізілуіне таратушылар, сақтаушылар және дәстүрлерді сақтаушы бақылаушылар ретінде институттар қажет. Мысал ретінде еврей, сыған, қытай және т.б. халықтардың дәстүрлерін алуға болады. Мәселен, еврейлер әлемнің барлық жерінде таралған, синагоганың арқасында өздерінің тұрмыс-тіршілігін, өзіндік этникалық маналығын және мәдени ерекшеліктерін сақтап қалды.

Көптеген адамдардың өзі «халықтың мәдени коды» деген сөз тіркесінің мағынасын жақсы түсінбейтіндігінен бастаған жөн. В.И. Даль сөздігінде «код – құпия, құпия жазба, жұмбақ, шифр» делінген [4, 245 б.]. Америкалық психоаналитик Клотер Рапай «Мәдени код» кітабында: «Мәдени код – бұл мәдени санасыздық. Ол біздің санамыздағы қандай да бір түсініктермен байланысты бейнелердің жиынтығын анықтайды. Бұл айтылатын немесе нақты сезінетін нәрсе емес, ол біздің өзіміздің түсінігімізден жасырылған, бірақ біздің іс-әрекетімізден көрінеді. Бейнелер мағынасы әр түрлі мәдениеттерде сәйкес келмейді», – деп жазған [2, 18 б.].

Мәдени код санадағы стереотиптер кешенімен байланысты түрлер жиынтығын анықтайды. Бұл мәдени санасыздық айтылатын немесе нақты сезінетін нәрсе емес, ол түсініктен жасырылған, бірақ іс-әрекеттен көрінеді. Мәдени код ұлттың мінез-құлық реакцияларын түсінуге көмектеседі, халық психологиясын анықтайды.

Мәдени кодтың шығу тарихын зерттей келе мәдениет түрлерінде пайда болған кодтар анықталады. Олардың қатарына:

- жазуға дейінгі (дәстүрлі);
- жазбаша (кітаптық);
- экрандық (қазіргі кезең) [8, 11 б.].

Нақтырақ айтсақ, жазуға дейінгі мәдениет «жабайылық» және «тағылықтан» (Л. Морган және Э.Б. Тайлор терминологиясынан) тұратын үлкен «тарихқа дейінгі уақытты» қамтитынын білеміз. Осы орайда, мәдени кодтың қарапайым негізі ерте палеолитте (1 млн 40 мың жыл бұрын) пайда болды. Ары қарай оның параметрлері жаңа мазмұнмен толықты. Жазуға дейінгі мәдениетте мәдени доминантты код «мифологиялық» болып табылады. Алғашқы қауымдық қоғамда миф – бұл өмірді түсіну тәсілі емес, сонымен қоса пәндік, белгілік түрдегі пайымдау тәсілі рөлін де атқарып отырды. Миф кейінгі мәдениеттерде де сақталып отырды. Миф туралы сөз қозғағанда оның жазусыз мәдениетпен бірге бірігіп айналымға енгенін ескерген жөн.

Сонау ертеден тәрбие мен әдет-ғұрыпты арқау еткен мифтік мәтіндер табиғатты, әсіресе өз кезеңіндегі мәдениет ерекшеліктерін ынталандыра отырып, соған сәйкес теориялық танымның өркендеуіне себепші болды. Кейін мифке дін мен философия әсер етті. Әрине, бірақ миф уақыт ағынында жоғалып кеткен жоқ. Мысалы, қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түркі халықтарының арғы ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Көк бөрі туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері саналады.

Мифтік сана жоғалып кеткен жоқ. Оны қазіргі таңда да нақты мысалдармен көрсете аламыз. Түркі халқында, әсіресе қазақтарда «отқа әулиеше табыну бар», – деп Ш.Ш. Уәлиханов жазады [9, 335 б.]. Отқа түкіруге болмайды, сондай-ақ аттауға болмайды, оның орнын басуға, отты сабауға тиым салынған, тіпті өшіп қалған оттан аттауға болмайды. Олардың түсінігінше, әлемді тазартушы, болмыстың бастауы, мәңгілік өзгерістің үйлесімділік пен қарама-қайшылықтың, бір күйден екінші күйге өтудің рәмізі. Ол болмыстың мәңгілігінің белгісі. Сонымен қатар, от – үйдің киесі, шамшырағы, отбасының символы, қазандағы ырыстың қамқоршысы. Бұл дегеніңіз, от – мәңгілік өмір. Сондықтан жаңадан түскен жас келін үлкен үйдің отына тағзым етуге, сәлем етуге тиіс. Жас келін отқа еңкейіп: «от-ана, май-ана шапағатыңды тигізе гөр», – деп жалбарынып, жарылқау тілеп, отқа май құяды [10, 47 б.]. Жас нәресте дүниеге келгенде де дәл осылай баланы отқа жақындатып жалбарынады. Отты аса жоғары құрметтеудің белгісі отты «ана», – деп атау болса, майды да «ана», – деп атау кездейсоқ емес. Қазіргі түсінікке сай май оттың одан әрі маздап жануына әсер етеді, яғни үлкен үйдің үрім бұтағы одан әрі өсіп өркендей берсін, деген түсінік бар. Бұдан басқа тағы бір көзқарас, ол ұмай ананың май ана болып дыбысталуы. Қазіргі тіліміздегі май көне түркі тіліндегі Ұмайдың дыбыстық өзгеріске түскен тұлғасы. Бұл туралы ғалым Қ. Жұбанов былай деп жазады: «Ол дыбысы түсіп қалып, май деп айтылып кеткен. Қазақтың «От ана, май ана жарылқа дейтін, май әулие майсыз жарылқайтын қай әулие» – деген мақалы да осы ұғымнан туған [11, 131 б.].

Ұмай ана – қазақтарда құт берекенің қамқоры. Ұмай ана ертедегі Орталық немесе Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жанастырушысы, береке молшылықтың құдайы болған. Бұл әйел құдай көне түркілерде көк құдайы түркілерден кем емес. Көне ескерткіштерде тәңір ұмай қасиетті жер су жеміс берген екен. Күллі түркі жұрты Ұмай анаға бас иіп табынады. Ол ошақ басының желеп жебеушісі «Ұмай анаға табынсаң, ұл табасың, – деген мақал М. Қашқариде кездеседі. Болашақ ана босана алмай қиналғанда, «от ана, май ана, жарылқа, күнәм болса кеше гөр, түйіншегін шеше гөр», – деп отқа май тамызған [12, 78 б.].

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді. Мифтік уақытты басқа мәдени типтер

ауыстырған соң да тотемдік түсініктер халық жадында жоғалмай, архетиптік қызметін атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналған болатын. Мұның барлығы да, мәдени код белгілерінің сақталу шарттарының қуәсі екені айдан анық.

Оған қоса, алғашқы кезеңде мәдениетте мәдени код «есімдер жүйесінде» маңызды болды. Философ, мәдениеттанушы М.К. Петров атап көрсеткендей, «есім белгілі бір нұсқаулық немесе кітап ретінде қызмет етті. Бұл нұсқаулық ақсақалдардан есім тасушысына онымен бірге берілді. Алғашқы қауымдық адам үшін есім мен тұлға немесе затты білдіру арасындағы байланыс ерікті және идеалды қоғам болып табылмайды, керісінше шынайы, материалдық сезінетін болып табылады. Ол үшін заттармен әрекет ету сөз әрекетімен бірдей, сондықтан есім оның маңызды бір бөлігін құрайды» [13, 9 б.]. Оның түсінігінде жау тылсым күштердің арқасында оның есіміне әсер ете алуы мүмкін деп, жеке есімдерді құпия сақтап және қорғау керек. Тайпаның әрбір ер адамы, әйел адамы, баласы өмірлік әдетке айналған қолданыста болған өз аттарынан басқа ақсақалдар мен мәртебеге ие болғандарға ғана мәлім құпия есімдері туралы құбылыс кең таралған. Дәл осы салт кейінгі уақытарда, мысалы Ежелгі Египетте де сақталған. Египеттіктердің екі есімі болған: «шынайы» және «мейірімді». Біріншісі құпия сақталды, екіншісі бәріне белгілі болды. Осындай жағдайды бала брахмандар тобынан дүниеге келген кезде екі есім алатынын Үндістаннан да байқауға болады. «Ақпараттық оқшаулау», есімдерге тыйым салу олимпиадаға дейінгі мәдениетте есімдер мәдениетті жаңарту және кодтау механизмін білдіріп, есім – бұл заттаңба емес ақпараттың өзі екенін, есім шынымен де адамның осы қоғамдағы жағдайын және әлеуметтік-мәдени мәнін көрсетуімен байланысты болды. Олар әр түрлі әлеуметтік топтармен жүзеге асырылады.

Жаңа мәдени код мифологиялық кодқа қарағанда Қасиетті кітапта: ежелгі египеттікте үшін «Өлілер Кітабында», ежелгі иудейлер үшін «Ескі Інжілде», ежелгі ирандық-зоострийліктер үшін «Авестада», ежелгі үнді-брахманисттері үшін «Ведада» және т.б. мазмұны келтірілген тек діни әрекеттерде айтылған, өзінің ашық айтылу түрі бар. Оларда Құдаймен немесе өзінің Құдайына және әлемге қатынасын қалай білдіру керек екені туралы адамдарға тән заңдар мен ережелер жиынтығы жиналып қоймай, сонымен қоса әрбір халықтың өткен жағдайы зерделенеді және баяндалады. Осылайша мәдени код тарихқа қосылады. Осылай өткен, ежелгі және қазіргі осы дәуір өзінің Құдайымен немесе Біртұтас Құдайымен қалай байланыста болса, мықты біртұтасқа айналатын бір халықтың өмірін құрайды, қасында болады. Жазбаша мәтінде сиқыр-салтындағы орынды сөз сиқыры құрайды. Бұл сөздер абыздар мен дін қызметшісінің аузында басқалар түсінбейтін, барлық болмыстың, Құдайшылықтың және мәңгіліктің құпиялары сақталады.

Көне түркі дәуірінің мәдени, әдеби ескерткіштерін сөз етуден бұрын беретін келе қазақ халқын құраған тайпалық бірлестіктерінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік өмірі жайында бірер сөз айта кеткен дұрыс. Өйткені, өз өміріндегі қоғамдық өндірісте адамдар өздерінің дегендеріне қарамайтын,

белгілі бір, қажетті қатынастарда – өндірістік қатынастарда болады, бұл қатынастар олардың материалдық өндіргіш күштері дамуының белгілі бір сатысына сай келеді. Осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базисі болып табылады, осыған келіп заңдық және саяси қондырма орнайды және бұған қоғамдық сананың белгілі бір формалары сай келеді. Материалдық өмірдің өндіріс әдісі жалпы өмірдегі әлеуметтік, саяси және рухани процестерді туғызады. Адамдардың санасы олардың болмысын бейленейді, қайта керісінше, олардың болмасы олардың санасын билейді. Орта Азия мен қазіргі Қазақстанның кең байтақ даласын алғашқы қауымдық құрылыс тұсында-ақ аңшылық, егіншілік және мал шаруашылығымен айналысатын түрлі тайпалар мекен еткені тарихтан жақсы мәлім. Бұл өлкенің табиғаты, ауа-райы, кен байлығы ежелгі адамның тіршілігіне қолайлы болған. Сонау қола дәуірінің өзінде түрлі тайпаларынан мал өсірушілердің бөлініп шығуын Ф. Энгельс қоғамдық алғашқы ірі еңбек бөлінісі деп атады. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мың жылдықтың бас кезінде-ақ қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстік және шығыс аймақтарын мекендеген, тарихта сақтар деген атпен белгілі тайпалар өздерінің қоғамдық даму дәрежесі жағынан мемлекеттік құрылыс сатысына таяп қалған еді. Оларды мал өсіру және егіншілікпен қатар темір қорыту біршама дамыған болатын. Сол кезде-ақ, қызыл-қоңыр және магнитті темір рудасын кеңінен пайдаланған сақтар қола мен темірден түрлі қару-жарақ (найза, семсер, айбалта, садақ жебелері, дулыға т.б), үй шаруашылығына қажетті және зергерлік бұйымдар жасаған.

VIII ғасырдан бастау алғанымен, X ғасырдың екінші жартысында арғы қазақ тайпалары тарихи шынайы тандау жасап, ислам дінін қабылдады. Міне, осы кезеңнен бастап қазақ жері ислам өркениеті тараған аймаққа айналды. Сунниттік бағыттағы мұсылман діні қазақ халқы рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды. Негізінде, қазақ халқы мәдениеті мен тарихындағы ислам дінінің рөлін екі аспектіде қарастыруға болады. Бір жағынан алғанда, құлдырап бара жатқан нанымдардың орнына келген ислам діні адамдардың адамгершілік тұрғыдан биіктеуіне, интеллектуалды және мәдени ілгерілеуіне ықпал етті. Әсересе, бұл дін ұлттық сипаттағы ең үздік қасиеттердің қалыптасуына оң әсер етті. Келесі жағынан алғанда, исламнан нәр алған халық тарих белестерінде өзіндік орнын жоғалтпау үшін мәдени күреске ұмтылды. Өйткені, бұл кезеңде қазақ жұртына қиыр шығыстық және христиандық дәстүрлер пәрменді ықпалын тигізіп, тұрақты қысымға алып отыратын. Ал ислам діні осыларға қарсы қойылған «сауыт» қызметін атқарды, ұлттық «мәнді» сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Қазақ даласында «Құран», «пайғамбар», «шариғат», «ислам» сөздері үнемі айтылып жүрді. Араб-парсы классиктерінің шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырында қазақ халқы араб жазуын пайдаланып келді. Соңынан мұны Ахмет Байтұрсынов реформалап, өзіндік «төте жазуға» айналдырды, оған қазақтың төл дыбыстарын білдіретін таңбалар ендірі. Қазақ мәдениетінің

майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері ерекше болды. Қожа Ахмет Яссауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды.

Орта ғасырда мәдени кодты қайта құру және өзгерту христиандық Еуропада XV-ғасырдың екінші жартысында және кітап шығарумен байланысты басталады. Баспалы кітап тиражы болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің мәдени жадының кодын меңгеру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Осындай маңызы бар өзгерістердің бірі сауатты адамдар үшін барлығына қолжетімді мәтінге айналдыру, латыннан неміс және басқа тілдерге аудару нәтижесінде пайда болған Інжілдің Қасиетті мәтінін десакрализациялау болды. Жаңа мәдени кодты қалыптастыруда ғылым маңызды әсер етті. Оның нәтижесі – сенімді, тәжірибелік тексерілген, рационалды білім мәдени жат механизміне енгізілді, оны қайта құрды.

XVII – XIX ғасырларда белгілер табиғаттың және адамның түрленуінің тәжірибелік тәсілі ретіндегі ғылыми теориясы Батыс Еуропаның мәдени код негізіне жатады.

Мәдени код түсінігіне «қара сиқыр бойынша маман» және «бизнестегі қара сиқыршы» Клотер Рапайдың «Мәдени код. Біз қалай өмір сүреміз, не және неге сатып аламыз?» атты кітабы арналған. Клотер Рапай үшін мәдени код – ол машина болса да, тамақ, қатынас болса да, тіпті мәдениет контекстінде біз тәрбиеленген ел болса да «бұл құбылыс немесе басқа заттардың санасыз ойы» деп түсіндіреді. Осыған қатысты белгілі жарнамашы А.П. Репьев оған өзінің сындық пікірінде: «Әлеуметтік тәжірибені беру тәсілі «мәдени код» деп аталады. Мәдени код – бұл сол кездегі мәдениет ғасырында әлем туралы білімін, дағдыларын, оқуын жеткізу тәсілі. «Код» түсінігі алғаш рет байланыс техникасында, есептеу техникасында, кибернетикада, математикада, генетикада пайда болды. Кодтаусыз табиғи тілді құру, машиналық аударма жасау, шифрлеу және текстті дешифрлеу мүмкін емес. Мәдениет теориясында бірінші орынға мазмұн жоспары және мәдени мәтіндерді түсіну алға шығады, сондықтан «мәдени код» түсінігі осындай дәрежеде өзекті болады және анықтауды қажет етеді» [15, 32 б.].

Клотер Рапай адамдардың әлеуметтегі (оның ішінде тұтынушылық) мінез-құлқы мен халықтық мәдениеті арасына байланыс орнатты. Ол мұны шай ішудің дәстүрлі мәдениеті бар жапондықтарды «Nestle» кофесін сатып алуға мәжбүрлеп, оның үстіне оның сатылымын көбейтіп, тәжірибе жүзінде көрсетті. Сондай-ақ, ол оларды мәжбүрледі, нәтижесінде қарапайым бала дәрігерінен миллиардерге айналды. Бұдан, ұлттың мәдени санасыздығына араласуға, өзгерістер енгізуге, тіпті мәдени кодты қайта кодтау мүмкіндігі бар екендігін көруге болады. Әрине, ол тек қана «қысым арқасында» ғана емес, сонымен қатар басқа да мәдениеттердің әсерінен өзгереді. Клотер Рапай 1970 жылдары Nestle ерігіш кофесін Жапонияда жылжытуда алынған қорытындыларын қолдануға ұсыныс тастағанда өзінің импринтинг

теориясын маркетинг саласында қалай жұмыс істейтінін тексере алды. Жапондықтар дәстүрлі шай ішетіндіктен, олардың мәдениетінде кофені жылжытуда көмектесетін бейнелерді табуға тура келді. Ол алдымен «басқа планетадан келген келімсектің ролін ойнады» және жапондардан кофе деген не екенін сұрады. Содан кейін, журналдан қиып алынғаннан сөздерді қолдана отырып кофе тақырыбында коллаж құрауды сұрады. Соңында ол тыныш музыка қойып, қатысушыларға жатуды және еркін ұстауларын ұсынды. Олар ұйқыға таяғанда зерттеуші олардан кофемен алғашқы таныстығы, осы тәжірибеден алған әсері туралы айтуды сұрады. Бұл тәжірибеден эмоцияның орын алуын байқаймыз. Себебі, эмоциялар – таным кілті. Эмоция күшті болған сайын, тәжірибе одан ар қарай игеріледі деген тұжырымға келеміз. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша, Рапай жапондардың кофеге деген ешқандай эмоционалды байланысы жоқ деген қорытындыға келді: олар үшін бұл мүлдем таныс емес өнім. Сондықтан, бастапқы да жоспарланғандай Жапонияда кофені шайдың орнына ауыстыру мақсатында жылжытуға тырысу мүлдем пайдасыз болды. Алдымен эмоционалды байланыс қалыптастыру керек. Психологтың қорытындысын назарға ала отырып, Nestle өз өнімін құрамында кофеин жоқ, кофе дәмі бар балалар десертін жасауды бастады. Клотер Рапай ары қарай декодирлеу немесе мәдени кодты ашу бойынша ұқсас 300-ден астам зерттеулер жүргізді. [2, 26 б.].

Мәдени кодтар – бұл ұжымдық санасыздық архетиптерінің шифры және шындықты қабылдау стереотипі мен ондағы мінез-құлық үлгілерінің үстемдігін анықтайтын ұлттың құндылық жүйесінің кілті.

Әр түрлі халықтардың әр түрлі заттарға мәдени нормалары мен қатынастары әр түрлі болуы мүмкін екенін танымал маркетинг және психолог Клотер Рапай «Мәдени код: біз қалай өмір сүреміз, не сатып аламыз және не үшін?» атты өз кітабында жақсы көрсетті. «Бизнестен қара сиқыршы» деп атайтын Клотер Рапайдың кітабында маркетинг призмасы арқылы талданатын әр түрлі халықтардың ментальды карталарының құрылым ашылып көрсетіледі. Мұндай тәсіл әлемнің әр түрлі елдерінде тұтынушының психологиясына салмақты және прагматикалық көзқарас алуға мүмкіндік береді және ұлтаралық бизнес үшін керемет бағдар қызметін атқарады.

XX ғасырда мәдени кодтың негізгі құрамының әсерін жаңаша ұйымдастырып экран мәдениетінің кодтары қалыптаса бастады. Бұрынғы мәдени түрлерде табиғатты меңгеруге бағытталған заттылық толықтай «екіншілік заттармен» – компьютерлермен, байланыстың ақпараттық жүйелерімен, ақпараттық банктермен және т.б. тұйықталады. Белгілік те өзінің әрекет етуін кеңейтеді: сөз, үлгі, белгі-сурет іздеуде шығармашылық әрекетке жаңадан жол ашып, экрандағы символ жаңаша жүзеге асады. Экран мәдениетімен қалыптасатын мәдени код негіздері идеалдылықта жаңашаланады. Жаңаша ойлау үшін логикалық және бейнелік, ұғымдық және көрнекі синтезі, «интеллектуальды бейнелік» және сезімдік моделдеуді қалыптастыруды «тұтастыру» тән болды. Әрбір мәдени түрде де жаңа,

екіншілік мәдениет кодтарын, олардың әлеуметтік кодтармен құрылымдық байланысын өзгертуге және қайта жаңғыртуға дайын негізгі мәдени код бар. Сондықтан да, қазіргі қоғамдағы мәдени код белгілерінде өзіндік жаңару айқын көрінеді.

Өткен жарты ғасырдан бері «мәдени код» түсінігінің анықтамаларының саны артты, тіпті не туралы айтылып жатқаны бірден түсінікті болмай жатады. Бұл ең алдымен «мәдени код» ұғымы мен оның қызмет атқаруының арасындағы өзара байланыстың күрделілігімен түсіндіріледі. Сонымен бірге, көрсетілген жағдай оны екі әдіс көмегімен зерттеу міндеттерін алдымызға қоюға мүмкіндік береді.

Бір жағынан, мәдени кодты гуманистік тұрақсыз шама моделі ретінде сипаттауға болады. Бұл өзіне тән формада зерттеуші үшін феномен болып қарастырылады. Осы бір жағынан, жалпыға бірдей және манифесттік анықталған, табиғаты қоғамда тұрақталған өзіне тән сипатты ерекшеліктерге бағынған артефакттарды қамтиды: әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, қате түсініктер, стереотиптер және т.б.

Басқа жағынан, жаңа мәдени код феномені қоғамның демократизациясымен және ең соңғы әлемдік жаһандану үрдістерімен байланысты болып жатқан қоғамдық мәдени алға басулардың салдарынан бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан өзгерістерді қамтиды.

Осылайша, қоғамда пайда болатын және бекітілетін мәдени код формалары феномен имманенттілігінің теріс жағы ретінде қабылдануы мүмкін және оларды түсініктік анықтауда құбылыс деп сипаттауға болады. Басқаша сөзбен айтқанда, жаңа мәдени код феномені құбылыспен зат және ол туралы пікір сияқты өзара қатынаста болады.

Мәдени кодтың заманауи қоғамда қызмет атқаруын зерттеу үшін жаңа мәдени кодты құбылыстың дерексіздігінің қосындысы және феноменді жалпылау шаралары ретінде қарастыру мақсатқа сәйкес болады деп есептейміз. Қазіргі заманғы мәдениеттануда тікелей немесе жанама түрде күнде кездесіп тұратын ұғымның мәнін бекіту үшін жоғарыда айтылған жағдайлардың маңызды рөлін түсіну мен мәдениет тарихы және теориясындағы мәдени кодтың ұғымдық табиғатын анықтау тәжірибесіне сүйене отырып анықтама беруге талпынамыз.

Француздық структурализмнің танымал өкілдерінің бірі Роллан Барт (1915–1980) белгілі «S/Z» 1970 жылғы атты кітабында біріншіден, «код» түсінігінің өзі, екіншіден, кодтың бес түрі: герменевтикалық, нарративтік, символдық (хабардың мағынасы пайда болатын ең қарапайым белгі бірлігі) және референциондық туралы болжам жасағаны белгілі. Бірінші екі түр ғана сюжет құрылуының дәстүрлі аясына жатады (құрылымдық поэтиканың элементтері секілді), қалған үшеуі коннотативтік табиғатқа ие екені де белгілі. Тілде (мәтінде, дискурста) коннотативті мағыналылардың қабатын ерекшелей отырып, Барт оларды идеологиямен байланыстырады: «коннотативті мағыналылар үшін ортақ аймақ идеологияның аймағы болып табылады» [16, 4 б.]. Коннотативті мағыналылар денотация тұрғысына

жатады. «Оны мағыналы коннотатор деп, ал коннотаторлардың жиынтығын – риторика деп атайық, осылайша, риторика – идеологияның мағыналы жағы» [16, 6-7 бб.]. С.Негимов былайша бағалайды: «Олар риториканы – шешендік, эвристиканы тартыс өнері, диалектиканы – дәлелдеу өнері дәрежесіне жеткізді», – дейді. Шынын айтқанда, Барт бойынша идеология коннотативтік мағыналылардың формасын, ал риторика – коннотаторлардың формасы болып табылады. Барт бірінші болып идеологияны коннотациямен дәйекті түрде байланыстырғаны белгілі. Ассоциативті коннотациялар класына барттың символдық қана емес, референциондық кодтар (күштарлық коды, мәдениет коды, тарих коды, мәдени код және т.б.) да жатады және бұл өз кезегінде бәріне мәлім ақиқаттар сөздігін құрайды [17, 3 б.]. Барт осыған ұқсас барлық танымдарды жинақтасақ, нәтижесінде, құбыжықты жасап шығарамыз, және бұл құбыжық идеологияның дәл өзі болып шығады. «Идеологияның фрагменті бола отырып, мәдени код өзінің таптық шығу тегін белгілі бір табиғи референцияға, мақал сияқты констатацияға нақтылы түрде көрсетеді». Г. Косиков атап өткендей, барттық код осы терминнің лингво-семиотикалық қолданылуына маңызды қатынасқа ие емес («код»/«хабарлама» және т.б.), оның «коды» – мәтінге айналатын әр түрлі мәдени «дауыстар» орналасатын «цитациялар кеңістігі», диапазон. Барт бойынша мәтін тұрақты белгі емес, алайда оны пайда болуының шарты, туынды өсіп-өнетін өзіндік құнарлы орта, классификацияға да, стратификацияға да ұшырамайтын, нарративті құрылымданбайтын, орталығы мен түбі, басы мен аяғы жоқ кеңістік, гетерогенді мәдени кодтар еркін «ойын» кездесетін көптеген кіретін және шығатын жерлері (олардың біреуі де «басты» болып табылмайды) бар кеңістік екенін естен шығармау қажет [18, 11 б.].

Г. Кнабе берген анықтама бойынша, мәдениет семиотикасы қоғамдық және мәдени-тарихи сфераның әр құбылысын, соның ішінде, мәдени кодты оның (құбылыстың) объективті берілген материалдық (пластикалық, сөздік, музыкалық және т.б.) репрезентациясымен байланыстының барлығын қарастыруға және оның мазмұнында біз бастан өткізген тәжірибемен анықталатын тарихи және сонымен бірге экзистенциалдық және мағыналарды табуға мүмкіндік береді [19, 57 б.]. Қарапайым мәтіннің, оған қоса «көркем мәтіннің» өмірі, оның тіршілігінен айырмашылығы, белгілі бір көпдауыстылық интермәтін, мәдени кодтың маркері жасырынғандығында болады, және көрермен («оқырман») өзінің де, мәтіннің де жалпы мәдени ортаға қатыстылығы дәрежесіне байланысты көреді, осы нәрсе берілген мәтінді мәдениет факторы етеді.

Соңғы жарты ғасырда «Барттан кейінгі» мәдени кодтың анықтамаларының бірнеше нұсқасы жинақталған. Мысалы, Б. Кононенконың анықтамасы бойынша мәдени код дегеніміз, бір жағынан, мәдениеттің берілген түрін (жазбаға дейінгі, жазба, экранды кезең) түсінуге негіз, екінші жағынан, адамның материалдық және рухани іс-әрекетінің кез-келген нәрсесінде болатын белгілер (символ) мен мағыналар (және олардың

комбинациясы) жиынтығы. Сондықтан, мәдени код мәннің мағынаға айналуын түсінуге мүмкіндік береді [20. 455 б.]. «Мәдениеттану» тақырыптық сөздігінде И. Горелова мен Н. Лысенко ұқсас анықтама береді [2, 41 б.]. Американдық зерттеуші К. Рапай «Мәдени код» кітабында келесі анықтаманы ұсынады: «Мәдени код – бұл мәдени бейсана. Ол біздің санамыздағы кез-келген түсінікпен байланысты бейнелер жинағын анықтайды. Бұл біз айтатын немесе нақты түсінетін нәрсе емес, өзіміздің түсінуімізден жасырынған, бірақ біздің амалдарымыздан көрінетін нәрселер. Әр түрлі мәдениеттерде бейнелердің мағынасы сәйкес келмейді» [21, 67 б.]. Кинорежиссер А. Кончаловский сұхбаттардың бірінде К. Рапайдың анықтамасын дәйексөз ретінде келтіреді [22], және мәдени код халық ата-бабасынан мирас болып қалған, бірегей мәдени ерекшеліктер екенін; мәдениетті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, қандай да бір формада кодталған ақпарат деп қосып айтып өтті. Бұл кітапта мәдени кодтың бірегей ең жарқын мысалы АҚШ-та және Франциядағы ірімшік сияқты әмбебап өніміне қатысты тұтынушылар қажеттілігінің айырмашылықтарын талдауға арналған негіз болып табылады. Тіпті біздің кездейсоқ әрекеттеріміз тұптамасымен біздің ментальды жолымызға кетеді. Біз күніне жүз рет не киеміз, не жейміз, қайда барамыз, не айтамыз және т.б. осы сияқты сұрақтарды шеше отырып, осы байланыстарды қолданамыз. Көбі жабық есікті ашатын код – шифрлар жұмыс істейтінін білмейді.

Сандарды білу аз, олардың реттілігін, жиілігін және т.б. білу керек. Әрбір сөздің, әрбір істің және әрбір символдың – өз коды бар. Біздің миымыз автоматты түрде санасыз деңгейде осы кодтарды таңдайды, бірақ біз неге басқаша емес дәл осылай ұстайтынымызды түсіну үшін оларды ашуға, анықтауға болады.

Әр түрлі мәдениетте мағыналар өте қатты бір-біріне келмейді. Сондықтан да кодтар ажыратылады. Мысалы, Францияда ірімшік «тірі зат» ретінде қабылданады. Француздар ірімшікті қалай таңдайтынын және сақтайтынын еске түсірсек мұны оңай түсінуге болады. Олар арнайы дүкенге барып, дегустациядан өткізеді, сақтау уақытын анықтау үшін ірімшікті иіскейді. Таңдалған ірімшікті үйіне апарып, қоңырау түріндегі ерекше қалпақтың астында бөлме температурасында сақтайды. Қалпақ жәндіктерден қорғаныш қызметін атқарады, ал оның кішкене тесіктері ауа циркуляциясын қамтамасыз етеді. Ал, Америкадағы ірімшіктің коды – өлі. Бұл Америка контекстінде табиғи болып табылады. Америкалықтар ірімшікті пастерлеп өлтіреді. Себебі, пастерленбеген ірімшік өндірісіне тыйым салынған. Кейін, пластик ыдысқа қаптайды да (мумиялау сияқты), тоңазытқышқа тығыз жабылған күйінде сақтайды. Міне, осындай күнделікті тұрмыстағы жайттардан-ақ мысал ала отырып, мәдени қолданыстағы айрықша дүниелерге көз жеткізуге болады. Еуропада Брюсселдегі бюрократтар тұтандырған Еуропалық Одақ елдеріне пастерлеу шартын енгізу туралы әңгімелер жүріп жатыр. Француздар үшін ірімшік кодын және пастерлеу үрдісінің мәнін біле отырып, бұған Францияда қалай қарағанын табу қиын

емес. Қызу реакция болды, адамдар қарсылық демонстрациясына шықты. Француздарды ірімшікті пастерлеуден өткізуге мәжбүрлеу кодпен қарам-қайшы түрде жүрді. Бұл барлық азық-түлік өнімдеріне қатысты. Америкалықтар тағам қауіпсіздігі сұрақтарына шын уайымдайды. Қоғамды сапасыз тағам өнімдерінен қорғау үшін көптеген процедуралар, сақтау мерзімі, реттеуші комиссиялар бар [2, 45 б.].

Француздарды дәмдік қасиеттер көбірек алаңдатады. Францияда құсты дайындаудың *faisender* деп аталатын әдісі бар. Қырғауылды (аты осыдан шыққан) немесе басқа құсты алып, ыдырағанға дейін қармаққа іліп қояды. Көптеген америкалықтар осындай ойдан шошитын еді, бірақ француздық шеф-аспаздар құстың дәмін жақсартатындықтан осы әдісті қолданады. Мұнымен қоса аспаздарды да, дайындалып жатырған адамдарға да қауіпсіздік сұрақтары алаңдатпайды. Әрине мұндай аспаздық әдістер үшін ақша төлеуге тура келеді. Жыл сайын Францияда Америкаға қарағанда сапасыз тамақтан көп адамдар өледі және Францияның халқы бес есе аз екені белгілі.

Қазақстандық дәстүрлер тамақ тұтынудан қай мәдениетке жақын? Өте қатал таза және қауіпсіз америкалықтарға ма, әлде барынша сезімтал француздарға ма? Бұл сұраққа жауапты дұрыстап зерттеуді қажет етеді.

Мәдениетті өзіне адам ретінде елестетуге болады. Ол дүниеге келеді, ер жетеді, жетіледі. Бірақ оған дейін ол ауыспалы кезең – бүлікшілік кезеңді басынан өткізеді. Көптеген мәдениетте бүлікшілік басқарушылардан физикалық жапа шегу ретінде көрсетілді. Француз королі Людовик XVI өлім жазасына кесілуін еске алсақ та жеткілікті. Америка басқа жолмен кетті: ол өз королінен бас тартты, бірақ оның өміріне шабуыл жасамады. АҚШ мәдениеті сол күйінде «жасөспірімдік» даму кезеңінде қалды. Америкалықтар өздерін жасөспірімдер ретінде ұстайды. Олар қазіргімен өмір сүреді және болашақты елемейді. Олардың энергиясы тасып тұр. Олар өздерінің танымал жұлдыздары мен көсбасшыларына қатты ғашық болады да және олардан тез суып кетеді. Олар оңай жаңа нәрселер ойлап табады, бір уақытта көптеген жобалармен қатар айналысады, бірақ оларды соңына дейін жеткізбейді. Әлем нарығындағы ең танымал америкалық тағамдар – бұлар қарапайым жасөспірімнің жиынтығы: газдалған су, фастфуд, джинсы, кроссовка, төбелес және атыс туралы фильмдер. Басқа ұлттар АҚШ-ты көбі жасөспірім бейнесімен байланысты әр түрлі байланыстар призмасы арқылы қабылдайды. Француздар Голливудтың үстіртінділігін және ой байлығын көреді, бірақ Айға ұшу сияқты ұлы техникалық жетістіктерін мойындайды. Нәтижесінде олар Американы ғарышты бағындырушылар ретінде қабылдайды. Немістер екінші дүниежүзілік соғысты және америкалық солдаттардың батырлығын есте сақтайды. Мұнымен қоса олар америкалықтарды бейқам және ұқыпсыз санайды.

Сондай-ақ, К.Рапай мәдени кодты әрбір жағдайларға байланысты жіктеп қарастырған болатын. Мысалы, махаббат, денсаулық және жастық коды секілді ұғымға талдау жасай келе, америкалықтардың махаббатқа деген

көзқарастары да жасөспірімдік жетілмеуімен сипатталады. Олар үлкен үмітпен және сәтсіздіктен қорқумен байланысты. Махаббаттың америкалық мәдени коды – «алданған күту». Бұл зергерлік бұйымдар жарнамасында жақсы қадағаланады. Бір жағынан олар ұзақ жылдар бойғы адалдығына деген сый ретінде ұсынылады, бір жағынан – егер ортақ өмір сүру ұзаққа созылмаса, онда сәтті салым ретінде қарастырылады.

Ал, француздарда махаббат сүйіспеншілікпен тығыз байланысты, ал адалдық «некедегі адалдық» дегенді білдірмейді. Италияндықтар ең шынайы махаббат деп ана махаббатын есептейді. Романтикалық қатынастарды олар қуаныш көзі ретінде қабылдайды. Жапонияда махаббат тақырыбы әдепсіз болып саналады. Жапондар үшін неке – жастардың құштарлық байланысын жалғастыратын дүние емес, олардың ата-аналарының тиімді таңдауының нәтижесі.

Қазақ халқында өзге ұлттарға қарағанда «махаббат» ұғымы ауқымды болып келеді. Отанға, туған жерге деген махаббат, ата-ана мен бала арасындағы махаббат, анаға деген махаббат, ағалық махаббат, ерлі-зайыптылардың арасындағы махаббат және т.б. Бұл махаббат түрлерінің басты ерекшелігі – шынайы болуында. Мысалы, аналық махаббатты алып қарайтын болсақ, кез-келген әйел адам ана бақытына бөленуді аңсап, сол қиялындағы ойына жеткенше асық болатындығын айта аламыз. Одан кейінгі, бала дүниеге келгеннен кейінгі оның сезімін тіптен сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сол сияқты, басқа да махаббат сезімдері қазақ қоғамында пәктігімен, шынайы сезімнің болуымен ерекшеленеді.

Адам миының әр түрлі бөлімдері қарама-қайшылыққа түскен кезде «репильді ми» жеңіске жетеді. Бұл бөлім адамның тек базалық қажеттілігі – тірі қалу және көбеюге жауап береді. Қоғамда әр түрлі мәдени кодтар арасында қайшылық туындаған кезде жеңіс тірі қалумен байланыстылар жағында болады.

«Француздар америкалықтар туралы айтқан кезде олар инопланеталықтар туралы айтып жатқандай сезім қалыптасты». Репильді ми жұмысымен денсаулықтың және саулықтың америкалық мәдени кодымен негізделген. Америкалықтар белсенді және прагматикалық кей кейіпте өмір сүреді. Олар үшін өмір сүру әрекет ету және үнемі бос болмау. Сондықтан олардың денсаулық мәдени коды – «қозғалыс». Оның тоқтауы өліммен тең. Сондықтан да АҚШ-та қарт адамдар сырғытқы-креслоға отырудың орнына, жаяу жүріп қиналып, ұтқырлық және тәуелділікті жоғалтумен қатты күреседі. Америкалықтар ауруханаларды жағымсыз қабылдайды: онда қозғалуға болмайды, тек жатуға болады.

Америкалықтар – үнемі жас болып көрінетініне сенімді ұлт. Бір жағынан бұл жасөспірімдік мәдениеттің әсері, бір жағынан – ел өте қысқа тарихқа ие. Бірақ АҚШ тұрғындары үшін жас болып қалу тек сергек көріну емес, сонымен қоса жас көріну. Бұл жағынан америкалықтардың пластикалық отаға қызығушылықтарымен түсіндіріледі. Кейбір өндірушілер бұл кодты өздерінің тауарларын сату кезінде сәтті қолданады. Мысалы, Mazda Miata

көп жыл бойы жастарға арналған автокөлік ретінде көрсетіледі, бірақ бұл үлгіні сатып алушылардың орташа жасы – 55 жас. Ұлыбританияда жастық шақ жетілмеушілік пен қателіктермен байланысты. «Санасыз күйде америкалықтар жақсы адамдар табысқа жетеді, сәттілікті Құдай жібереді деп сенеді. Егер сіз табысты болсаңыз – демек Құдай сізді жақсы көреді». Үндістанда бұл тек өмірдің бір кезеңі деп қарастырылады және оны барынша тезірек өту керек. Бұл елдерде барынша жас көріну ақымақтық деп қабылданады. Міне, осындай жан-жақты дамыған кодты меңгергеннен кейін сіз енді әлемге бұрынғыдай қарай алмайсыз, керісінше мәдени код ерекшеліктерін, әр ұлттың өзгешелітерін анықтағыңыз келіп тұрыды.

Келесі сұлулық, салмақ және тамақ кодына тоқталсақ, әрбір мәдениет бір-біріне қарама-қарсы тұратын көптеген өзіндік архетиптерді ұсынады. Мысалы, француз мәдениетінде бостандық түсінігіне шектеу немесе тыйым қарсы болмайды, артықшылық болады. Француздар үнемі ақсүйектермен олардың артықшылықтарымен, олардың ішінде жұмыс істеу қажет еместермен күресіп келді. Олар өздерінің бостандығы үшін күресті. Бүгінде ол күресу жұмыс күнін қысқарту, әлеуметтік кепілдіктер беру шарттары ретінде көрінеді. Бірақ бұларды жаңа «ақсүйектік» артықшылықтар десе де болмай ма?

«Мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа берілетін тірі қалу әдісінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады» [23, 35 б.]. Америкалық мәдениетке де өзіндік ішкі жанжалдар тән. Америкалық әйелдер әдемі болу және тым сексуальды көріну арасындағы қажеттілікті теңестіріп отырады. Бұл қайшылықтар контекстке байланысты өзгертін қиын кешенді ережелердің туындауына әкеледі. Victoria's Secret бренді бұл екі қажеттілікті де қанағаттандырады. Әйел адамдар киімінің ішінде жасыратын іш-киімдерімен де сексуальды болуы мүмкін. Бұл қайшылық тіпті бренд атауында да бейнеленген: Виктория есімі викториандық тәкаппарлықпен және қатаң мінезбен байланысты, ал «құпия» жасырын сексуалдылықты меңзейді. Америкалық мәдениеттегі тағы бір жанжал артық салмақпен байланысты. Оған қойылған мақсатқа жетудегі ұмтылыс, белсенді өмірлік ұстаным, қатынас қарсы тұрады. Артық салмақтың мәдени коды – «қашу» болып табылады. Артық салмақтар әр түрлі өзіне алынған міндеттерден қашу туралы мәлімдейді. «Өзіндік ниеттен бас тарту туралы өзіндік тілекті мойындағанша, бәріне артық салмақ кінәлі деп» құрбанның рөлін таңдаған оңайырақ. Америкалықтар өздеріне өте жоғарғы талап қоятындықтан, артық салмақ статистикасы таңсық жағдай емес.

Олардың түсінігінде егер кімде-кім мәдениетке жаңадан бірдеңе әкелуге ұмтылса, онда идеяны мәдениетке бейімдеу керек. Әйтпесе ештеңе жүзеге аспайды деген негізгі ой қалыптасқан. Не үшін АҚШ-та тез тамақтану мейрамханалары ойлап табылды? Себебі, тамаққа деген қатты эмоционалдық бауыр басу. Егер денсаулық – бұл қозғалыс болса, онда тамақ – бұл жанаржағармай. Америкалықтар тоқтық сезімін, француздар сияқты тамақ дәмінің сезімін бағалайды. Америкалықтар ұлт ретінде аштық пен алғашқы

коныстанушылардың басынан өткен ауыртпаушылықтарды есте ұстайды. Олар әлі күнге дейін ойдың қажетіне қарай «қор жинап қоюға» тырысады. Яғни, тамақ эмоция деңгейінде америкалықтарда ана махаббатымен байланысты. Тоқ болу – демек сүйікті болу.

Тағы да мәдени кодтың басты түр ерекшеліктерінен сапалық кодқа, яғни сапа кодын атап өтсек болады. 1980 жылдары жапон экономикасы гүлденген кезде, америка бизнесі атаулы қиындықтармен тұтас келді, АҚШ сапаға деген жапон таңдауын алуға шешім қабылдады. Сапаның әр түрлі мәдени коды үшін талпыныс сәтсіздікке ұшырады. Америкалықтарда сапа функциональдықпен (мәдени код: “бұл жұмыс істейді”), ал жапондарда – мінсіздікпен байланысты. Америкалықтар мінсіз өнім шығаруға талпынбайды: бастысы – олар өздерінің қызметін орындаса болды. Олар егер өнім жұмыс істемесе өнімнің мінсіздігін қажет ететінін көреді, егер жұмыс істесе, онда олар өз назарын басқаға аударады. Сондықтан да АҚШ-та Hyundai автокөліктері үлкен сұранысқа ие. Өндіруші оған онжылдық сақтандыруды және жолдағы көмекті ұсынады. Өнімнің мінсіз еместігін мойындай отыра, ол өз қызметін орындауға кепілдік береді. Көптеген ұрпақтардың өмірі бойына айтарлықтай ештеңе болмауы мүмкін. Бірақ мәдениет өзгеріске ұшыраса, онда күшті бекітілген бейнелер арқылы – біздің миымызда өзгереді.

Мәдени код әдісін ұғыну бес ұстанымға негізделеді:

- адамдардың айтқанына сенуге болмайды. Көптеген өндірушілер фокус-топтардың көмегімен тұтынушылардың қажеттіліктерін табуға тырысады, бірақ мұндай зерттеулер сенімсіз. Кез-келген жауап бұл – біздің ойлауымыздың, біздің санамыздың нәтижесі. Бірақ біздер шешімді санасыз деңгейде қабылдаймыз. Бұл деңгейде бізді логика емес, эмоциялар басқарады. Сондықтан осы немесе басқа объектті қандай эмоциялар туғызатынын білу керек, оның мәдени кодын не үшін ашу керектігін ұғыну керек.

- таным негізі – эмоциялар. Адам бәрінен бұрын қатты уайымдауларды еске сақтайды. Эмоциялар біздің миымызда ментальды байланыстарды бекітуге және орнатуға мүмкіндік береді.

- құрылым мазмұннан маңыздырақ. Ән қандай музыкалық құрылғымен ойналса да, оның әуені сол күйінде қалады. Бұл әннің құрылымы. Chrysler үшін мәдени кодтың ұғынуын өткізген кезде автор осы өндірушілердің автомобилдері респонденттерде қандай байланыс туғызғанын емес, олардың жүргізу тәжірибесі қандай эмоциялармен байланысты екендігіне назар аударды.

- мәдени кодтарды меңгеру периоды шектеулі. Мәдени кодтар жеті жасқа қарай меңгеріледі. Дәл сол кезде бала кішкентай жапондық немесе американдық болады. Бұл балалар өмірінің алғашқы жылдарында өте күшті эмоцияның әсерін сезінетіндігімен байланысты, яғни бір ғана мәдениет – әр үйде қоршаған ортасының әсеріне ұшырайды.

Осы немесе басқа мәдениетте бекітілген бейненің мағынасын түсіну үшін оның мәдени кодын ұғыну керек. Әр түрлі мәдениеттің өкілдері бір түсінікті немесе объектті әр түрлі қабылдайды, мысалы автомобиль. Америкалықтар үшін оның машинасы айрықша қасиеттерімен ерекшеленгені бәрінен маңызды. Сондықтан АҚШ-ғы автомобильдің мәдени коды – «жекелік». Chrysler PT үлгісі осы кодтың негізінде жасалған болатын. Немістер үшін бірінші орында автомобильдің сенімділігі, сапасы тұрады. Сондықтан оның Германиядағы мәдени коды – «техникалық сипаттамалары». Chrysler PT бұл параметрлерге сай келмейді. Үлгіні іске қосу сәті кезінде Chrysler концернін немістің Daimler Benz концерні сатып алған болатын. Неміс басшылығы өзінің мәдени коды негізінде мұндай сенімсіз автомобильге ұсыныс болмайды деп шешті. Болжамды шығынды азайту үшін автомобиль өндірісі Мексикаға ауыстырылды. Бірақ америкалықтар Chrysler PT-ң жекелігін жоғары бағалады және жоғары сұранысты қамтамасыз етуге Мексикадағы зауыттың күші жетпеді. Бұл жердегі кәсіпкерлер үшін қорытынды мынадай: америкалық компания әр түрлі шетелдік нарықта бір идеяны қолдана отырып, жеңіске жетпейді [24].

Интернет пен ғылыми басылымдардағы «мәдени код» ұғымының барлық анықтамаларын қарастыруды (бұл бөлек зерттеудің тақырыбы болуы мүмкін) мақсат етпей, мәдени код, көптеген авторлардың пікірінше, біріншіден, ақпаратты тасымалдау, өңдеу мен сақтау үшін осы белгілердің жинағы түрінде репрезентациялауға көмектесетін белгілі бір ережелер жүйесі, белгілер жиынтығы; мағынадан айналған мәнді дешифрлеуге мүмкіндік беретін нәрсе; нақыт бір хабарламалардың қатарының қалыптасу ережелері. Екіншіден, сигналдар әлемінен мән әлеміне көшкен кезде мәдени кодқа қажеттілік туады. Үшіншіден, барлық мәдени кодтар қарапайым және барлығын қамтитын, жалпы кодтың негізінде теңестірілуі мүмкін. Төртіншіден, мәдениеттің мәндік деңгейіне енуге мүмкіндік береді; кодты білмей, мәдени мәтін жабық күйінде қалады. Ең соңында, бесіншіден, мәдени кодтар мәдениеттің барлық тілдерінің ішінде болады, бірақ оларды табу оңай емес: олар мәннің бір деңгейінен екіншісіне өткен кезде көрінеді. Әр түрлі авторлар (Г. Гачев, А. Генис, Б. Кононенко, И. Горелова, Н. Лысенко, К. Рапай, О. Кафанова, С. Морозова, Л. Оржековская, Н. Якушкина және басқалар) монографияларда, оқулықтарда, оқу құралдарында ұсынылған барлық анықтамаларға талдау өзіндік «мәдени код» ұғымын тұжырымдауға негіз болды.

Қорытындыласақ, мәдени код – адамның семантикалық байланыстарынан басқа, адамның тарихи-мәдени әлемді қабылдаудың, түсінудің және дүниетанымның ерекшеліктерінің конструкты түріндегі қатынасының құрылымданған моделін қамтитын түсініктік форма. Мәдени код басты бинарлы қарама-қайшылықтар: «жүзеге асқан» өткен шақ ретіндегі болашақ «өзгенің» бүгінгі ретіндегі болашақ, индивидуализм, қоғам, дәстүрлі құндылықтар, жаңа дәстүрлер, этнографиялық және интернационалдық құндылықтар, құралдар және басқалар барысындағы оны

репрезентациялайтын адамның өткенге (мәдениет тарихы), қазіргі және болашаққа қатынасын анықтайды.

Осы анықтаманың жалпы сипаттарына сүйене отырып, конститутивті абстракцияланған және мотивациялық шартталған түсініктік конструкция ретінде мәдени код әрекет ететін тақырыптық аймағын құрайтын жетекші мотивке назар аударған жөн. Осылайша, әлемді қабылдау адамның (немесе қоғамдастықтың) әлемге теориялық негізделмеген көзқарастарының жиынтығы және олар жиі енжар болатыны белгілі. Әлемді бейнеленуінің осы түрінің құбылыстар арасындағы беткі өзара байланыстар ғана байқалады. Әлемге белсенді қатынас білінетін әлемді түсіну теориялық негізделген көзқарастардың жиынтығы. Сонымен қатар, болмыс деңгейі көрінеді, құбылыстардың тереңдеу немесе алыстау өзара байланыстары байқалады. Дәстүрлі түсінікте дүниетаным адамның немесе қоғамдастықтың өзін сәйкестендірудің тірек конструктын бейнелейтін теориялық және тәжірибелік негізделген қатынасының жүйесі. Дүниетанымда құбылыстар арасындағы тұрақты іргелі өзара байланыстар қамтылады, болмыстың философиялығы бейнеледі. Әлем бейнеленуінің осы үш маркерленген әдісі күрделену реті бойынша орналасқан. Олардың қатарына, интуитивтіліктен теориялыққа дейін, жиынтықтан жүйеге дейін, болмыстан философияға дейінгілерді жатқыза аламыз. Бірге алынған олар әр кезде белгілі бір сипаттарға ие болатын өзара байланыс формасы деңгейінде қиылысады.

«Адам – мәдени код» өзара байланысында әлемді қабылдау, әлемді түсіну мен дүниетаным біртұтастыққа қосылады және жоғалған стереотиптерді қайта түсіну және жаңаларын құру арқылы адамның тіршілік ортасы мен мәдени кодтың өзгеруіне себеп болады. Жоғарыда анықталған категориялар арасындағы күрделі қатынастарға илануға мүмкіндік беретін механика жақсыз бақылауда мәдени кодты ажыратуға итермелейді. Түсініктік құрамдас бөлігі мәдениет пен оны мәтінде репрезентациялауында деректенуімен шартталуы үшін (мысалы, плакаттық графикада) – біз мәдени код пен рухани және материалдық мәдениетте атқаратын қызметінің қос анықтамасын қолдануға бет бұруымыз қажет. Сонымен, келтірілген анықтамада мәдени кодты құбылыстың дерексіздіктердің қосындысы және феноменді жалпылау шаралары ретінде қарастыру ұсынылады.

1.2. Ұлттық мәдени кодтың әлеуметтік-мәдени белгілері

Мәдениет кодтарын зерттеу үрдісінде зерттеуші семиотикалық та, мәдениеттанушылық та сипаттағы бірқатар мәселелермен кездеседі. Біріншіден, мәдени код және мәдениет коды ұғымдарын пайдаланудың екі нұсқасы кездеседі, сонымен қатар, заманауи әдебиеттерде оларды ажыратып қолдану дәлелдері де, жалпыға ортақ анықтамалары да жоқ. Екіншіден, ұғымдар құрамдас, сондықтан оларды қарастыру кезінде екі құрамдас бөлікті белгілі бір дәрежеде анықтап алу қажет: «мәдениет» және «код». «Код» семиотика мен мәдениеттануға ақпарат теориясынан келген, ол жерде бұл

ұғым «бір жинақ элементтерінің екінші жинақ элементтеріне бейнелену ережелерінің жиынтығы. Белгілер немесе белгілер тізбегі элемент болуы мүмкін. Бірінші жинақ кодтық жинақ деп, ал екіншісі – код элементтерінің жинағы деп аталады. Деректер коды – осы кодтық жинақ элементтерінен кодтау кезіндегі деректерді құратын кодтық жинақ пен ережелерден тұратын жүйе» деп анықталады [25, 82 б.]. Келтірілген анықтамадан «код» ұғымының көп мағыналы екендігі көрінеді:

- деректер коды;
- кодтық жинақ;
- код элементтерінің жинағы;

«Код» ұғымынан туындаған «мәдени код» «мәдениет коды» терминдері көпмағыналы экстраполярланған және оларды қолданудың әр түрлі контексттері байланысқан деп болжау аламыз. Іс жүзінде, семиотикалық сипаттағы мәселе бар: «код», «белгілер жүйесі», «тіл» семиотикалық ұғымдарының жақындасуына жағдай жасайтын туыстық жақындығы. Ол белгілер жүйесінің құрылымынан кодты экспликациялау күрделілігімен байланысты. Жоғары аталған себептердің әсерінен зерттеу кезінде осы үш терминнің синонимдігі туралы пікір қалыптасатыны таңғалдырмайды. Мысалы, А.Р. Усманова «Р. Якобсон мен У. Эконың еңбектерінде «код», «семиотикалық құрылым» мен «белгілер жүйесі» синонимдес ұғымдар ретінде пайдаланылады»,–деп есептейді [26, 124 б.]. Талдау көрсеткендей, «код» кез-келген белгілер жүйесі үшін туыстық түсінік ретінде жиі қолданылады. Соның ішінде, Н.Б. Мечковская берілген ұғымдардың толық өзара алмастырушылығы туралы қорытынды үшін негіз береді: «белгілер жүйесінің (кодтың) семантикалық мүмкіндіктері семиотиканың үш сипатымен анықталады:

- 1) жеке белгінің мазмұны тұрғысындағы сипатымен;
- 2) белгілердің құрамымен (саны мен көптүрлілігі);
- 3) белгілерді қиыстыру ережелердің болуымен» [27].

А.Б. Соломониктің пікірінше, терминдердің бұлай араласуы барлық белгілер жүйелерін ажырататын жинақтық теорияның пайда болуына дейін сөзсіз орын алатын еді. Алайда, оның пайда болуынан кейін терминологиялық шатасуға алып келетіндіктен орынсыз болып қалды .

«Код» пен «белгілер жүйесі» ұғымдарының қатынасын қарастырайық. А.Р. Усманова нұсқалардың бірі ретінде синонимияны көрсетеді: «код» үш жақты тұрғыдан анықталуы мүмкін:

- 1) белгілер жүйесі ретінде;
- 2) символдарды реттеу, үйлестіру ережелері немесе құрылымдау әдісі ретінде;

3) әр символдың бір белгіленгенге окказиональді өзара мәндес сәйкестігі ретінде». Біздің көзқарасымыз бойынша, У. Эко «код» мен «белгілер жүйесі» ұғымдарын синонимдес пайдалану мүмкіндігін жоққа шығарады [28, 93 б.].

Код – бұл біріншіден, бір-біріне қарама-қайшы қойылған символдардың репертуарын;

2) оларды үйлестіру ережелерін;

3) әр символдың бір белгіленгенге өзара мәндес сәйкестігін белгілейтін жүйе. Яғни, код – белгілер жиынтығының ішіндегі белгілі бір қатынастарды реттеу жүйесі. Көрсетілген шарттардың біреуі немесе екеуінің ғана орындалуы мүмкін» екені негізінен маңызды және оны зерттеуші де ерекшелік көрсетеді. Оған қоса, У. Эконның пайымдауы кодтың түрлері бар екенін ескереді. Бірақ, кез-келген жағдайда кодтың негізгі типологиялық белгісі реттеушілік, норматудырушы сипаты екенін ерекше атап өтеміз. Код жүйенің қатарына жатады және сол себепті онымен теңестіріле алмайды. А.Б. Соломоник мынадай ерекше шешім ұсынады: «код» терминінің қолдану аясын негізгі белгісі символ болып табылатын формализацияның ең жоғарғы жүйелеріне ғана бекіту; «...белгіленген заттардан қашықта болып және олармен ешқандай органикалық қатынасы болмай тұрып, символ жүйеге ең жоғарғы байланысты көрсетеді және оның ережелері бойынша қолданылады. Символдың осы сипаттамаларынан кодтық жүйелердің басқа да сипаттамалары шығады». Зерттеуші «кодтық жүйені» ақпарат теориясындағы «кодтық жинақпен» теңдес түсінік деп болжам жасауға болады [29, 93 б.]. А. Моль кодқа келесі анықтама береді: «хабарламаны жіберуші мен қабылдаушыға белгілер жинағынан басқа, алдын-ала белгілі нәрсенің барлығын біз «код» деп атаймыз. Байқағанымыздай, бұл анықтама белгілер жинағын код шекарасына шығарады. Лингвистикалық код туралы айтқанда, А. Моль ерекше атап өтеді: «Кодтың құрамына грамматиканың, синтаксистің, логиканың, шындыққа ұқсастықтың және т.б. әр түрлі ережелері кіреді. Олардың барлығы хабарламаны жіберушінің сөз таңдауына шектеу қояды және егер олар қабылдаушыға белгілі болса, хабарламаның мазмұнын белгілі бір ықтималдылықпен анықтауға мүмкіндік береді» [30, 117 б.]. Г.Г. Почепцовтың кодқа берген анықтамасы имиджді құрудың тәжірибелік міндеттеріне бағытталған және «форма» және «мазмұн» түсініктері арқылы түсіндіріледі: «Белгілер жүйесін сипаттау үшін код ұғымы қолданылады: форма мен мазмұн арасындағы барлық сәйкестіктердің қосындысы болып табылады. Белгілі бір тілдің кодын біле отырып, біз оның негізінде пікір тудыра аламыз. Кодты білмей, бізде ештеңе шықпайды». Сонымен қатар, анықтаманың берілген тұжырымдамасы оны белгілер жүйесімен теңдестіруге мүмкіндік бермейді, код белгілер жүйесін сипаттау қызметін атқарады. Ендеше, жоғарыда келтірілген код туралы пайымдауларды салыстыра отырып, олардың айырмашылықтары болса да, кодтың жалпы белгілерін анықтауға болады: код деп ақпараттық (коммуникациялық) үрдістерде реттеушілік қызметке ие жүйені немесе құрылымды атайды. «Код» пен «тіл» ұғымдарының ара қатынасын қарастырайық. А.Р. Усманованың пікірінше, кодқа мағынасы бойынша ең жақын термин пікірлерді белгілі бір ережелермен ұйымдастыру әдісі ретіндегі «тіл» болып табылады. Синтактика мен грамматика ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған белгілер жүйесі ретіндегі тілге тән реттеушілік қызметі екі ұғымды жақындастырады. Алайда бізге ұғымдардың араласуын

болдырмайтын зерттеушілердің негізделген көзқарасы ұсынылады. Біреулері бұны «код» ұғымы функционалдығы жоғарырақ болуымен түсіндіреді, себебі, коммуникацияның вербальді емес жүйелеріне қатысты қолданыла алады (У. Эко). Басқалары, дәлірек айтқанда, Ю.М. Лотман «код» термині «шығу тегінің «табиғилығымен» және шарттылықтың шиеленіскен сипатымен ерекшеленетін тілден айырмашылығы лездік келісімділікпен шартталған жасанды құрылым туралы түсінік қалыптастырады деп есептейді. Бұл жерде «кодты» пайдалану әрқашан саналы сипатта болмайды. Коммуникацияға қатысушылар тілдің ережелеріне байыпсыз бағынады, мәжбүрлі міндеттелген қатаң ережелерге тәуелділігін сезінбейді [31, 3 б.].

Салыстырмалы талдаудың нәтижесін қорытындылайық. Зерттеушілер кодтың жүйекұрушы қызметін түсінуде ортақ пікірді ұстанады. Кодтық айырмашылықтар... жүйенің өзін-өзі анықтауы үшін қызмет етеді. «Кодтың ретке келтіру қызметі коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды, себебі код алғашқы жүйенің тең ықтималдылығына қосылатын ықтималдылықтар жүйесі болып табылады және сол арқылы коммуникация қолайлы жағдайды қамтамасыз етеді» [32, 7 б.]. Код – нақты хабарламалар (осы арқылы хабарлану қабілетіне иеленетін) қатарын қалыптастырудағы негізге алынатын ереже болып табылатын модель түрінде берілген құрылым. Басқа сөзбен айтқанда, бұл нұсқалар кодтардың әр түрлі типтеріне сәйкес келеді. Ақпараттық-семантикалық тұрғыда код нақты хабарламалар қатарын құрастыруда негізге алынатын құрылым деп түсіндіріледі. Кодтың реттеушілік қызметін назарға ала отырып, семиотикалық-лингвистикалық парадигмада осы ұғымның мәнін «ереже» сөзі дұрыс бейнелейді деген қорытындыға келуге болады. «Код» және «белгілер жүйесі» ұғымдарының толық теңмағыналы деп айту, олардың синонимдік қолданылуына жол беру редукция, қарапайымдандыру болады және сол арқылы біз белгілер жүйесін оның кодына қосып, кодтың қатыстылығын бұрмалайды. Дәл солай бірінші реттік белгілер жүйесі (коммуникациялық) болып табылатын және сөйлеуде қолданылатын лингвистикалық кодтарға негізделген тіл де кодпен теңестіріле алмайды. «Код» ұғымын мәдени универсумға қатысты нақтылайық. Жоғарыда белгіленген белгілер жүйесі мен кодты теңестіру тенденциясы мәдениет жүйесінің кодтарын түсіндіруде де көрінеді және сонымен бірге екі нұсқаның болуымен күрделенеді («мәдени», «мәдениет»). Мысалға, мәдениет кодтарын С.М. Толстая екінші реттік белгілер жүйесімен қатар қояды. М.Л. Ковшова да мәдени кодтар мен екінші реттік белгілік жүйелерді теңестіреді: «осы зерттеу барысындағы мәдениет – мәдени кодтар кеңістігі деп қарастырлады. Мәдени мәндерге немесе әлемді түсіну үрдісінде қалыптасатын құндылықтық мазмұнға мағына беруге арналған әр түрлі материалдық және формалды құралдар қолданылатын екінші реттік белгілер жүйесі». Басқа зерттеушілер оларды «ақпаратты өңдеу тәсілдері», «мәдениет кеңістігі элементтері» және т.б деп атайды. Н.В. Букиннің мәдени кодын көрініс тұрғысымен байланыстырды: «мәдени код – айқын формада

кодталған, мәдениетті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат» деп түсіндіреді.

«Код» пен «белгілер жүйесі» ұғымдарының ара қатынасын біз жоғарыда қарастырып өткендей, «мәдениет кодтары» мен «мәдениеттің белгілер жүйесі» ұғымдарын ара жігін біржолата ажырату үшін біріншілерінің семиотикалық кеңістіктің метадеңгейіне (сипаттау тілі) қатынасын мәдениеттің символдары мен белгілерінің жиынтығы екенін мойындау жеткілікті. Екінші реттік белгілер жүйесін «мәдениет тілі» деп атауға, негізінде, жол беріледі, алайда «мәдениет тілінің» көркемдік тәсіл ретіндегі мағынасы да жиі кездеседі. Біздің міндетіміз мәдениет феноменінің кеңдігімен және сонымен байланысты «мәдениет» ұғымының мазмұнын түсіндірудің нұсқалығымен күрделенеді. Біз «код» түсінігін қолданудың семиотикалық аспектіні ерекше атап өтетіндіктен, мәдениеттің ақпараттық-семиотикалық теориясына жүгінейік. Осы тәсілдің әдіснамалық негізі лингвисттердің, семиотиктердің және мәдени антропологтардың еңбектерінде қаланды, олардың қатарында Ф. де Соссюр, К. Леви-Стросс, У. Эко, Р. Барт, Ю.М. Лотман, Е. Бартминьский және т.б. Тәсілдің дамуына А.С. Кармин, С.Е. Никитина, Е.А. Березович және т.б. үлес қосты. Бұл теория үшін «мәдениет» түсінігін «барлық тұқым қуаламайтын ақпараттың және оны ұйымдастыру мен сақтау әдістерінің жиынтығы» ретінде анықтау тән.

Мәдениеттің болмысын ақпарат деп анықтау мәдениеттің оның сақтау мен трансляцияның негізгі әдістеріне (олардың қатарында «тіл» және «мәтін» ұғымдарымен бірге «код» та бар) қатынасы мәселесін қоюды талап етеді. «Адам санасы ерекше, табиғатқа беймәлім әдістер арқылы ақпаратты жинақтауға, өңдеуге және қолдануға мүмкіндік беретіндіктен мәдениет пайда болады. Бұл әдістер арнайы белгілер жүйесін құрумен байланысты, олардың көмегімен ақпарат кодталып, қоғамда қолданысқа ие болады...адам өзі құрған әр түрлі ақпарат кодталған белгілер болып табылатын заттар мен құбылыстар әлемінде – ақпараттық ортада өмір сүреді. Бұл – мәдениет деп аталады» [33, 8б б.]. Біз осы пікірлерден кодтың мәдениет жүйесіндегі типологиялық сипаттамаларын қорытындылай аламыз: шынында, ол белгі емес, себебі, код арқылы, сондай-ақ, белгі түрінде жүзеге асатын кодтау үрдісі жүреді. Мәдениетті ақпаратты ұйымдастырудың ең жетілген механизмі ретінде анықтап, Ю.М. Лотман оның негізгі рөлін «адамды қоршаған әлемді құрылымдық ұйымдастыру» деп қарады.

Бұл ретте бірінші реттік белгі жүйесі – тіл құрылымдаушы қызметтердің маңызды бөлігін өзіне алады. Мәдениет ішінде «құрылымдылық көзі» болып тұрып, ол мәдени мәндерді көрінісінің оптималды құралы болады. Өз мәндерін ұсынуға арналған белгілердің «денелерін» мәдениет «тілден» алып пайдаланады және оның көпшілік белгілерін вербальді код белгілерінен мәдениеттің вербальді кодына айналдырады, сол арқылы оның екінші реттілігін еселейді.

Мәдени кодтың қажеттілігі дыбыстар әлемінен ой әлеміне өткен кезде пайда болады. Дыбыстар әлемі – бұл ақпаратқа есептелетін дискретті

бірліктер әлемі, ал ой әлемі – адамды ой, бейне және осы мәдениет құндылықтары әлемімен байланыстыратын мағыналы түрлер. Басқаша айтқанда, код – бұл нақты хабарламалар қатарын қалыптастыратын ереже, модель. Барлық кодтар қарапайым, барлық көлемсіз өзара жалпы код базасында салыстырмалы болады [34, 273 б.]. Хабарлама, мәдени мәтін қолданылатын кодқа байланысты әр түрлі оқылым арқылы ашылып, код ой мәдениетінің деңгейіне еруге мүмкіндік береді, кодты білмесе мәдени мәтін жабық, түсініксіз, қабылданбауы мүмкін. Ондай жағдайда адам мағына және ой жүйесін емес, белгілер жүйесін көруі мүмкін. Сол себепті, мәдени код келесі сипаттамаларға ие болуы керек:

- өндіріс, трансляция үшін жеткіліктілігімен және адамдық мәдениетін сақтау үшін;

- өзгерістерге ашықтығымен;

- әмбебаптылығымен; [35, 49 б.].

Дыбыстар әлемінен мәндер әлеміне ауысу жүзеге асқанда кодқа қажеттілік туады. Дыбыстар әлемі – ақпараттың биттарында есептелетін бөлек бірліктер әлемі, ал мәндер әлемі – адамның ақпарат әлемімен, идеялар, бейнелер және осы мәдениеттің құндылықтары әлемімен байланысын ұйымдастыратын мағыналы формалар. Сондықтан, егер формалданған тілдер бойынша код деп белгілі бір мағына беретін белгілі бір мағыналының ара қатынаста болуына себепкерді түсінуге болса, тілде белгілі бір түрде «бекітілген» мәдениет коды – мағынаның мәнге өзгеруі динамикасын ұғынуға мүмкіндік беретін «нақты абстракция». Осылайша, мәдениет жүйесіндегі код ұғымы жақын ұғымдар үшін біріктіретін негіз болып табылады: «мәдениет кеңістігі», «мәдени белгілер», «мәдени мәндер». Мәдениет кодтарын зерттеудегі объективті қиындық мәдениет жүйесінің (семиотикалық кеңістікке тең) өзінің көпөлшемді құрылымдық ұйымдастырылуында болады. Осы арада Ю.М. Лотман мәдениет ақпаратты тек сақтап, тасымалдап қоймай, оның көлемін әрқашан ұлғайтып отыруы қажет екендігін атап өтті. Сондықтан, мәдениет бір уақытта «құрылымдық және құрылымдық емес», «бір проекцияларда» бірінғай ұстаным бойынша ұйымдастырылған иерархиялық құрылым ретінде, басқаларында басқа ұстанымдар бойынша ұйымдастырылған құрылымдар жиынтығы ретінде, үшіншілерінде ұйымдастырылу мен ұйымдастырылмаудың жиынтығы болуы керек.

Мәдениеттің осындай ұйымдастырылуы оған иілгіштік пен динамизмді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оны зерттеу үшін үлкен қиындықтар тудырады, соның ішінде жүйе кодтарын типологизациясын күрделендіреді. Біздің пікірімізше, осыған байланысты терминді дұрыс пайдалану (және соған сәйкес мағына беру) кодтың деңгейін міндетті түрде нақтылауды талап етеді; кодтар жүйесі семиосфераның деңгейлеріне сәйкес құрылымдануы керек – бірлік белгіден белгілер жүйесінің шекарасына дейін. Ч. Пирстің түсіндіруіндегі белгіні қарастыру кодтың үш түрін ажыратуға мүмкіндік береді. Олар семиотикалық, семантикалық және прагматикалық. Мәдениет

кодтарының бірінғай типологиясын жүйесін құру әлі де өз зерттеушісін күтуде. Кодты мәдениеттанушылық түсінудің ерекшелігі қиындығы – егер, формалды тілдер үшін кодтың қолайлы метафорасы «ереже» болса, семиотикалық кеңістік ретінде түсінілетін мәдениеттің белгілер жүйесі үшін бұндай метафора «аударма» болады, әрі кодтау мен қайта кодтаудың критерийлері мүлдем өзгеше болады. «Коммуникация әрекетін кез-келген күрделі, мәдени құнды жағдайда белгілі бір хабарламаның адресант санасынан адресат санасына орын ауыстыруы деп емес, хабарламаны менің «мен» тілінен сенің «сен» тіліне аудару деп қарастыру қажет». Мәдениет жүйесінің кодтарының қызметі жалпы түрде мәдениеттің белгілер жүйесінің ішіндегі белгілі бір қатынастарды реттеу және семиосфераның «билингвалды» филтрлерін қамтамасыз ету ретінде сипатталуы мүмкін. Бұл көзқарас семиозис пен әлеуметтік-мәдени коммуникациядағы мағынаның пайда болуы үрдістерінің мәнін түсінуге және соған сәйкес олардың ерекшеліктерін есепке алу үшін жағдай тудырады.

Әрбір жеке адамның тіл мен санада орныққан ғалам туралы түсінігі өзін-өзі ұстау әрекетінде, тілдесімінде сипатталып, қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті барысында көрініс табатыны белгілі және онда ұлттық мәдени ерекшелік жасырын бейнеленеді. Ол іс-әрекетте айқын байқалады. Белгілі бір мәдениет өкілі өзге мәдени құрамды, кейде жадта ұмыт болған кейбір ұлттық түсініктерді де ескермей, еш ойланбастан қолдануы да кезігіп жатады. Мұның барлығы кез-келген мәдениеттегі адам баласының тілдік санасы құрылымының ажырамас бөлігі болып табылатын негізгі мәдени қабатты зерттеудің, бейнелеудің қиын да, күрделі екенін білдіреді. Ол үшін алдымен, «мәдени код» атты түсінікті анықтап, айқындау қажет.

Мәдени код мәдениеттің қоршаған әлемге қатысты негізгі түсініктерінің кілті тәрізді, олар қоршаған әлемді бөлшектеп, топтастырып, құрастырып, бағалауға мүмкіндік береді. Мәдени кодты қандай да бір мәдениетті түсінуге мүмкіндік беретін кіндік ұғым, кіндікмән деп те қарастыруға болады. Мәдени код туралы өз зерттеулерінде В.В. Красных қарастырады. Ол оның адамның ең ескі архетип ерекшеліктерімен сәйкес келетінін айтады. Мәдени кодтар адамның өмір сүрген ұлттық мәдениетіндегі, сондай-ақ адамзат мәдениетіндегі түсініктерінің шешуші тірек түсінігі ретінде қызмет етеді [36, 113 б.].

Мәдени код жеке тұлға ретінде адамға қатысты әмбебап құбылыс ретінде болып табылады. Бірақ олардың әрқайсысының көрініс табуы, олардың белгілі бір мәдениеттегі орны, олар жүзеге асырылатын таңбалар әрқашан ұлттық ерекшелік арқылы таңбаланған және нақты мәдениетке жатқызылады. Адамзат үшін түсінікті болып табылатын кебір сөздер, сөз тіркестері әмбебап деуге де болады. Мәселен, қоршаған әлемді сипаттау мен суреттеу үшін қолданылатын антропоморфты сөз тіркестері. Бірақ бұл шартты түсінік болып табылады, себебі дұрыс қорытынды шығару үшін кең түрде және мәдениаралық зерттеулер қажет.

Мәдени код туралы пікір білдірген зерттеушілер соматикалық, анатомиялық, зооморфты, заттық, т.б. код ұғымдар туралы айтады. Соматикалық кодтың бірінші орында айтылуы, онын ең көне болуында. Адам қоршаған әлемді өзіндік тілі арқылы тани отырып анықтаған. Осы арқылы адамның қоршаған әлемді мәдениет тұрғысынан өзгерту үдерісі басталды. Нәтижесінде, адам басқа деңгей мен басқа дәрежеде өзін-өзі тану қажеттілігіне келді. Әлемді игерген адам өз-өзіне апарар жол салды. Адам өзі туралы түсінікті қоршаған ортаға жолдай отырып, әлемді суреттеп, сипаттау деңгейіне жеткен, Қоршаған әлемді мәдени тұрғыдан өзгерту мен түсіну арқылы адам өзін-өзі сипаттап, қоршаған әлем туралы түсініктерді қолдана бастады.

Мәдени кодтар арасында қатаң шек болмайды. Филогенез бен адамның қоршаған әлемді мәдени тұрғыдан сипаттау үдерісі кеңістікті, уақыттық кодтың пайда болуына әкелді. Соматикалық код кеңістікті сипаттау мақсатында қолданылады, кеңістікті қарым-қатынастар уақыттық қарым-қатынастарға ауысады. Санада кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан ол тілде көрініс табады. Үй, ру, отбасы деген түсініктер енетін заттық кодтар әлеуметтік қарым-қатынастармен тығыз байланысты. Байланыс екі бағыттағы тәуелділік болып келеді: заттық код әлеуметтік қарым-қатынастарға еніп, оларды айқындайды, әлеуметтік қарым-қатынастар заттық кодтың көптеген негізгі түсініктеріне қатысты болып келеді. Осылайша, заттық код рухани-мәдени кодты айқындап, одан басымды мәнге ие болады.

Жалпы алғанда, әлемге тиесілі түсініктер мен ұғымдардың үш негізгі нысаны бар деуге болады. Болмыс бірінші адам, екінші адамды қоршаған әлем, кеңістік пен оны толтыратын заттар, үшінші, уақыттан тұрады. Яғни, адам өзін-өзі тану арқылы адамдар әлеміне аяқ басады. Уақытты түсіну адам үшін жағдайларды бір-біріне уақыт осыне қатысты орналастыру үшін қажет.

Мәдениеттің аталған кодтарын кеңінен қарастырайық.

Соматикалық кодқа дененің әртүрлі мүшелерінің нысан қызметтері ерекше орын алады. Мәселен адам нысаны ретінде бас-бас бойынша санау, иық-оның иығына үлкен жауапкершілік жүктелген, қол- жұмыс қолы тапшы, қолы алтын, оң қол, ол қолында кішкентай баламен қалды, қамқор қолға беремін, менің қолым арқылы барлық пошта өткізіледі. Қол адам нысаны қызметін ғана емес, билік нысаны ретінде меңзеледі, мәселен, билікті өз қолына алу, қолда болу.

Кеңістікті код кеңістікті бөлумен тығыз байланысты. Кеңістікті кодты әлем құрылысына қатысты мәдениеттің соматикалық кодтарынан ажырату қиындық туғызбайды, себебі антропоморфты сөз тіркестері кеңістікті ажыратуды білдіріп, кеңістікті кодты қамтамасыз етеді. Соматикалық код кеңістікті кодқа жұптасып, адамның кеңістікті түсінігін анықттап, қоршаған әлемнің құрылысы туралы мағына береді. Мәселен, қол астында – жақын қашықтықта, адам кеңістікте өз орналасу орнын өзгертпей, затты қолдана алады. «Қол созым жерде» – жақын, жуық, адамның бір орыннан екінші

орынға шапшаң жете алуы, «екі аттам жер» – жақын, таяу, жуық, заттар бір-біріне жақын орналасқан.

Образдық эталонға айналған тұрақты теңеулер тіркесі ұлттың мәдени өмірінен хабардар етеді. Мысалы, «бес биенің сабасындай» – толық, етженді, үлкен. «қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу» – дегеніне көндіріп отыру, «ботадай боздау» – қатты жылау, «қасықтай қаны қалғанша» – өмірінің ақырғы сағатына дейін; «айрандай ұйып отыру» – өте тату, «киіктің асығындай» – кішкентай, сүйкімді; «аюдың өтіндей» – қасиетті зат ретінде бағалау және т.б. Фразеологиялық компоротивтер туралы әсіресе тұрақты теңеулердің басым үлес салмағы туралы алғаш ой айтушылар С.И. Ройзензон, В. Маслова. Қазақ ғалымы Т. Қоңыровтың еңбектерін ерекше атауға болады. Адам қалыптастырған әлемнің кеңістікті үлгісін қарастырайық, яғни адамның мәдени тұрғыдан сипатталған кеңістігі талқыланады. Филогенез бен онтогенезде қоршаған әлемді адамның мәдени тұрғыдан қарастыруы өз кеңістігі мен бас кеңістікті түсіну тұрғысынан жүзеге асырылады.

Әлемнің жалпы құрылымы төмендегідей сипатталады:

1) адамның ішкі әлемі, адамның бойындағы және дене мүшелерімен шектелген кеңістік, мәдениеттің коды аса маңызды болып табылады, себебі ескі заманнан бері кеңістікті өлшеу өлшемдері адам денесінің өлшемдері болып келеді.

2) адам денесіне қатысты сыртқы әлемнің құрамдас бөлшегі, адамның меншігі болып табылады, оның жеке кеңістігіне еніп, жеке аумақты қалыптастырады.

3) жеке аумақ шегінен шығатын, бірақ жақын, таныс ретінде қабылданатын сыртқы әлемнің құрамдас бөлшегі.

4) өзге, жат, дұшпан ретінде қабылданатын, сыртқы әлемнің құрамдас бөлшегі.

Ішкі әлем дененің ішінде орналасады, ойлар, көңіл-күйлер, сезімдердің жиынтығы болып табылады. Мұнда ойлар жиынтығы ретінде бас пен сезімдер жиынтығы ретінде жүрек пен жан адам денесінің ең маңызды мүшелері болып табылады, мәселен, жүрегі алаңдаулы, жүрегіне тас қойғандай, жанының түбінде, басына ой келді, ақпаратты басында ұстау, басымнан шығып кетті.

Жеке аумақ адамның қолы жететін кеңістік болып табылады. Жеке аумақ шегі адам қолы өтетін аумақты құрайды. Оған қатысты әлемнің жеке көрсеткіші қадам болып табылады, бұл сыртқы әлемге шығу, жеке аумақ шегінен шығу әрекетімен байланысты шағын бірлік. Бұл түсіну үшін қиындық туғызады, мысалы, қадам басуға бел буу, белгілі бір қадам жасауға қабілетті болу т.б. Өз, жақын, туыс әлем тарихи тұрғыдан ең алдымен туған жермен байланысты. Өз әлемінен тыс өлі әлеммен байланысты, басқа бөгде әлем бастау алады.

Кеңістікті үлгідегі «жоғары/төменгі» оппозиция маңызды болып табылады. В.В. Колесовтың айтуынша, Х ғасырда үйдің көлденең кеңістігі

туралы түсінік қалыптасқан, яғни басып жөртөлеге дейін, «жөғары/төменгі» оппозиция бойыншы орналасу орнының материалы айкындалған [37, 28 б.]. Бұл адам үшін де қатысты, мәселен басынан аяғына дейін. Аталған көрсеткіш басқа да бірліктер – аяғынан басына дейін ауыстыру – сыртқы әлем заттарына адам туралы түсініктің көрініс табуы дәлел бола алады.

Мәдени кодқа тығыз байланысты антропоморфты сөз тіркестері арқылы жүзеге асырылатын, кеңістікті код уақыттық кодпен тығыз байланысты. Кеңістікті қарым-қатынастар уақыттық кодтарды сипаттайды. Кеңістікті мәдени тұрғыдан қарастыру уақыт санатын түсінуден бұрын қалыптасқан.

Мәдениеттің уақыттық коды уақыттың бөлінуін реттеп, уақыт осы бойынша адам қозғалысын сипаттап, материалды және материалды емес әлемдегі адам болмысын кодтайды, уақыт та адамға қатысты көрініс табады.

Адамның мәдени тұрғыдан қарастырған өлшем саласында ғасыр уақытты дәл өлшеу бірлігі ретінде уақыт саласына жатқызылады. Аталған кезең адамның өмір сүру кезеңінен артық болғандықтан, ғасыр заманға сәйкес келетін, объективті ұзақ кезеңді білдіреді. Ғасыр түсінігін адам әлем болмысымен байланысты санат ретінде қабылдайды, адам мен оның өмірімен байланысты түсінік болғандықтан, ғасыр шектеулі болып келеді. Себебі, оның басы мен аяғы бар. Осылайша санада ғасыр бір жағынан шектеулі, екінші жағынан шексіз болып қабылданады.

Ғасыр адамның мәдени тұрғыдан қарастырған таптаурын саласына жатқызылады, шексіз ұзақ уақытты білдіреді. Ғасыр, мәңгілік ұғымдары, біріншіден, рух, жанмен байланысты өмір, өлімге қарама-қарсы қойылған түсінік, екіншіден, әлем мен өмірлік кеңістіктен тыс орналасқан, көкжиектен кейінгі шексіз, ғарыш, жұлдыздар, дүние жүзі, Құдай, аспанмен байланысты түсінікті береді. Ғасыр әмбебап ұғым, ол бір жағынан қорқыныш сезімін тудырса – қараңғылық, қауіптілік, қайғы, екінші жағынан Құдаймен байланысты болғандықтан, жақсы сезім ұялатады – бақыт, қуаныш, жұмақ. Ғасыр мен мәңгілікпен байланысты сөз тіркестерінде кеңістік пен уақыттың тікелей байланысы туралы ескі түсінік көрініс табады. Мәселен, ғасырдан ғасырға деген түсінік, уақыт қозғалысының бастапқы нүктесін білдіреді.

Мәдениеттің заттық коды ең алдымен қоршаған әлемге тәуелді және кеңістікті толтыратын және қоршаған әлемге тиесілі заттармен байланысты. Заттық код адамның мәдени тұрғыдан сипаттаған эталонды саласын білдіреді. Ол рухани-мәдени кодпен әлеуметтік қарым-қатынастар арқылы тығыз байланысты. Мәселен, үй түсінігін алып қарастырайық. Бұрынғы заманда үй шаруашылық, мүлік, байлық, материалды құндылықтар түсінігімен байланысты болды. Үй туралы түсінік ғимарат ретінде емес, өз адамдары үшін тұрғызатын, тұрақты, жалпы баспана ретінде қыбылданды. Соңғы уақытта үй – адам, мүлік сқаталатын, өмір шоғырланатын ғимарат. Бастапқы мағынадан бастап үй мекендейтін адамдармен тығыз байланысты болған.

Эталондық теңеулер жүйесін әлі тыңғылықты зерттелу керек. Себебі теңеулер арқылы адамның дүниені алғаш қабылдауы және адамның

қасиеттерін салытыра отырып, өзінше ұқсатуы, салыстырылуы жүзеге асырылады.

Әр халықтың басқалармен де жалпы ұқсас келетін салыстырулармен қоса, адам мен жануарлар, адамдар мен өсімдік, адамдар мен т.б. заттар сияқты ерекше өлшемдестік туралы ұғым қалыптастырады.

Мысалы, қазақ менталдылығыда бұрын қыз сұлулығы ай, күн, атқан таң, гүлге теңеледі, ал ұқсас адамды құйып қойғандай, сойып терісін қаптап қойғандай, аузынан түсіп қалғандай, бір судың тамшысындай, егіздің сыңарындай дейді [38, 5 б.]. Бұлардың барлығы көз алдындағы құбылысты өзінше қабылдау, шамалау сияқты жеке адмның болмысын танытады. Ал қазіргі кейбір ұғымдық категориялардың қандай дәрежеде, қандай зат, құбылыстармен «шамалас» тұруы, сана болмысындағы түрлі өзгерістерден хабардар етеді. Мәселен, қазіргі жастар ұғымында күштілік, ептілікке Шварценнегер эталон болса, адамдық қасиеттер өлшемінде тіпті атыуға тұрмайтын эталондар бар. Өкінішке орай, ұлт мәдениетінде осындай рухани жүдеушілік тереңдеп барады.

Мәдениеттің биоморфты коды қоршаған әлемде тіршілік ететін тірі жан иелерімен байланысты. Мәдениеттің аталған коды жануарлар әлемі, өсімдіктер әлемімен қиылысатын, шекаралас аумақтағы әлем туралы түсінігін сипаттайды. Бұл қолданыстағы таптаурындармен байланысты [39, 47 б.].

Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдер. Түрлерінің әбден сақталып қалғандығы ғана бүгіндері ұлт төлқұжатындай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды.

Ұлттық рәсімдерге әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жатады. Қай ұлттың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлері, мәдениеті бар. Ежелден келе жатқан қазақ ұлтының да бұрыннан қалыптасқан көне мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігінің бізге жеткен үлгілері сан түрлі. Күні бүгінге дейінгі жер бетіндегі басқа ұлттардан ажыратып көрсететін қазақтың салт-дәстүрі туралы айту деген сөз.

Мәдениеттің биоморфты кодын тілдік санадағы қой мен қарға ұғымдары арқылы қаратырайық. Қой туралы түсінік ақылсыз, жуас, тағдырға мойынсұнатын жануар ретінде қалыптасқан. Қой адам санасында ерекше қасарысқан, қыңыр мінезді болып келеді, өзін қорғауға қабілетсіз, жеңіл олжа болып қабылданады. Осы орайда, күнделікті ауызекі тіліміздегі: қой аузынан шөп алмас, қойдай жуас тіркестерін айтып кете аламыз [40, 51 б.].

Ал, қарға халық санасында қара, қауіпті күш иесі ретінде танылады. Олар ақ түсті құстарға қарама-қарсы мағынада қарастырылып келеді. Ауыз әдебиетінде қарға: ақылсыз, мақтаншақ, даңғой, жағымпаз болып келеді. Қазіргі таңды қарғаға теңеп ебедейсіз, алаңғасар адамды айтады. Міне, мұның барлығы да мәдени биоморфты кодтың басты ерекшеліктері.

Барлық кодтар негіз болатын, мәдениет кодтарының бірі – мәдениеттің рухани ұлттық коды. Оны адамгершілік құндылықтары мен мәдениеттің негізгі түсініктерімен – «жақсылық-жамандық», «жоғары-төмен» сияқты таптаурындар құрайды. Аталған код түрі адамзат болмысына тікелей қатысты, адамзат әрекетін анықтайды, адамның өзін және қоршаған әлемді бағалау көрсеткіштерін айқындайды.

Әрбір мәдениетке өзіндік сақталып қалған бейнелер жиынтығы тән. Сондықтан америкалық отбасында жай ғана бала емес, кішкентай американдық дүниеге келеді. Бұл бейнелерді түсінуге «ол мейлі машина, тамақ, қатынас, тіпті біз тәрбеленген мәдениет контекстіндегі ел болсын, осы немесе басқа заттың немесе құбылыстың санасыз мағынасы» түрінде ұсынылатын мәдени кодты білу көмектеседі. «Француздық, ағылшындық, күрттік немесе латындық сияқты америкалық ойлау нәтижелері бар. Әрбір мәдениеттің өзіндік менталитеті бар және ол біздің кім екенімізді үйретеді».

Ал, қытайлықтарда мейрамханаға бару – бұл мәдени код. Қытайда мейрамханаға бірге бару, ол мейлі іскерлік кездесу болсын, мейлі достармен кездесу болсын ол іскерлік этиканың маңызды бөлігі болып саналады. Бұның түп-тамыры келген қонақтың келу мақсатына, дәрежесіне қарамастан, оны тойдырып, сыйластық құрметін білдіретін ежелгі қытай дәстүрлерінде жатыр. Нәтижесінде өте тиянақты ойластырылған, бірақ мейрамханаға барудың сыртқы түрінен және әрқашан «хаттама» көрінбейтін түрі – отырыстың «достық-іскерлік» өте нәзік мәдениеті қалыптасты. Бұл «үстел басындағы кездесулер» әдетте яньхуэй деп аталады және үстел басында әдетте қонақтар жей алатыннан да көп тамақтар болуымен еркешеленеді. Бұл – қытай қожайындары сізге қаншалықты жақсы қатынаста болатынынан мән бермейтін, Қытайдың ерекше мәдениеті.

Мәдениет кодтары мәдениет таптаурындарынан тұратын және олардың негізін қалайтын көрсеткіштер жүйесін қалыптастырады. Мәдениеттің барлық кодтары – сомантикалық, кеңістікті, уақыттық, заттық, биоморфты, рухани кодтар арқылы қалыптасып, бағалауға қатысатын өлшем саласын анықтап, құрылымын жүзеге асырады.

Жоғарыда белгіленген макроэкономикалық талдауға әлеуметтік мәдениеттің өлшеуіштерін қосу мәселесі өлшегіштер негізінде мәдениет түсінігімен келісілген деп жобалауға негіз болады: мәдениетті бар индивидтен бөлек өзіндік объект ретінде түсіндіру. Ұлттық мәдениет түсінігінде бастапқы оның ғылыми зерттеуінде екі амал болды және бәсекелесті. Біріншілік аясында Э. Тайлор және А. Кребер бойынша мәдениет біріккен және тұтас холистикалық, «күшті ағзалық» ретінде баяндалды. Екіншілік аясында негізін қалаушылардың бірі Б. Малиновский болды, оның ойы бойынша – қоғамда болып жатырған, қоғамға кірістірілген, жеке-жеке және қарама-қарсы үрдістердің жиынтығы ретінде болды. Бірінші амал мәдениет реификациясын білдіреді, адамдардан тәуелсіз өмір сүре алатын және өзіндік болмысы бар бөлек «зат» ретінде қарастырылады. Ол мынадай ғылыми-публицистикалық құбылыс, экономикалықпен қоса

көптеген қоғамдық үрдістерді анықтайтын фактор ретінде мәдениет туралы түсінік мәдени детерминизм ретінде туды. Екінші амал мәдениет өнімділігін адам әрекетінен, оның соңғысынан бөлінбейтіндігін басып көрсетті. Біздің міндетімізге бұл амалдардың дамуын, олардың тоғысу сынын және т.б. талдау кірмейді – бұл сұрақтар антропология мен мәдениеттанудың ішкі сұрақтары. Бізді мұнда тек ұлттық мәдениеттің экономикалық үрдістерге әсер етуін зерттеу әдіснамасы үшін ұстанымдардың бірін қабылдау салдары ғана қызықтырады. Қазіргі уақытта мәдениетті экономикалық зерттеуде біріншілік, холистикалық түсінік, сонымен қатар детерминисттік амал басым болады. Бұл Хофстеде мәліметтерін және нәтижелерін қолдану, нақтырақ оның артынан ерушілер мен оппоненттер тарапынан анық немесе анық емес түсіндіріп берумен келісілген. Хофстеденің өзі әлеуметтік мәдениетті (құндылықтар жүйесі ретінде) индивидтен бөлек деп есептемейді, оның мақалаларының атауының бірі айтып тұр. «Өлшем жоқ...», өлшемдер деп жоғарыда аталған бес мәдениет өлшемі айтылған. Дегенмен де Шварцтың жарияланған мақаласында әлеуметтік мәдениет – бұл «әлеуметтік институттар қызметін ақтайтын және қолдайтын гипотетикалық, латентті, нормативті құндылықтар жүйесі деп бекітеді. Мұндай мәдениет индивидке қатысты сыртқы болып келеді. Мәдениет уақыт бойынша тұрақтылық қасиетіне ие болмауы мүмкін емес. Шынында да Хофстеде былай жазады, «әсіресе ұлттық мәдениеттер уақыт бойынша аса шыдамды... Соңғы 1900, 1800 және 1700 жүзжылдықтарда, одан ерте болмаса ұлтаралық мәдениеттің айырмашылығы оңай танылатын болды. Оларды кем дегенде 2100 жылға дейін оңай танылады деуге негіз жоқ» [41]. Бұл тезистің эмпирикалық дәлелі қарама-қарсы. Әдебиетте әлеуметтік мәдениеттегі өзгерістер мейлінше жай жүретіндігінің дәлелінің саны аз. Сонымен қоса мәдени құндылықтардың тез өзгеруінің дәлелі де бар. Мәдениеттің холистикалық («өркениеттік») түсінік шеңберінде дереккөзінің тұрақтылығы, уақыт бойынша өндіріс, сонымен қатар мәдениет арасындағы әртүрлілік сұрақтары пайда болады. Адамдар мен мәдениетті таратушылардың мінезі және олар қызмет ететін әлеуметтік-экономикалық ортасы да үнемі өзгеріп отырады. Әдебиетте осындай бірнеше дереккөздері (және механизмдері) талқыланады: институционализация, яғни бұрын тек олардың субъекттерін таңдау бойынша жүзеге асырған осы немесе басқа да мінез-құлық тәжірибесіне еліктірудегі мәжбүрлеудің сыртқы механизмдері, имитация, немесе жеке оқу, адам миында «айналы нейрондардың» болуының қамтамасыз етілуі, ұрпақтан-ұрпаққа әлем, оның құрылғылары және т.б. туралы базалық түсінікті өзгеріссіз ауыстыруға мүмкіндік беретін миға «орнатылған» когнитивті механизмдердің модульдік құрылғы. Орнықты мәдениет дифференциясының себебіне келсек, онда оларды көпше тепе-теңдік тұжырымдамасынан табуға болады. Біздің көзқарас тұрғысынан аталған механизмдер ішінен біріншісі маңыздысы, сол уақытта адам миының генетикалық ерекшеліктеріне сүйенетін екінші және үшіншісі мәдениеттің орнықтылығын қамтамасыз етуге қарағанда аса кең қызметтерге ие. Институционализация механизмі әлеуметтік мәдениет

түсінігін құндылықтар жүйесіне карағанда, нормалар жиынтығы деп болжамдайды, бірақ ол оның түсініктемелік мағынасын төмендетпейді. Ең әлеуметтік нормалардың орнықтылығы генетикалық түп-тамырлардан табылса да, мәдениет орнықтылығын түсіну үшін нормалар тұрақтылығына сүйенсе де жеткілікті ретінде ұсынылады. Осындай түсініктеме қандай да бір себептерге байланысты мәдениет тұрақтылығының басқа негіздемелерін іздеп жүрген зерттеушілерге ұнамайды. Талдау көрсеткендей, олардың ішінде анық, анық емес, контексті зерттеуді қажет ететіндер де кездеседі. Біріншіге, мысалы С.Г. Кирдинаның «Х және Y интитуциональдық матрицалары», екіншіге – «мәдени код» түсінігі жатады. «Мәдени код» түсінігінің екі әр түрлі – семиотикалық және саяси-публицистикалық мағынасы бар екенін айта кту керек. Семиотикалық түсінік шеңберінде «мәдени код мәдениет «қоршаған ортаға тастайтын, бөлшектейтін, категорияға бөлетін, құрылымдайтын және оны бағалайтын «тор» ретінде сипаттайды» [42, 63 б.]. Басқаша айтқанда, Мәдени код – бұл сыртқы әлемнің – табиғи және әлеуметтік – мағына мен мәнге ие белгілер сияқты әр түрлі құбылыстарын түсіндіруге мүмкіндік беретін, осы немесе басқа мәдениеттің феноменімен таныстығы келісілген индивидтің білімі. Мысалы, ақ түс Батыс мәдениетінде көбіне тазалық мағынасын білдірсе, ал Үндістанда – бұл түс қазаны білдіреді. А. Моль «белгілер жиынтығының алдын-ала хат алушыға және жіберушіге белгілі болатын үстіңгісін «код» деп атаймыз» деп көрсеткен. Осылайша, семиотикалық мәдени код – бұл әр түрлі заттарды, қасиеттерді және белгілерге деген қатынасын топ мүшелеріне жинақтап түсіндіріп беретін (тек нұсқайтын емес) жалпы білім тобы. Әр түрлі мәдени кодтың болуы «түрлі» білімдері келіспейтін адамдардың бірін-бірі түсінбеуінің көптеген фактілерімен байланысты. Мұндай түсінбестікті қарым-қатынасқа қатысушылар үшін білімін толықтыруға мүмкіндік беретін қатынас арқылы болдырмау өте оңай. Екінші, «мәдени код» терминінің саяси-публицистикалық мағынасы контекст талдауы көрсеткендей, қоғамның әлеуметтік құндылықтар жүйесіне жақын қолданылады.

А. Кончаловский мен А. Аузанның сұхбатында мәдени код түсінігі осы немесе басқа қоғамға тән негізгі құндылықтар жиынымен тығыз байланысты. Бірақ, мәдени код – бар жоғы әлеуметтік мәдениет түсінігін екі еселеу болса, онда оған көп назар аудару, «мәдени код» аңызы жзәне т.б. туралы айту керек пе? Біздің пікіріміз бойынша мәдени код тұжырымдамасында екі теориялық және тәжірибелік маңызды сәт ұсынылған: біріншіден, осы немесе басқа елдегі ұлттың маңызы бар әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістерге мәдениеттің әсер етуін анықтау, ал екіншіден – мәдени кодтың өзгермеуінің нәтижесі ретінде мәдениеттің тұтастығы және өзгермеуі болып саналады [4]. Яғни, ұлттық мәдени код қай жағынан алып қарасақ та, әрдайым толығы, жаңару үрдісін бастан кешіретіндігін, мәдени код – мәдениеттің берілген типін түсінудің кілті іспеттес екендігін, бұл халыққа ата-бабамыздан қалған қайталанбас мәдени өзгешеліктер, мәдениетке

тиесілікті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір формада жасырынған ақпарат көзі болғанын аңғарамыз.

2 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ
МӘДЕНИ КОДТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН САҚТАЛУ ШАРТТАРЫ

2.1 Тіл – ұлттың мәдени болмыстың басты ерекшелігі

Мәдениет – адамның шығармашылығының нәтижесі болғандықтан да тікелей адам іс-әрекетімен байланысып жатыр. Адам қолынан шыққан, адам санасының жемісі болып табылатын барлық нәрселер сияқты мәдениетте өз бойына тұлғалық бастаманы сыйғызады. Мәдениет жеке адам ретінде тұлғаландырылғанда, ал мәдениеттер қарым-қатынасы жеке тұлғалар қарым-қатынасы ретінде қарастырылғанда ғана мәдениет шынайы мәдениет болып есептеледі.

Мәдени факторлар – тіл, әдебиет, ғылым, өнер қазіргі әлемнің тұтастануына және оның әр ұлттық -өрісте тұрақтануына түрлі қырынан ықпал етуде. Мәдени факторлар адам мен заман қарым-қатынасының, ұрпақ білімінің тұтас кеңістігін құрастыруда. Мәдениет өресі осы кеңістікті игеруге алуан әр түрлі зиялы және кәсіби топтарды тартуда. Сондықтан өркениеттің ауқымы мен қарқыны кеңістіктің, мәдени алмасудың, ғылым мен білімнің өзара ықпалының жаһандық шеңберде және сала бойынша жетілуіне тікелей қатысты.

Мәдениет – толыққанды өмір сүрудің бірден-бір шарты десек, алдымен оның тіл тану және тіл табысу өлшемдерін еске аламыз. Түбірлей түссек, «мәдениет – тіршілік ету жолындағы еңбек-бейнеттен туған, табиғатпен адами ортамен үйлесімді өмір сүре білу өнері. Мәдениет – ол тарихи тәжірибе айтып берген дағдылы машықтардың, рұқсат етулер мен тиым салулардың тұтас бір жүйесі» – дейді О. Сүлейменов. [43, 63 б.].

Дегенімен мәдениет тіл сияқты өзіндік сипатын сақтайтын ашық жүйе. Тіл мен мәдениетті тарихи тұрғыдан қарасақ, екі жетістікті де жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтың жиынтығы, нәтижесі дерлік. Ол дегеніміз тіл мен мәдениет даму заңдылығы бойынша біртұтас құбылыс және жетістік, ал қызметі мен ықпалы бойынша көрінісі әр түрлі ағым, қарқынды құрал. Тілдің даму заңдылығының жүйесі жеке кезеңнен, ұлттық ерекшеліктерден, саларалық көріністерден тұрады. Бірақ олардың біреуімен де шектелмейді. Тіл адам тарихымен тамырлас, ұлт тарихымен түптес. Тіл – тарихтағы мәдени арна тұтас құбылыс. Тарихтағы тұтастық құрамын біржақты жұтып қоймайды. Онда сыңарлықтан гөрі, ықпалдылық айқын, бірін-бірі байыту басым. «Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес... Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады» [44, 126 б.].

Ұлтымыздың ұйытқысы, діліміздің мәйегі – ана тілімізді танытамыз. Ана тілі рухымыздың тірегі, халқымыздың қан тамыры. Сондықтан «тәрбие басы тілден басталады», «тілмен байланған тіспен шешілмейді». Тілі арқылы кез-келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге, және жеткізуге болады. Тіл мәдениеті – ұрпақаралық, ұлтаралық келісімге кепілдік. Тілдің елдестіретін елшілік қызметі айқындалуда. Тілдің көсегесін көгерте отырып, өзіміздің кісілімізді танытамыз. «Тіл ортақ мұратқа

ұйыстырады, ұлтжандылық деген жауапкершілікті ұштайды. Тілге деген сүйіспеншілік – талапсыздықты таптау, дәйекті ізденісті баптау. Ендігі тілді дамыту – үміт пен ізденісті нақтылы әрекетке ұластыру, халықтық қозғалыспен ұштастыру» [45].

Тілді адамдардың әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру, ол туралы түсінікке кереғар әсер етеді және оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді. Тіл көнеден айтылып келе жатқандай таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан ол әр халықтың мұрасы, ұлтының тарихи жетістігі. Академик Ә.Қайдар мәдениет терминінің анықтамасын бере отырып, төмендегідей тұжырымдама жасайды. «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетімен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани материалдық байлықтардың барлығын түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Бұл мәдениет барлық этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір - тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология тосының бәрін біз этнос мәдениетінен табамыз. Ал соның бәрінің танып білудің ең басты құралы тіл екенін мәдениеттанушы ғалымдардың барлығы мойындайды» [46, 58 б.].

Мәдениетті мәдениеттің бір де бір саласы тіл алдында оқып білгендей білу мүмкін емес. Тілдің мәдениетке әсері мейлінше терең, ол кешкі және жасырын сипатқа, мейлінше дерексіздікке ие. Осыған қатысты Б.Л. Уорф «Мәдени нормалар мен тілдік модельдердің арасында байланыс бар, бірақ тікелей байланыс емес, ұзақ тарихи жағдайдағы тіл мен мәдениетті бір бүтін деп оқығанда ғана осы байланыстар байқалып қалады» дейді [47, 28 б.].

Тіл әрбір ұлттық мәдениеттің ең маңызды және арнаулы құрылымының бірі және түрлі халықтардың мәдениеті, дәстүр, салты, таным мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қазақ тілінің қолданылуы, оның қоғамдық қарым-қатынастағы алатын орны өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тілді дамыту – еліміздегі мемлекеттік мәдени және саяси маңызды бағыттарының бірі. Тіл мәселесін дұрыс шешу – ұлтаралық қатынастар үйлесімінің, халықаралық достығы мен бірлігінің, қоғамдық және экономикалық, рухани келісімді нығайтудың алғы шарты.

Тіл тағдыры – барша қоғамның күш-жігерімен анықталады. Тұрақты даму ұлттық мәдениеттің негізі – этнос тілінің сақталуына мүмкіндік жасайтын тіл саясатының жүргізілуін қажет етеді. Мұның өзі Республика мәдениетінің бір-біріне ықпал жасап, бірін-бірі толықтыруына, олардың өзара тең дәрежеде, бір-бірін ығыстырмай одан әрі дамуына жағдай жасайды.

Сондай-ақ қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі – латын әліпбиіне көшу болып отыр. Бұған дәлел ретінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Біз латын әліпбиіне көше бастаймыз» деген сөздерін айтып кете аламыз. Сондықтан да, алдағы жылдар қазақ халқы үшін елеулі өзгерістерге толы болмақ.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңару» мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» деген бөлімінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығы айтылады [48]. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды бәрін де латын әліпбиімен басып шығаруға тиіспіз. Елбасы мақаласында осы мәселе де қамтылған. Бұл ретте Елбасы Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Бұл – елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының маңызды бастамаларының бірі. Мұны қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне немесе орыс тіліне теріс қарау деп емес, қайта қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі кеудемсоқ жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін жасау бағытындағы игілікті қадамы деп түсінеміз. Латын әліпбиіне көшу, сайып келгенде, ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясы одан әрі кеңейе түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғатына әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек.

Тілдің қоғаммен бірге дамып, ғылым мен техника дамыған сайын көршілес елдерден және басқа да шетелдерден жаңа сөздер кіруі арқылы да толығып отыратыны табиғи заңдылық. Қазіргідей шетелдер арасында барыс-келіс жиіленген замандағы күнделікті тіршілікте өзге тіл сөздерінің енуі де, әсері де күшейе түспесе, баяуламайды. Ал кірме сөздердің барлығын дер кезінде қазақы айтылымға икемдеп отыру да оңай шаруа емес. Әрбір оқыған сауатты адам өзге тілден келген сөздің де қазіргі кирилл әріптерімен өзгеше жазылып тұрғанын оғаш көріп тез қабылдай қоймауы мүмкін. Ал латын әліпбиі бұл қиындықты өзі реттеп, жұртшылық кірме сөздерді қазақы қылып жазып, қазақы оқып кеткенін өздері де байқамай қалар еді. Сондықтан тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіретін ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік келді. Демек, ұрпақ келешегін ойласақ, ұлттығымыздың негізгі белгісінің бірі тілімізді сақтап қаламыз.

Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер, т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет, т.б.) да сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеруіміз қажет.

XXI ғасыр линвистикасы тіл тек коммуникация және таным құралы ретінде ғана емес, ұлттың мәдени коды ретіндегі бағытын дамытып жатыр. Мұндай тәсілдің іргетасы В. фон Гумбольдт, А. Потебни, Ф. Боас, Э. Сепир, Л. Вейсгербер, Б. Уорф, Н. Толстойдың және басқа да зерттеушілердің еңбектерінің арқасында қаланды. Әрбір тілдің тарихы – сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениеті мен тарихын көрсетеді. Ежелгі түпкі тамырлары мен мәдени ескерткіштерді зерттей келе, біздер адамзаттың белгілі бір даму кезеңіндегі тіл қалыптасуы кезінде халық үшін қандай заттар, құбылыстар мен әрекеттер ең маңызды болғанын білеміз. Тілдің лексикалық қоры адамды шынайы не қоршап тұрғанын және оның ойы мен қамын, сонымен қатар мәдени даму деңгейін не құрайтынын, синтаксистік құрылымы – ойлау не арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Тіл тек іс-әрекетті көрсетпейді, сонымен қоса адам өмір сүретін ерекше шындықты құрау арқылы түсіндіреді. Мәдениет адамның әлемдік көзқарасын көрсететін әлем картинасы түрінде бекітілген тілден бөлінбейтіндіктен, мәдениет туралы ақпарат тіл номинациялары құрылымынан көрініс табады.

В.В. Воробьев мәдениет «оның тарихи құндылықтарында, дәстүрлерінде, сөз шеберлігінде және жаңашылдығында түсінілуі керек деп дұрыс атап көрсеткен. Жан-жақты есеп және мәдениеттегі маңыздырақ құндылықтарды сақтау мен ондағы жаңа құндылықтарды дамыту өз тілінде қалай көрінетіндігі, халық өмірін дұрыс түсінуге кепілдік береді» [49, 87 б.].

Әр түрлі тілдер ұлт үшін олардың ерекше ойлауы және қабылдауы болып табылатынын, көптеген заттар оларды білдіретін сөздермен белгіленгенін және сонда ғана өзінің мағынасын табатынын (мұны барлық заттарға таратуға болады, соның ішінде олар сөзбен ойын білдіреді және ойлар тіл арқылы рухқа әсер етеді) көпшілік мойындаған деп есептеуге болады. Ұлттың өз тіліне деген тәуелділігін немесе тәуелсіз болуын зерттеу, ұлттың тілге көрсететін әсер етуін немесе керісінше тілдің ұлтқа әсер етуін іс-әрекеттің ашық алаңы ретінде ұсынады.

Гумбольдттың пікірі бойынша, адам заттық және рухтық мәдениет әлемі тұрған тіл шекарасына кіре алмайды; тіл әрқашан халықтың өзіндік ерекшелігін, әлемді және ұлттық мәдениетін ұлттық тұрғыдан тоғыстырады. Осылайша, біз классикалық және замануи мәдениетпен тек тілдің көмегі арқылы ғана байи аламыз.

Мәдени кодты мәдениетті талдау амалымен аналогия бойынша қарастыруға болады. Көрсетілген амалдардың артынан белгілейміз: біріншіден, мәдени кодтың онтологиялық көрінісі. Бұл жағдайда мәдени код қандай да бір әмбебап тұрмыс категориясы ретінде көрсетіледі. Әлеуметтік-мәдени код қатынасынан қызықты ұстанымды К.К. Васильева алады. Оның теориясына сай «бөлек алынған қоғамның мәдениеті ішкі үзілмес өзара байланысты, мазмұнды және аксиологиялық әмбебаптылықтың құнды жүйесі түрінде ұсынылады. Өз кезегінде әмбебап әлеуметтік-мәдени кодтар, бастапқы сандар нақты шынайы тарихи уақыт ерекшелігіне орай өгеріп, анық және анық емес түрде сақтала беруін жалғастырады» [50, 69 б.]. К.К. Васильева

мәдениет кодтары туралы жай айтып қоймай, оларды осы не басқа қоғамның мәдениетімен байланыстырады, қандай да мәдени әмбебаптылық бар екенін дәлелдейді. Екіншіден, гносеологиялық амал – мәдени код ақпаратты алуды және қоршаған орта әрекетін призма танымдылығы арқылы анықтайды. Бұл амалда мәдени кодтың бастапқы теориясы болып басты Ресей мәдениеттанушылары Ю.Н. Солонин мен М.С. Каганның трактовкалары негіз болды. Белгілер жүйесі және белгілер типологиясын және мәдениетті ақпараттық-семиотикалық көзқарас тұрғысынан А.С.Карминныймен келісе отырып, ғалымдар өздерінің пікірлерін ары қарай дамытты және біріншілік және екіншілік белгілер жүйесін талдады. Біріншіге семиотикалық өріс түзетін табиғи тілдер мен белгілер жүйесін жатқызды. «Екіншілік моделдеуші жүйелер» авторлардың пікірі бойынша сәтсіз есім болып табылады және оны кейде «екіншілік белгілер жүйесі», «екіншілік тіл мәдениеті», «мәдени кодтар» сөз тіркестерімен алмастырады. Бірақ олар қалай аталса да, оларды олардың көмегімен біз өмір сүретін әлемді әр түрлі жағынан моделдеуге болатын қиын құрылым ерекшелейді (олар Лотман айтқандай «қосымша жоғары құрылымға ие болады»). «Екіншілік моделдеуші жүйелер» деп әлемнің және оның фрагменттерінің үлгілері құрылатын семиотикалық жүйелер айтылады» [51, 2 б.] Үшіншіден, аксиологиялық амал – мәдени кодтар белгілі бір адамдар тобына құнды мағынаға ие болады. Мысалы, Т.Б. Щепанская жұмыстарында жастар субмәдениеті ретінде бөлек көрсетілулері арқылы талданған және «..әр түрлі ойын-сауықты және оның негізгі жүйесін құрайтындарды, оның мәдени кодты біріктіретін жалпыға бірдей символ өрісі» ретінде шығады [52. 6 б.]. Т.Б. Щепанская мәдени кодтардың түрлері туралы нақты мәлімет берсе де, оның тұжырымдамаларында мәдени кодтар белгілі бір субмәдениет үшін құнды және мағынаға ие символдардың жиынтығы ретінде нақты ой көрсетілген. Біздің тақырып аясында мәдени код туралы мәлімет семиотикоаксиологиялық конгломератқа жеткіліксіз. Сондықтан белгі мен мәдени код арасындағы айырмашылықты анықтау керек. А.С. Кармин ұсынған анықтамаға сай: «белгі басқа заттар туралы ақпарат тасушы ретінде және оны алу үшін қолданатын, сақтауға, қайта өңдеуге және беруге болатын зат» [53, 118 б.]. Белгілер белгілер жүйесін құрайды және мәдениетте әр түрлі объекттерді қамтиды: ауызша тілдер, жасанды тілдер – математика, химия және т.б. тілі және дыбыс беру жүйесі, өнер тілі, әдеп ережесі, діни символдар және салт-жоралғылар және көптеген басқа да қандай да бір мазмұнды заты бола алатын заттар. Белгілер туралы айтқанда «символ» сөзіне анықтама беру керек. «Символ» әдетте жалпы барлық белгіні білдіретін, яғни «белгі» сөзіне тең ретінде қолданылады. Біз жұмысымызда «символ» сөзін «... кейбір объектті суреттейтін ғана емес, сонымен қоса өзіне осы объектті түсіндірумен байланысты жалпы идеялар мен түсініктерге, қосымша ойға ие болады» Символдардың мысалдары: эмблемалар, елтаңбалар, ордендер, тулар; христиан дінінің кресттері. Бірақ біздің тұжырымдамада символ да, белгі де өз-өздігінен мәдени код болып

есептелмейді, мәдениеттің бір айтарлықтай құбылысы – мәдени мәтін де болып табылмайды. М.Ю. Лотманның анықтамасы бойынша, мәдениет – бұл адамның қолымен жасалған «ақпаратты сақтау және өңдеу мақсаты бар механизм» [54. 57 б.]. Ол осы ақпарат сақталатын және түсірілетін мәдени мәтіндер түзілуінің көмегімен көптеген белгілер мен белгілер жүйесінен тұрады. «Мәтін» сөзін мәдениеттануда тек жазбаша хабарлама деп түсінбей, ақпарат тасымалдаушы ретінде қарастырылған, кез келген объект – өнер туындысы, зат, салт-дәстүр және т.б. ретінде де түсінеді мәдениетті білу және түсіну үшін оның мәдени мәтінін «оқи» білу керек. Мұнымен қоса, мәдени кодқа қарағанда мәдени мәтінді құраушыларды оқу қолжетімді. Төртіншіден, антропологиялық амал – мәдени кодты субъективті фактор арқылы анықтайды. Басқаша айтқанда мұнда жеке білім ретінде ұсынылады және ірбір адам үшін мәдени кодтың жүйесі әрқалай. Қарастырылған амалдар оның семантико-семиотикалық мәнін түсінуге мүмкіндік береді; бұл бізге мәдени кеңістік қатынасына қарағанда кодтың экстра және интраполярлы қасиеттері туралы айтуға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде мәдени кодты мәдениет тілі ретінде қарастыру ойына алып келеді. Алғаш рет мәдени кодты мәдениет тілі ретінде структуралисттер (мысалы, К. Леви-Строс, М. Фуко, Ж. Лакан, Ж. Деррида және т.б.) айтты деп болжай аламыз. Структуралисттер мәдени код түсінігін ғылыми дағдыға енгізбейді. Бірақ та олар бізді қызықтыратын түсінікке жақын мәдениет тілі туралы айтады. «Өзіндік шекарасы, ішкі құрылымы, мәнерліліктің символдық түрлері, сәйкес белгілер мен символдарды кешендеу ережелері бар, бөлек әлеуметтік тұтастыққа қоршаған орта туралы көпқырлы болжамдары бар ұйым ретінде ұсынатын белгілер мен символикалық облыстар мәдениет тілін қалыптастырады. Мұндай тілдердің таралу облысы адамдар мен қоршаған ортасының арасында болады және адамдар үшін олардың қоршаған ортамен қатынасының ұстанымында бекітілген облыс ретінде бар болады. Сәйкесінше олар бір-бірінен сипаты бойынша белгіленетін және коды бар, олардың мағынасын түрлендіретін белгілі бір мәдени кеңістік түзеді» [55, 238 б.]. Мысалы, мифтер тобын талдай отырып, Клод Леви-Строс мынадай ойға келеді, «мифологиялық ойлауда үлкен семантикалық бөлімшелерді бекітуші кодтарға мифологиялық ойлау категориясының рөлі жатады» [56, 73 б.]. Мәдениеттану бойынша заманауи энциклопедия мәдениет тілі сөзіне түсінік береді: «білім берудің айқын түрге келтірілген немесе айқын емес ережелері, оның элементтерін қолдану және мағынасын түсіну және коммуникативті және тікелей үрдістерді (мәдени мәтіндер өндірісі) жүзеге асыру үшін қызмет ететін ішкі құрылымы (тұрақты қатынастар кешені, инвариантты, кез келген өзгерістерде) бар мәдени объекттердің жиынтығы». Бұл жағдайда дәл «білім берудің айқын немесе айқын емес ережелері, оның элементтерін қолдану және мағынасын түсіну» мәдени кодты құрайды. Мәдениет тілі мәдениеттің өзі сияқты әр түрлі типологияға ие. Мәдениет тілін белгілі бір шындықтың облысына және адам әрекетіне (өнер тілі, математика сленгі) байланысты; белгілі бір субмәдениетке (этникалық,

кәсіби, тарихи-типологиялық және т.б.), тілдік қоғамға (ағылшын тілі, хиппи тілі) жатуына байланысты; белгілік ұғымына, оның типтері (вербальды, ым-шаралық, графикалық, иконалық, бейнелік, түрге келген тілдер) мен түрлеріне байланысты – белгілі бір мәдени тәртіпке (шаш үлгісінің тілі, костюм тілі) байланысты; ойды жеткізу саласы (ақпараттық мазмұнды, эмоциялы жеткізу, экспрессивті мағыналы) және белгілі бір қабылдау тәсілінің бағыты (рациональды таным, интуитивті таным, ассоциативті теңеу, эстетикалық сезім, дәстүрлі топқа жату) бойынша; ішкі грамматикалық, синтаксистік және семантикалық ережелер (семантикалық ашық және жабық тілдер, толық және толық емес және т.б. тілдер) саласы бойынша; белгілі бір коммуникативті және тікелей жағдайлар (саяси сөйлеу тілі, ресми құжаттар тілі) бағыты бойынша; осы немесе басқа мәдениет деңгейінің, осы немесе басқа арнайы түрдің, осы немесе басқа субмәдениеттің танымалдылығы және басым бағытының көзқарасы бойынша саралауға болады [57, 69 б.]. Мәдени код семантико-семиотикалық мәнімен барлық аталған деңгейге келетіндіктен, мәдени код мәдениет тілі ғана емес, кез-келген мәдениет үлгісі үшін әмбебап ретінде де саналады.

Философиялық көзқарас тұрғысынан мәдениет бір-бірінен бөлуге, белгілеуге және жазуға болатын заттар мен ойлардың жиынтығы ретінде ғана түсіндірілмейді. Адамның бүкіл әлемі – бұл оның мәдениетінің әлемі, және мәдениет мәселесі – адамның өзінің, тұрмысқа деген адами тәсілінің, өзіне деген қатынасының мәселесі. Сондықтан мәдениет мазмұны адамның әлеуметтік тұлға, оның шығармашылық мүмкіндіктерінің өрістеуі, қатынас және таным түрі ретінде дамуында көрсетіледі. Әдетте зерттеушілер мәдениеттің келесі қызметтерін бөліп көрсетеді: адами шығармашылық, ақпараттық, гносеологиялық, коммуникативтік, реттеушілік, аксиологиялық, сигнификативтік және праксиологиялық. Мәдениет дамуы және қалыптасуының негізгі заңдылықтарына мұрагерлік, мәдени дәстүрлерді жеткізудегі тұрақтылық, өзіндік тұрмыс және бірегейлік, ұлттық код және жалпы адамилық жатады.

Тілдің мәдени қызметін қарастыратын болсақ, адамзат баласы үшін атқарар қызметі мол тілді әрі таза, әрі өткір, ұқыпты, терең дүниетанымдық дәрежеде қолдана білу- үлкен мәдениеттің нышаны.

Тіл мәдениеті – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі, сонымен қатар ол – тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы.

Тіл мен мәдениет – егіздеген де, ең алдымен біздің көз алдымызға аса бай рухани және материалдық мәдениеттің тілдегі бейнесі ретінде қалыптасып, халық жадында, санасында сақталып, олардың игілігіне жарап, елеулі қызмет атқарып келе жатқан мыңдаған, миллиондаған жай сөз, сөз тіркесі түріндегі мағыналық бірліктер елестейді.

Тіл – қоғам мүшелерінің өзара сойлесіп, пікір алысатын қатынас құралы болғандықтан, қоғамның өзгеріп дамуына байланысты оның тілі де жарыса өзгеріп, дамып отыратындығы жалпы тіл саласына анықталған

қағида. Жаңа адамның әлеуметтік тұрғыдан рухани өсуі мен байланысты оның этикалық, эстетикалық тәрбиесі, мәдениетті және жалпы білім дәрежесі, болашақтағы ғылыми ой-өріс тіл, тіл мен мәдениетті өсіп қалыптасатыны белгілі. Тәл мәдениеттің басты белгісі – оның тазалығы. Тіл тазалығы дегенде тілдегі қолданатын сөздер, сөз тіркестері және сөйлес құрылысы жалпы жұртшылыққа бірдей түсінікті әдеби нормада болуымен қатар мәдени символдық терең мағынасында қолдану. Сонда, тілдің символдық қызметі дегеніміз не? Жалпы біздің қоғамда қолданыс тапқан сөздеріміз символдық қызмет соның ішінде мәдени символдық қызмет атқарып жүр ме? – деген сұрақтарға жүйелі түрде артынан тоқталамыз. Тіл ұғымына зерттеуші ғалымдар мыңдаған анықтамалар берді. Тіл – адамның ішкі рухани әлемінің көрінісі мен ақпараттардың сақталуы, таңбалардың жүйесі ретінде ауызша және жазба сөзінің қызметі, тіл, сөз және сөйлем, олардан мәтіндердің құрылуы болып саналады. Тілдің логикасын синтаксис құратын болса, тілдің мағынасын семантика, ал практикалық мәнін прагматика ретінде бейнеленеді.

Барлық мәдениет әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік те, биологиялық та антиномиямен тізбектелген. Зерттеушілер жиі осы не басқа тілдің (материалдық және идеалдық, мейірім және зұлымдық, жан және дене, кездесу және айырылысу және т.б.) материалында жүзеге асқан бинарлық оппозиция зерттеулерін ұсынады.

Бұл жиынтықта екі қарама-қарсы бастау – ер және әйел адам ұсынылған. Оның әрқайсысында тұрмысқа деген өзіндік ерекшелік бар, дегенмен де бұл екі бастау бір-бірімен байланысты және бір-бірін түсінеді.

Ежелгі Қытай үшін бұл инь-ян бірлестігі. Адамзат әрқашан осы табиғат бастауларын тірек етеді, бірақ олар сирек жоққа шығару жағдайларында болады. Еуропалық мәдениет рационализмнің, жеке меншіктің, конституциялық құқықтың отаны болғандықтан, әрине ер адамдардың басымдылықтарына бағытталады. Мұның дәлелі осы не басқа тілдің материалын гендерлік зерттеуде немесе бірнеше тілдердің материалында салыстырмалы аспектіде негізделген. Кең әлеуметтік-мәдени контекст фонында тілдік мазмұны анық білінетін табиғи тіл түрлерін мақсатты түрде зерттеу күмән туғызбайды. Осы байланыстан соңғы кезде жалпы ғылыми теория және сана үшін лингвистикалық, логикалық, культурологиялық түсініктер зерттеуінен тұратын тілді логикалық талдаудың беталысы күшейіп келе жатыр. Тілді логикалық талдау нәтижелерінің бірі болып алдын ала тілмен жүзеге асатын негізгі әлемдік көзқарас түсініктерінің семантикалық моделдерін анықтау табылады. Тілді логикалық талдаудың ары қарай келешегі өңдеулерден тұрады:

- 1) осы немесе басқа тұжырымдамалық алаңға жататынын көрсететін атрибуттар жиынтығынан;
- 2) құндылықтар жүйесіндегі негізделген орын анықтамасынан;
- 3) адам өміріндегі қызметтер нұсқауларынан.

Тіл туралы көптеген зерттеулердің мәліметіне сәйкес заманауи лингвистикада структурализмнің әр түрлі модификацияларында ұсынылған жүйелі-құрылымдық парадигманың «объективті» мәліметтеріне жасалған акцент тілдік ортасында өзіндік «өмірлік әлемді» әр түрлі әдістермен үлгілейтін, объективтейтін және құрылымдайтын субъектке жылжиды.

Тіл мен логиканың қарым-қатынасы зерттеушілерді қызықтырды. Тіл мен логиканың өзара байланысы келесі түрлермен белгіленген: тілдік және логикалық түрді бір-бірінен бөлуге болмайды, логикалық түр тіл түріне, тіл түрі логикалық түрге біріктірілген, тіл – бұл тілдік және логикалық түрдің біріктірілген «қорытпасы» [58, 92 б.].

Осы мәселеге назар аударған ХХ ғасырдың философиялық бағыттарының арасында «лингвистикалық талдау» деп аталатын аналитикалық философияны атап өткен жөн. Логикалық позитивизмге қарағанда 40-50 жылдары белсенді дамыған аналитикалық философия тіл мен шындықтың өзара-біржақты сәйкестік туралы тезисімен келіспейді. Тіл әлем көрінісі ретінде емес, құрастыру құралы ретінде көрсетіледі. Лингвистикалық философияның басты объектісі ауызша, табиғи тіл болып табылады, себебі оның өкілдері керемет тіл жүйесінде шынайы тіл байлығын толық көрсете алмайды деп ойлады. Лингвистикалық философия өкілдері табиғи тілдің логикалық құрылымын талдауда және оның семантикалық мүмкіндіктерін оқуда нәтижелерге жетті.

Аналитикалық философия бір қарағанда лингвокультурологиядан біршама алыс, мәдениет пен тілді біріктіретін жаңа ғылыми пәнді қалыптастыру үшін базалық болатын ережелерді негіз етіп алады: тілдік қашықтықтың және эпистемологиялық тәуелсіздік болып табылатын заттардың тәуелсіздігі туралы ой қозғалады. «... Тілдік ойын аталатын орталық ой тілге «тіл мен шындық арасындағы айырмашылық өздігінен жойылатындығынан, лингвистикалық сөйлем, міндеттер және объектілер көкжиекті қалыптастыратын сөз актілерін» қосатынын болжамдайды» [59, 175 б.]. У.Л. Витгенштейн тілді оны қолдануынан ішкі бөлінбейтін деп қарастырады. Тіл тілдік ойын түрлерінен – тіл және оның қолданылуы үзілмес бірлестік түзетін әр түрлі лингвистикалық контексттерден түсіндіріледі.

Логикалық категориялардың тығыз байланысы тіл түрлерімен тілдік құрылымының латентті семантикалық ерекшеліктерін табуға мүмкіндік беретін табиғи тілдің логикалық құрылымын оқу қажеттілігін негіздейді. «Тек логикалық талдау лингвистика объектінде - заманауи тілді – өзіңді табу ол адами абстрактілі ойлау екенін көру, анықтау мүмкіндігін береді [60, 31 б.]. Осылайша, тіл мен логиканың қарым-қатынасы тілтануды тұтасымен дамыту үшін де, лингвокультурологияны жеке дамыту үшін де бастапқы мәнге ие.

Мұнымен қоса, зерттеулердің заманауи деңгейі үшін қарастырылатын мінездемелердің безендірілетін және эксплицирленетін өзіндік ұлттық-тілдік «матрица» есебінсіз тіл жүйесінің бөлек сипаттамаларын жазу және анықтау

жеткіліксіз. Тіл заманауи зерттеулерде күрделілігі және құбылыстың көпқырлылығы бойынша ерекше етіп көрсетіледі, бұл бір уақытта қатаң құрылымдалған және мұндай құрылымды бұзушы, сонымен қатар үрдіс, әрекет және оның нәтижесі; бұл әлеуметтік және жеке, әмбебап және лингвоерекшелікті біріктіруші қорытпа, нормалар мен нормадан ауытқушылар; бұл ойлау қабаты мен объективациясы, ойлаудың өзін аздаған мөлшерде анықтайды. Тіл барлық адамзат мәдениетінің кілті және бөлек этностар мәдениетінің кілті ретінде қарастырылады.

Замануи стратегия мен механизмдерді, номинацияны және сөйлеуді талдау кезінде ойлаудың тілмен байланысында өзекті басты рөлді алады, оның адамға үдеуінде атау және коммуникация субъектісі, сонымен қатар когниция тасушы ретінде алдымен септігін тигізді. Когниция «әлемді қабылдаудың психикалық (ментальды, ойлы) үрдісінің, қоршаған ортаны жай бақылаудың, категориялаудың, ойлаудың, адамға әр түрлі сезімдік-перцептуальдық каналдары арқылы келетін, не адаммен интериоризделген және реинтерпретацияланған ретінде келетін ақпаратты өңдеудің жиынтығы» ретінде анықталады [61, 5 б.]. Когниция адамның қоршаған ортамен шынайылығын және өз-өзін және әлем картинасының тұжырымдамалық құрылысын сезінетін қасиет ретінде шығады. Когниция – санадағы шындықты идеалды жаңғырту үрдісі. Бұл терминмен сенсомоторлық тәжірибе үрдістерін де, шындықты қабылдауда танымның сезімдік және рациональды деңгейі түрінде қатысатын ойлау және сөйлеу де белгіленеді. Таным тек жеке әрекет ретінде ғана емес, сонымен қоса ол әрқашан тек жеке емес, қоғамдық тәжірибемен органикалық байланысқан тарихи нақты тіл құралдарының мәдениеті шеңберінде жүзеге асады. Мұнымен қоса замануи лингвистиканы тек қана сананы жеткізу тәсілдері емес, сонымен қатар тұжырымдаманың ерекшеліктері және генерирлеу механизмдері мен тіл құралдарының категориялау шындығы қызықтырады.

Антропоорталық парадигманың жіберу нүктесі – өзіндік пәндік-тәжірибелік және абстрактілі-теориялық әрекет көмегімен адам әлемді өзін сезіну арқылы тануының дәлелі. Тіл адам өзінің қоршаған ортаға деген маңызды сипаттамаларын осы шындық танымға келетін, сыпайылыққа келетін болуы үшін жобалайды. Қалай болғанда да мұны әлемнің тілдік қайталама презентацияларынан көруге болады. Бұл туралы әлем хаостан бас тартып, үлкен ғарыштық патриархальды отбасы ретінде ұсынылған ежелгі мифтерден байқауға болады. Қоғамдық ел адамы үшін көптеген табиғат құбылыстарынан, жерден, аспаннан, күннен, өлмес құдайлар желінен көреді, тілмен айтылған нәрсе әлем картинасын детерминирлейді. Бұл көзқарастар жаңғырығы тілмен ұсынылған бейкүнә әлем картинасын сақтайды. Бейкүнә әлем картинасы заманауи адам үшін көптеген метафорларға толы. Тілдік метафоризацияның өзі универсумде адамды оқшаулаудың санасыз артықшылықтарымен жиі елестету мүмкін емес. Мұндай ұйымдастыру тәсілі әлем тілінде нақты өлшемі бар және жоқ, орталық және периферия, қажетті және кездейсоқ ретінде адам өзі тұрады, когнитивті ғылымда, соның ішінде

лингвистикада софисттердің жариялаған шара барлық заттар және объектісіне айналады. Л. Витгенштейннің «мағынасын білу – демек қолдану ережесін білу» деген тезисі тілдік түсіндірме құралы ретінде нақты заттық әрекетті қолданатын тілдік тұлғаға назарын аударады. Антропоорталық парадигмада лингвистикалық зерттеу затын құрастыру әдістері өзгерді, жалпы зерттеу әдістері мен ұстанымдарын таңдаудағы тәсілдер түрлендірілді, бірнеше бәсекеге қабілетті лингвистикалық жазбаның метатілдері пайда болды.

Тіл мен мәдениеттің белсенді екі жақты өзара байланысымен байланысты мәселенің қайта қаралуынан антропоорталық парадигманың өзіндік қалыптасуы мүкін болды, ол өз кезегінде күшті жаңа зерттеу толқынын тудырды. Тілдік тұлға коммуникациямен көп аспектілі тұлға ретінде байланысқа түседі және ол стратегиялармен және сөйлеу қатынасының тактикаларымен, коммуниканттардың психологиялық және әлеуметтік рөлдерімен, коммуникацияға қосылған ақпараттың мәдени ойларымен қатынасады. Біз үшін «... лингвистикадаға антропоорталық парадигма – бұл тіпті зерттеуші дәстүрлі – жүйелік – құрылымдық – парадигмада жұмыс істейтін болса да санасуға тура келетін» ұстанымдық жағдай болып табылады [62, 45 б.].

Тіл адамның бастапқы мінездемесі болып саналады, адам санасы сөйлеуді қабылдау және қайта жаңғырту қасиеттері сияқты тіл шеңберінсіз мүмкін емес. Сөз сана мен ойлайтын заттың арасында болады, сол және басқасының тұрмысына араласады. Ол оларды бір-бірінен бөлектетеді, сол арқылы пайда болатын сөз арқылы сол заттың өзінен зат туралы ойды айыруға болады. Тілдің арқасында ойдың өзі зерттеу заты болуы, ол мұра арқылы едәуір түрде берілуі және объективтелуі мүмкін. Біздің ойлау қабілетіміз тек тілдік қабат және түр түрінде танылуы мүмкін, онда адамның әлемі («өмірлік әлем») адамның өзімен тіл тұрмысының тәсіліне байланысты қол жеткізеді. Әрбір зат біз тани алатын кейбір тұлғаның тасымалдаушысына айналады. Вербальды мәннің арқасында зат адам санасының мазмұны болады, адам танымына берілген қандай да бір затқа айналады. Белгілі болғандай адам ойының құрылымдық ұйымдастыру ерекшелік күшімен, жеке тұлғаның ішкі және сыртқы әлеммен көпқырлы қатынасымен адам өзі тілдік ұғымдардың әр түрлілігін негіздейтін тілді көпмөлшерлі түрде жобалайды. Осыған байланысты түрік тілдерінің материалдарынан, адам өзін вербальдайтынын және әлемнің бейкүнә картинасынан өзімен «танымданынын» жазатын каналдардан адамның ішкі әлемін сипаттайтын тұжырымдамалардың когнитивті семантикасына талдау қызығушылық тудырады. Семантикалық құрылымның әр түрлі құраушыларын табу тілдік экспликация және тұжырымдаманың ерекшеліктерін табуға мүмкіндік береді. Мұнымен қоса біз ақпаратты алу әдісі және тұжырымдау тәсілі ішкі әлем тұжырымынан көрінеді деген болжам жасаймыз. Адам туралы түсінік өздігінен пайда болмайды, танымдық тәжірибенің мәліметтерін топтастыру нәтижелерінен пайда болады. Сондықтан оны ішкі әлем элементі деп

қарастырса, онда вербальды мәнге ие болады, дәстүрлі үштік – тіл, ой, ойлаудың референт-объектісі және номинациялары деп қарастырады. Адам танымы материалдықты, «сыртқыны», объектілі тұрмыс фрагменттері сияқты сенсорлық қабылдауға негізделген. Мұнымен қоса М.М. Бахтиннің сөздерімен айтқанда: феномен «өзіне айнаға өзінің және басқаның көзімен біруақытта қарау арқылы» іске асады [63, 26 б.].

Адамның визуальды тәжірибесі көру түйсігі актілерінде пайда болатын сенсомоторлық тәжірибелердің нәтижелері болып табылады және перцептивті жинақтамалардың мінезіне ие. Адамның ішкі ойы тікелей бақылауға келмейді, мінсіздің әлемі қандай да бір тікелей объективті шындыққа балана алмайтын зерттеу объектісі ретінде шығады. Осыған байланысты ақпараттың тілдік номинацияларында бекітілгендерді ашу үлкен мағынаға ие болады, түрік картинасында адам әлемі лингвомәдениеттану шеңберінде қалай құрастырылатынын талдау қажет.

Соңғы жылғы зерттеулерде адам өмірінің рухы (жан, рух, жүрек, ақыл) орталығының ерекше «психика константтары» [64, 9 б.] деп анықталатындар әлемнің әр түрлі ұлттық тілдік картиналарының фрагменттері ретінде зерттеледі, олардың әмбебап құрамы және мәдени өзіндік әртүрлілігі пайда болады. Ішкі әлем тұжырымдамасын сипаттау, оларды әр түрлі культурологиялық және әр түрлі тілдік материал деңгейінде зерттеу ішкі әлемнің инвариантты тілдік және оның мәдени-ұлттық инварианттар, модификациялар құрылымын анықтауға көмегін тигізеді. Мұнымен қоса адамның не кез келген басқа объектінің немесе абстрактілі түсініктің ішкі әлемін қабылдаудың маңызды екенін айта кету керек, ол жалпы қормен анықталған әлем репрезентацияларымен детерминирленеді. «Әлемнің тұтас көрінісі кез келген сезімдік қабылдауды және сезімдік бейнені құрайтын дәреже ала алатын ешқашан жоғалмайтын және тұрақты фон болып табылады» [65, 87 б.]. Мұны оның қажетті құраушыларын талдау арқылы зерттеу – заманауи зерттеулердің ағымының көп болғанына қарамастан, аяқталуына әлі ерте лингвомәдениеттанудың өзекті міндеті. Әлеуметтік және антропологиялық мәдениеттің пайда болуымен о бастан адамзат қоғамын толғандырып келген «бітпейтін» сұрақтар күшейіп кетті.

Шынайы қоғам – нақты адамдардың біріктірілген жиынтығы, әрекет етудің әр түрлі түрлерінің арқасында түзілген, яғни ұтымды және мақсатты бағытталған, бір жағынан ұтымды ойға қиын бағынатын, басқа жағынан – адамдардың ортақ әрекетінің жиынтығынан. XX ғасырдың 60-80 жылдары батыс зерттеушілерімен белсенді зерттелген дискурстің ұтымсыз қырлары мәтіндік түрдегі талдаудан анық білінеді. Ұжымдық санасыздық деңгейінде пайда болатын дискурс талдауы және ойлаудың тәуелділік талдауы әлеуметтік-рухани факторлардан, орынды және автордың рөлін қайта қарау туралы тезистен, қайта құрастырушылардан жұмыс алған және постмодернизмнің маңызды қайнар көзі болды. Теориялық тұрғыдан лингвокультурологиялық зерттеулер нәтижелерімен тілді әр түрлі философиялық зерттеулерді байыту әр түрлі аралас заттар торабында жаңа

заманауи тіл тұжырымдамасының дүниеге келуін тудыруы мүмкін. Теориялық лингвистиканың қалаушысы В. фон Гумбольдттың сөзінен үзінді келтірсек. Ол «егер кімде-кім тіл табиғатын ойласа, тіл – түсініктер белгісін қолданатын кездейсоқ немесе еркін жиынтық деп айтпас еді», – деген болатын. [66, 133 б.].

Мәдени код семиотикалық жүйелерде сақталады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда ол ұлттық маңызы бар деректерден тұрады. Бұл деректердің түп-төркіні, таралуы, шығу көзі белгілі бір аймақтағы халықтың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Тілдің негізінде коммуникативтік және танымдық қызметі жататыны белгілі. Адамдардың өзара байланыс құралы болуы – басты да мәртебелі қызметі. Екіншіден, тіл – жер бетіндегі адам баласының қоғамда бірлесіп өмір сүруінің өркениетті дамытып, мәдениетті қалыптастыруының негізгі кепілі болатыны да белгілі. Қоғамның эволюциялық дамуындағы тілдің ролі аса маңызды болатындығын ешкім жоққа шығара алмайды. Тілдік қарым-қатынас, тілдік ортаның болуының өзі адам танымының дамуы мен өркендеуіндегі басты фактор болғаны даусыз.

Тіл қоғамдағы адамдардың қарым-қатынас құралы ретінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан қоғам өмірінде де, адам жасаған мәдениет салаларын айқындауда да тілдің маңызы зор болатыны заңды. Тіл – адамның іс-әрекет етеу процесінде танымдық және коммуникативтік қызмет атқаратын, табиғаттың кез-келген құбылысын бейнелей алатын таңбалар жүйесі. Семиотикалық тұрғыдан алсақ, тілді табиғи және жасанды таңбалардың жүйесі ретінде екіге бөліп қарастыруға болады. Табиғи тіл дегеніміз – күнделікті өмірде қолданылатын, адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы болып, санадағы ойды, ұғымды бейнелейтін кешенді дыбыстық жүйе. Ал жасанды тіл адамдардың өзара келісімі бойынша жасалады [67, 98 б.].

Мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі әрі өте тығыз. Бұл байланыстың қыры мен сырын тану, таныту оңай емес, ең алдымен, әр алуан сипаттағы мәдени процесстер тілге өз әсерін тигізе ме? Егер әсер етер болса, ол қай дәрежеде болады?

Мәдениет адам қолымен жасалатын құндылық болғандықтан, ол таза табиғи процесс ретінде таныла алмайды. Мәдениет – әлеуметтік дамудың жемісі. Тіл адам баласының әлеуметтік тарихында жасалған дүниетанымын негіздейді, белгілейді. Сондай-ақ тіл адамның биологиялық табиғатымен байланысты да қарастырыла алады. Дыбыстың жасалуы сөйлеу мүшесі арқылы орындалатындықтан, тілді биологиялық құбылыс ретінде тану да орынды болмақ. Дыбыстардың жасалу жолы анатомиялық, психофизиологиялық сипатта болғандықтан, тілдің өзін де табиғи құбылыс ретінде тани аламыз. Демек, тіл екі жақты күрделі құрылым. Ол бір жағынан табиғи процесстің нәтижесі бола алса, екінші жағынан әлеуметтік құбылыстарды таңбалаушы ретінде де бағаланады. Әр тілде сөздің мазмұны мен мәні белгілі тұлға арқылы таңбаланады. Адам лебізінің тууы мен қабылдану заңдылығы, терең құрылымдық сипаты тілдің табиғатын айқындап тұрады [68, 63 б.]. Ал, өз

кезегінде, мәдениет те тілдің мазмұнын айқындай алады. Адам қолынан шыққан сан түрлі бұйымдарды, қоршаған ортадағы құбылыстарды, қоғамдағы қатынастарды, адам мінезінің сан алуан қырын, рухани таным-түсініктерді, дәстүрлі тағылымдарды атау қажеттілігі тілді дамытып отырады. Мұның өзі тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мен байланысын нақтылай түседі.

Жалпы тіл білімінің ірі өкілдерінің бірі В. Гумбольдт тілді адам рухының көрінісі, танымның бейнесі, жанының тереңінен шымырлап шығатын, сөйтіп оның бүкіл болмысына қан жүгіретін халықтық энергия ретінде түсіндіреді. Тіл бүкіл адам баласының іс-әрекетінің, таным түсінігінің қиялы жеткен күлі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі. Себебі, адамның ой санасының құдыреті ұлы күш болуының негізгі шарты тіл. Рухани мәдениеттің негізі – тіл. Тіл негізінде кез-келген этномәдениетпен этнопсихология қалыптасып дамиды. Қазақ халқының табиғи тіршілік жүйесі оның жалпы дүние танымын қалыптастырғаны белгілі дүние танымның тереңдігі философиялық мәні мен маңызы ұлттық мәдениеттің өн бойына тараған. Тіл негізінде адамдар қауымы құралып мәдениет, өркениет өнер жасалады. Осының бәрін ескерсек, тілді мәдениеттің өзге салаларымен тең дәрежеде бағалау дұрыс болмайды. Өйткені тарихы терең тіл қоғамдағы барлық өзгерістердің орындалуының негізгі факторы болған. Ал, адам қолымен жасалған материалдық мәдениеттің немесе дүние таным негізінде дараланатын рухани мәдениеттің үлгілері тек тілдің жетекшілік ролі арқылы ғана іске асырылып, атадан балаға мирас етіледі.

Ұлттық мәдениетіміздің тұғыры тіл деп есептесек, оның көркем тәжі әрине – сөз өнері. Мәдениеттің сан тараулы арналары сөзбен өрнектеліп, тілде айқын көрініс табады. Әрі осы мәдени арналар тілге де нәр береді, оның баюына, өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Рухани және материалдық игіліктердің қай-қайсын алсақ та, оның ұғымдық өзегі сөз жүйесі арқылы қалыптасып, жүйеленеді, сөздің жүйесі негізінде баршаға ортақ болып жадта таңбаланады. Адамзат мәдениетінің дамуына сай әрі қарай сәулеленеді. Кез-келген мәдениеттің өсуі мен өркендеуінің дәреже-деңгейі де осы сөз өнерімен өлшенуі тегін емес. Сөз – таңба. Таңбалану арқылы санада туындаған ұғымдар кейін өзінің материалдық бейнесіне ие болады. Яғни, ой сөз ретінде жалғасын табады. Егер зат пен құбылыс сөз арқылы таңбаланып, материалдық тұлғасын таппаса, онда бұл туралы таным да қалыптаспаған болар еді.

Халықтық таным мен түсінік дүниеге әкелген көптеген ұғымдар сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық сана-сезімді, әдет-ғұрыпты, тәлім-тәрбиені, ұлттық ойды жеткізуші, қалыптастырушы қызметін атқарады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерінің бағасын халықтың өзі-ақ тереңнен зерделеген.

Мәдениет – толыққанды өмір сүрудің бірден-бір шарты десек, алдымен оның тіл тану және тіл табысу өлшемдерін еске аламыз. Түбірлей түссек,

«мәдениет – тіршілік ету жолындағы еңбек-бейнеттен туған, табиғатпен адами ортамен үйлесімді өмір сүре білу өнері. Мәдениет – ол тарихи тәжірибе айтып берген дағдылы машықтардың, рұқсат етулер мен тиым салулардың тұтас бір жүйесі», – дейді [69, 72б.].

Дегенімен мәдениет тіл сияқты өзіндік сипатын сақтайтын ашық жүйе. Тіл мен мәдениетті тарихи тұрғыдан қарасақ, екі жетістікті де жалпы адамзаттықжәне ұлттық құндылықтың жиынтығы, нәтижесі дерлік. Ол дегеніміз тіл мен мәдениет даму заңдылығы бойынша біртұтас құбылыс және жетістік, ал қызметі мен ықпалы бойынша көрінісі әр түрлі ағым, қарқынды құрал. Тілдің даму заңдылығының жүйесі жеке кезеңнен, ұлттық ерекшеліктерден, саларалық көріністерден тұрады. Бірақ олардың біреуімен де шектелмейді. Тіл адам тарихымен тамырлас, ұлт тарихымен түптес. Тіл – тарихтағы мәдени арна тұтас құбылыс. Тарихтағы тұтастық құрамын Біржақты жұтып қоймайды. Онда сыңарлықтан гөрі, ықпалдылық айқын, бірін-бірі байыту басым. «Толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес... Ұлттық сана, ұлттық код – ұлттық тілмен қалыптасады» [70, 51 б.].

Мәдениетті мәдениеттің бір де бір саласы тіл алдында оқып білгендей білу мүмкін емес. Тілдің мәдениетке әсері мейлінше терең, ол кешкі және жасырын сипатқа, мейлінше дерексіздікке ие. Осыған қатысты Б.Л. Уорф «Мәдени нормалар мен тілдік модельдердің арасында байланыс бар, бірақ тікелей байланыс емес, ұзақ тарихи жағдайдағы тіл мен мәдениетті бір бүтін деп оқығанда ғана осы байланыстар байқалып қалады», – дейді [72, 54б.].

Қазақ дүниетанымының, мәдениетінің тұғыры – тіл. Мәдениеттің бастау бұлағын көне далалықтардан алатын қазақ халқының барлық дәстүрлі өнері сөзбен кестеленіп, таңбаланған. Мәдени-рухани мұралар да, материалдық игіліктер де тілде өзінің көрінісін тауып, заманалардан заманаларға ауысып, мирас болып қалып отырған. Бәлкім кейбір көненің көзі саналатын материалдық-рухани игіліктердің өзі тарих сахнасынан шығып қалып, бізге жетпеген болар. Ал, оның атауы сөз жүзінде мәңгілік бейнесін сақтап қалған. Біздің болашақтағы мақсаткөне сүрлеулер арқылы барымыздың базарын таныту, болашаққа дәстүрлі сөз өнерінің мәйегін суалтпай жеткізу болса керек.

«Тіл – ұлттың тірегі, ұлттық мәдениеттің негізі» деген қағидалар тіл мен мәдениет арасындағы ажырағысыз байланысты танытып, осы байланыстың арқауы ана тілі бойында сан ғасыр өтсе де бар асылын еш шашаусыз жиып, болашаққа сақтап жеткізу игілікті қасиет болып табылады. Дүниедегі мәдениет халық өмірінің айнасы іспетті. Әр халықтың мәдениетінің өмірінен хабар беретін атаулар мен құбылыстар тіл ғылымында лингвомәдениеттану сипатында танылған. Сондай-ақ халықтың мәдени өмірінің негізгі көрінісі – эпос жырлары мен шешендік сөздерде өріліп сақталған.Тіл әрбір ұлттық мәдениеттің ең маңызды және арнаулы құрылымының бірі және түрлі халықтардың мәдениеті, дәстүрі, салты, таным мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Мәдениет тілдің таңбалық жүйесінің мазмұнын анықтайды. Әрбір мәдениетте халықаралық және ұлттық сипат бар

сондай-ақ әр бір тіл семантикасында адамзат мәдениетінің жалпы әмбебап компоненті және белгілі бір халықтың өзіндік мәдениеті көрінеді. Мәдениет тіл сипаты мен тұрпаты әсіресе түрлі мәдениетке негізделген тілдердің түрлісін қарастырғанда анық байқалады, сондықтан да Э.Сепир «Тіл мәдениетін танудағы басқарушы бастама ретінде жоғары бағаға ие болып отыр деп көрсетсе К.С. Горбачевич. «Тіл тек мәдениетті құрастырушы құрал ғана емес, ол мәдениет ескеркіші, ұлт өмірінің айнасы», – деп баға береді [73, 216.].

Біз тілді, әдетте «аса маңызды қатынас құралы», өзара түсінісіп, пікір алысудың тәсілі, рухани мұрамызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады деп дәріптейміз. Бірақ адамзат өміріндегі тілдің мін мағынасы мен қызметі, міндеті мен мүмкіншілігі бұлармен ғана шектелмейді. Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамсыз тілдің де болмайтыны рас. Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, менталитет деп санайтын құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл философиясына барып тұрақтайды. Тіл – адамның психикалық өміріндегі дыбыс пен жазудағы символдың көрінісі.

Тіл – әрбір ұлттың мәдени кодының ең маңызды және арнаулы құрылымының бірі. Әр халықтың мәдениеті, дәстүрі, салты, таным мен талғамы арасындағы айырмашылықтар тілде айқын көрінеді. Сондықтан ұлттың мәдени коды сөз болған кезде біз болмысты түсінудің басты кілті – ол ұлттық мәдениет пен халықтың басты белгілерін қарастырамыз. Мәдени код – барлық адамзатқа тән құбылыс, халықтың өмірі, ондағы қоғамдағы түсінік және өткені мен келешегі болып табылады.

2.2. Қазіргі қазақ халқы мәдениетіндегі ұлттық мәдени кодтың дамуы мен насихатталуы

Мәдениет ешқашан дәл қазіргідей маңызды болмаған. Мәдениет іскерлік құжаттардың ресми тілінде – сала, бірақ шындығында – рух аясы, еркін кеңістік, қуат көзі. Бүгінгі күні қазақстандық қоғамда мәдениеттің дамуындағы ең маңызды рөл осы аяны реттеуі мемлекетке тиесілі.

Мәдениетте көп нәрсе үздіксіз жүзеге асады, сондықтан мәдениет пен оның өнімдерін қалыптастыратын институттарды кім басқарады және бұл мемлекеттің айрықша құзыреті ме деген сұрақтар мен мәселелерге әкеп соқтырады. Қоршаған тұрақсыздық жағдайында Қазақстан ішкі де, сыртқы да форматта әлем мен тұрақтылықты нығайтуға өз үлесін қоса алады. Бірінғай стратегияның жоқтығы мен мәдени аяны басқару органдарындағы бірнеше реттік өзгертулер оның құрылымын бұзды. Мемлекеттік мәдени саясат құрылған бұрынғы ресурстық база мен ұйымдастырушылық механизмдер ескірді. Мәдениетке көзқарас пен саясатты дамытудағы мемлекеттің рөлін түсіну өзгергені қуанышты жайт. Қазақстанның алдында бірқатар жаһандық сын-тегеуріндер тұр, олардың кейбіреуін белгілі бір деңгейде сауатты мәдени саясат құралдары арқылы шешуге болады. Сондай-ақ, бұл жерде мәдени көптүрлілік – басты негіз бола алады. Қазақстан халықтарының шынайы

бірлігі мәдениеттердің өзара бір-бірін байытуы негізінде ғана жүзеге аса алады, «тартылыс орталығы» мен заманауи мемлекеттің мәдени саясатын құрудың негізі қызметін қазақ мәдениеті атқарады.

Қазіргі күрделі де, алмағайып заманда әлем халқы рухани құндылықтарға адамзат өркениетін сақтап қалудың негізгі тұғыры ретінде қарауда. Әлем жұрты кейінгі кезде материалдық қызығушылыққа, тән рахатына басымдық танытқан Батыс әлемінен шегініп, рухани құндылық пен адамның жан дүниесіне аса мән беретін Шығыс мәдениетіне қызығушылық танытып келеді. Атам қазақ «Қолда бар алтынның қәдірі жоқ» демекші біз осындай ұлы Шығыс халқы мәдениеті мен өркениетінің бір бөлігі бола тұра, соның қадірін білмей келетін сияқтымыз. Бұлай дейтінім, қоғамда көп жағдайда – тұрмыста, қарым-қатынаста, тіршілікте батысқа соқыр еліктеушілік тенденциясы байқалады. Ал батыста отбасылық құндылықтар, салт-дәстүр, ұрпақ сабақтастығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты әдептілік нормалардың жоқтығы қаперге алынбайды. Бұл демократияны жамылып, рухани нигилизмге үндейтін ашық насихаттың салдары. Әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылу үшін қазақ халқына басқа елдің мәдениетін алып, дайын үлгі ретінде кигізу шарт емес. Сол сияқты белгілі бір мәдениетке толық еліктеуге де болмайды. Әр халықтың жағрафиялық жағдайына байланысты қалыптасқан өз ұлттық нақышы, тән менталитеті, лайық мінезі мен жолы және тарихы мен мәдениеті бар. Мәдениет – адам құндылықтарының, әсіресе адаммен байланысты болмыс мәнін айқындайтын мәдени құндылықтардың сыртқы көрінісі. Қазіргі жаһанданушы дүниеде мәдениетті және оның маңыздылығын өздігінен сараптау емес, мәдениеттің әрбір дәуірдегі даму деңгейін оның құндылығына және нақты уақыт кезеңіне қарай рухани-мәдени ерекшелігін семантикалық тұрғыдан ойлау маңызды. Мәдениет өздігінен, өзінің сыртқы пішіні арқылы (ал бұл көркемсурет, ән, би, кино және т.б.) адамның рухани болмысына терең әсер етіп, рәміздік сипатқа ие болады. Мәдениет мазмұнының сипатын айқындау өзіндік мәдениет үшін емес, мәдениет арқылы көрінетін адамның руханилығымен маңызды. Шынында да, қоғам өзгерсе, адам өзгереді, онымен бірге санамыз мәдениетіміз де өзгеріске ұшырауы мүмкін. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің рухани – материалдық бірлігін ұлттық киімнің рәміздік белгі қызметінің негізінен зерттеу дүниетанымдық алғышарттарын айқындауға мүмкіндік береді.

XX ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды дейді, – Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол мәдени кодыңды сақтай білу». Мәдени код қайда? Мәдени код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасатпен шырайланған. Мәдени кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік,

парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Мәдени кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иассауи, Абай мен Шәкәрім, Ахмет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың мәдени кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы мәдени кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Мәдени кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі. Мәдени кодқа негізделген ұлттық сананың кемелдене дамуын Елбасымыз үлкен мәселе етіп көтеріп, екі қырын атап көрсетеді: ұлттық сананың көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қатерінің» де бар екенін ескертеді. Ол қандай қатер деңіз? Қатер мынада: өзгенің ұлттық даму үлгісі жұрттың бәріне ортақ әмбебап үлгі бола алмайды. Елбасымыздың көрсетуінше, «іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда». Дер кезінде және нақты айтылған пікір дер едік. Елбасымыз бұл қатерді неге ескертіп отыр. Демек, өзге ұлттың даму үлгісінің бәрін көшіріп ала беру, өз еліміздің ерекшелігін, халқымыздың ділін, мінезін, рухани және материалдық құндылықтарымызды ескермеу бізде жоқ емес. Осы қатер туралы қазіргі басшылар да көп ойланса, нұр үстіне нұр болмақ.

Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан салты мен дәстүрі тағы бар. Мұны ескермеске шара жоқ әйтпесе, елді жаңғырту жолында прогресс емес, нағыз регресс болмақ. Бұл ескерту тек елді жаңғырту мақсаты үшін ғана емес, мемлеттегі түрлі салаға қатысты. Мысалы, көптеген лауазымды шенеуніктер өз саласын қарқынды дамытамын деген оймен шет мемлекеттен озық бір жобаны өзгертпестен сол қалпында алып келіп, халықтың менталитетін, ұлттық құндылықтарын немесе өңірдің жағрафиялық жағдайларын ескерместен, үлкен әрі қымбат жобаны іске қосып жібереді. Нәтижеде жеңіс те жоқ, жеміс те жоқ, есесіне бел-етектен шығын бар. Әбігерге түскен тағы халық. Елдің, халықтың ерекшеліктерін түрлі қырынан ескерген жөн. Сол сияқты әлемде қандайда бір елді жаңғырту үшін барлығына ортақ үлгі жоқ. Әр мемлекет өзінің даму жолын жақын етіп, өзі жасайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?» деген сұраққа былай жауап береді: «Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате

екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда». Осы орайда «Олай болса не қылмақ керек?» деген заңды сұрақ туады. Расында да алпауыт мемлекеттер кіші мәдениеттер мен халықтарды тіліне, дініне, дәстүрі мен тарихына қарамастан жалмап жұтып қойып жатқан мынау, жаһандану дәуірінде өзімізді, өздігімізді, яғни еліміздің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін бұзбай қалай сақтай аламыз? Бұған бір ғана жауап бар, ол – ұлттық рухымызды бойымызда мәңгі сақтау. «Мәдени код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [77]. Мәдени код – ұлттың қуаты. Ұлттық құндылықтар дегенде атадан балаға мирас болып келе жатқан, ана сүтімен бойға дарыған рухани құндылықтарды, имандылық пен инабаттылықты, қазақшылықты айтпақ хәм үйретпек керек .

Бұл отандық және әлемдік мәдениет құндылықтарына барлық әлеуметтік қабаттардың қол жеткізуін, мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау және қазір жанкештілік есебінен ғана аман жүрген шығармашылық одақтар мен бірлестіктерге тиісті назарды қамтамасыз етеді. Шығармашылық әлеуметтік қорғау мен патронажды, бір реттік акцияларды емес, мақсатты стратегияларды қажет етеді. Қоғамды алаңдататын мәдени үрдістер әлеуметтік және мәдени институциялардан тысқары бола алмайды. Сол себепті, бізге үшін мәдени даму тұжырымдамасы өмірлік қажеттілік. Мәдени саясат тұжырымдамасы – Қазақстан үшін көптен күткен құбылыс. Тұжырымдамадағы ең маңызды тұстардың бірі Қазақстан халқының сарқылмас шығармашылық әлеуетінің ұлттың мәдени коды арқылы дамуына нақты көзқарасы. Ұлттың мәдени коды мәдени ментальдылықтың бейнесі болып табылады. Ол ұлттық бейнелер, тіл, руханилық, халықтық дәстүр мен құндылықтар негізінде қалыптасады. Мәдени код ұлттың генотипін анықтайтын құрылым ретінде жеті кілттік буыннан тұрады. Олардың әрқайсысы біртұтастықта жеке мәдени феноменды білдіреді: мұра, дәстүр, әдет-ғұрыптар, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер мен өмір салты, мейрамдар.

Жеті элементтің әрқайсысының толыққандылығы кезінде олар мәдени кодқа өзара архетиптік байланыстардың ажырамастығы жағдайында ғана айналады. Бір элементтің жоғалуы немесе өзгеруінің өзі мәдени кодтың мутациясына алып келеді және нәтижесінде сәйкестілікті жоғалтуға, этникалық жадының мен халықтың мәдени генотипінің бұзылуына әкеп соқтырады.

Біріншіден, мұраны сақтау мен дамыту мәдени кодтың негізін салатын императиві болып табылады. «Мұра» деп халықтың бүкіл тарихы барысында жиналған материалдық және рухани құндылықтардың, білімнің және өмірлік қағидалардың бар кешенін түсіну керек. Қазақстанның мәдени мұрасы – консолидация мен біздің қоғам және мемлекетіміздің табысты дамуының сарқылмас әлеуеті. Халықтың дүниені танып білуі, өзі өмір сүріп отырған ақиқат дүниеге деген көзқарасы күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі, шаруашылығы мен кәсіби қызметіндегі тәжірибеге негізделген. Қандай да

болсын белгілі бір зат пен құбылысты тану, оның сыртқы бейнесі мен адамға тигізетін пайдазиянын ажырата білу, оның түрлі әсерін бақылап, түйсіну, күнделікті тәжірибеде қолданудың нәтижесінде жүзеге асады. Танылған заттар мен құбылыстар айрықша қасиеттеріне, өзіндік ерекшелігі мен пішініне, адам санасында қалдырған әсеріне қарай белгілі бір атауға ие болады. Бұрынғы тұрмыстағы адам ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жасалған сан алуан заттар, бұйымдар, құбылыстар халқымыздың этнографиялық мұрасы болып табылады.

Мемлекеттік мәдени саясат қоғамды рухани, мәдени, ұлттық біріктіруге және отандық мәдениеттің бүкіл ауқымы негізінде адамгершілікті, дербес ойлайтын, шығармашыл, жауапкершілікті тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы қажет. Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын құндылықтарға, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмге сүйене отырып азаматтарды тәрбиелеу мен білім беру жүйесін дамыту керек. Заманауи Қазақстанның мәдени дамуының стратегиялық векторы мәдени мұраны сақтау, зерттеу мен трансляция болып табылады. Әр мәдени кластер осы мақсатты көздейді, түрлі әдістер арқылы жүзеге асырады: мәдени туризм мен ғылыми ізденістен заманауи өнер арқылы мәдени мұраны өзектендіруге дейін. Осы контекстте креативті индустриялар қуатты механизм болып табылады, олар мәдени мұраны сақтап қана қоймай, сонымен қатар оны күнделікті өмірдің, жаңа ұрпаққа өзекті болатын, тірі әрі әрқашан дамиды дестүрдің ажырамас бөлігіне айналдыруға мүмкіндік береді. Бұның барлығын «Мәдени мұра» бағдарламасын «Мәңгілік ел» форматында дамыту қамқорлығымен іске асыруға болады. Ол үшін ірі көлемді ғылыми ізденістерді жалғастырып, мәдени мұраның көкейтесті мәселелеріне арналған басылымдардың таралымын көбейтіп; телевидение мен киноиндустрияның ресурстарын тиімді пайдаланып; заманауи мәдени кластерлерді дамыту аясында дербес арталандар (артплощадка) құру қажет. Осымен қатар мұраны сала бойынша зерттеуге қосқан үлесі үшін арнайы сыйлық пен марапат жариялау, өнер құралдары арқылы мәдени мұраны өзектендіруге екпін қойылған репертуарлық саясатты қайта қарау керек.

Екіншіден, дәстүрлер бір мезгілде мәдениеттің негізі де, оның дамуының басты шарты да болып табылады. Дүниетанымдық координаталарының әмбебаптығы, олардың қарапайымдылығы мен әсерлілігі дәстүрлер сабақтастығы арқылы мәдениеттің дамуын эволюциялық дамуын қамтамасыз етеді. Дәстүрлер бүкіл ұлт үшін жаһандық немесе белгілі бір отбасы үшін өзекті болуы мүмкін, бірақ барлығының мәдениеті мен тарихын алға бастыратын механизм ретіндегі маңыздылығы – сөзсіз.

Қазақтың, қазақ ұрпақтарының, қазақ ел-жұртының қалыптасуы – арман да ,аңсар да, мүдде-мұрат та болды, бола береді де. Ұлттық болмыс ұлттық мұраттың , ұлттық тәжірибе мен дәстүрдің бірлестігінен құралады. Ұлттық болмыстың бір жағын «Халықтық дәстүр – ұлттық рух – ұлттық идеология», бір жағын «ұлттық рух – ұлттық саясат – мемлекеттік бағдар» құрайды [78, 242 б.]. Қазір, Қазақстан қалыптасқан мемлекет болып, дамудың жаңа

сапалық деңгейіне өтуі кезінде дәстүрлер әр қазақстандықтың болмысының ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Қазақстанды әлем картасындағы саяси бірлік ретінде емес, біздің ортақ үйдің ұлттық идеясы, «Мәңгілік ел» отбасысы ретінде түсіну кешенді қайта өрлеу мен барлығына ортақ дәстүрлерді қайта жаңғырту негізінде ғана құрылуы мүмкін. Бұл жерде Шежіренің түп-тамыры бір әулет Шежіресі ретіндегі бірегейлігі рухани бірлікті түсіну бізді арыздастырмайтын емес, керісінше біріктіретінін дәлелдейді [79, 158 б.]. Бұл контекстте ұлттық мәдени кодты нығайтуда отбасы философиясы кілттік түсінік болады, себебі отбасы біздің ата-бабаларымыздан жеткен ең маңызды тірі дәстүр десек болады. Алайда, қазіргі уақытта бұл дәстүр басқалары сияқты жағымсыз өзгерістерге ұшырауда. Ажырасулар саны қауіпті деңгейге жетті. ҚР ұлттық экономика министрлігінің статистика бойынша Комитетінің баяндамасы бойынша тек алты ай ішінде ажырасулар санының екі процентке көбейгенін растайды. 2014 жылдың қаңтар-шілде айы аралығындағы ажырасулар саны 30,3 мыңды құрады, 2013 жылың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2%-ке артты. 1000 адамға шаққанда ажырасудың жалпы коэффициенті 3,01 бұзылған некелерді құрады [80, 64 б.]. Мемлекет қарауына қалдырылған балалар саны да, қазақстандық отбасыларда әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың саны сияқты үздіксіз өсіп келеді. Осы үрей тудыратын фактілер бүкіл дәстүрлер институтына қауіп төндіреді, себебі, біздің басты игілігімізге – аналық пен балалық – ел болашағының негізіне қол сұғады. Қалыптасқан мемлекет бағыты – 2050 Мемлекетті Стратегиясына сәйкес біз ата-бабалардан мұра болып қалған дәстүрлерден басқа, елдің жаңа саяси бағытын жүзеге асырудың асулы кезеңіне айнала алатын жаңаларын құруымыз қажет. Бұл жерде маңызды рөл мәдениетке беріледі. Мәдениет пен экономиканың терең интеграциясы – ақпараттық дәуірдің белгісі ғана емес, кіші бизнес секілді жаңа дәстүрлерді қалыптастыру әдісі болып табылады. Ол ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрге айналуы тиіс. Отбасының берік материалдық негізі – оның сенімді болашағының кепілі. Мал шаруашылығының жаңарған дәстүрлері ХХІ ғасырдың жаһандық сын-тегеуріннің бірі болып табылатын «жаһандық азық-түліктік қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерді» бейтараптандыруға салмақты үлес қосады. Осы дәстүрдің бастаулары бүкіл қазақ көшпелі мәдениетінің ерекшелігінің кілттік элементі. Бізге Қазақстанның дәстүрлері мен мәдени нормаларына сай келетін діни сананың заманауи дәстүрлерін қалыптасуы қажет. Бұл сонымен қатар, мәдени саясаттың міндеті және біздің рухани мұрамыз бен жаһандық сын-тегеуріндердің сәйкестендіру арқылы шешілуі тиісті. Мұнда тек Қазақстанда бар дәстүрлердің бірнеше мысалдары ғана және олардың барлығы бірлесіп тұрақты дамудың негізінен жаңа деңгейін қамтамасыз етуі мүмкін. Осы контекстте мақсатты түрде жобалық форматтағы ғылыми ізденістер, ірі масштабтағы пәнаралық зерттеулер жүргізу, көркемдік білім беру жүйесінің барлығын қайта қарау, кезеңдік ірі басылымдық жобаларды іске қосу, БАҚ іс-әрекетін мониторинг жасап конструктивті талқылау үшін

алаң құру қажет деп санаймыз (цензура болуы да мүмкін, әсіресе, діни тұрғыда) және т.б.

Үшіншіден, әдет-ғұрыптар халықтың өмірлік салты және қағидаларының біріктіргіш құралы болып табылады. Ұлттық генетикалық кодтың ажырамас бөлігі ретінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сабақтастығы – дүниетанымдық құндылықтарды тұрмыстық деңгейде беруді жүзеге асырудың аса маңызды факторы, ұлттық тірі дәстүрлердің тіршілігінің басты шарты болып табылады.

Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыстылық, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар аруағын сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, қанағатшылдық және т.б. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан.

Бірақ қазақ дәстүрлі мәдениетінде айшықталған әдеп ұстанымдары батыстық этика ұстанымдарынан басқаша, өзіндік бітімі бойынша тұжырымдалады. Біріншіден, кісілік қасиеттер ауызекі поэтикалық арнада көркемдік суреттемелер арқылы берілген. Екіншіден, әдеп нормалары (кісілік белгілер) қазақы руханиятта құқықтық, діни, көркем өнерлік нормалармен синкретті әрекет еткен. Үшіншіден, әдеп нормалары ақын-жырауларда ауызекі мәдениеттің көне үлгілерін қамти отыра жырланған. [81,100 б.].

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар ұлтты біріктіріп қана қоймай, әр отбасын бірегей етеді. Жалпы дәстүрлермен келісімде болсақ, әр қазақстандық оның отбасы бай және даңқты белгілі бір әдет-ғұрыптарды түсіну жағдайында тәрбиеленгендіктен біз өз ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпаймыз. Мәдени көптүрлілік – қазақстандықтардың толеранттылығының орталығы, қоғам көркеюінің кепілі. Біздің мәдениет кеңістігінде бар әдет-ғұрыптарды зерттеу ұлтты біріктіре алатындықтан мәдени саясаттың басымдылықтарының біріне айналуы қажет. Әдет-ғұрыптардың көптүрлілігіне қарамастан олардың генетикалық негізі әрқашан бір. Олардың әдемілігі мен даналығы жаңа өзекті форматқа ие болып, мәдени кластерді дамытудың маңызды аспектісіне айналуы қажет. Ашықтық, қонақжайлық, қайырымдылық, үлкендерге құрмет, балаларға сүйіспеншілік, мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын құрметтеу, бейбітшілдік – ұлттық тағамдар, ойындар секілді қазақ мәдениетінің дәстүрлі қағидалары және осының барлығы өмір салтының қырлары, рухани мұрам мен шеберлікті берудің әдістері болып табылады. Осындай құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған мәдени саясат ұлттық ауызбіршілікті нығайтып, отандық мәдениетті алға жылжытып қана қоймай, дамудың экономикалық тартымды бағытына айналады. Бұл мағынасында этникалық орталықтар қызметтерін жанарту контекстінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясының орасан зор әлеуетін пайдалану керек. Мақсатты жобалық форматтағы ғылыми ізденістер, әсіресе, оралмандардың материалдық емес мәдени мұрасын және сакралды білімдер мен шеберлікті сақтау мен

тасымалдау жолдарын сақтау форматындағы зерттеулер қажетті. Мүмкін, аймақ бойынша әдет-ғұрыптарды (Қонақжайлық күні, күрестер мен ерліктердің ұмытылмас күндері) өзектендірудің бүкілқазақстандық Бағдарламасын бекіту, осы аяда ұлттық ойындарды спорт ретінде де, мұра бөлігі ретінде де ара жігін ажырата отырып дамыту маңызға ие болатын шығар. ұлттық тағамдарды және тағам мәдениетін дәріптеу контекстінде кіші және орта отбасылық бизнесті дамыту заманауи отандық мәдени ландшафттың маңызды элементіне айналады. Ұлттық қазақ тағамдарының кейбір элементтері брендке және танымал тамақтану жүйесінің қалыптасуының тірегіне айналуы мүмкін (бауырсақтар, қазы, ірімшік және т.б.). Ал, Қазақстан халқын құрайтын этникалық азшылықтардың тағамдары этномәдени кластердің туризм үшін тартымды бөлігі болады.

Төртіншіден, мәдениеттің негізінде тіл жатады. Қазақ тілі ұлт қалыптасуының, оның бірлігінің міндетті шартына айналады. Тіл бар көпқырлы мәдениетті, өте күрделі қоғамды қамти алатын тұтас әлем секілді. Тілге әр халық үшін «халық рухын», оның мәдениетін білдіретін ерекше ішкі форма тән; тіл адам мен оның қоршаған ортасын байланыстыратын бөлшек.

Мәдениет – тіл арқылы кодталған жады. Мәдени код өзгерістерге, өзінен туындайтын жаңа мәдени кодтарға, сонымен қатар, әлеуметтік кодтардың құрылымдарымен де тығыз байланысты. Негізгі мәдени код төмендегідей сипаттамаларды қамтуы тиіс:

адамдық мәдениетті сақтау, тасымалдау және өндіріс үшін жетістікке ие болу;

өзгерістерге дайын болу;

жан – жақтылық;

Мысалы, Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Олардың әбден сақталып қалғандығы ғана бүгіндері ұлт төлқұжатындай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды. Ал, орыс халқының мәдени басты ерекшелігі – тілі болып саналады. Қазіргі таңда да екі адамның біреуі орыс тілінде сөйлей алатыны анық. Сол себепті де, орыс халқы қай жағынан болмасын басты қару ретінде тілін қолданып келеді. Кеңес уақытында да 100-ге жуық халық орыс тілінде хат алмасып, оқытушыларың қатары орыс ұлт өкілдерімен толықтырылып отырғаны, бірден-бір себеп болып табылады. Міне, сондықтан әр ұлттың мәдени ағымындағы мәдени құбылыстар тамырланып, дұрыс қалыптасуы үшін оны дамытуға арналған көптеген алғышарттары мен салалары болуы керек.

Халықтық таным мен түсінік дүниеге әкелген көптеген ұғымдар сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, ұлттық сана-сезімді, әдет-ғұрыпты, тәлім-тәрбиені, ұлттық ойды жеткізуші, қалыптастырушы қызметін атқарады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерінің бағасын халықтың өзі-ақ тереңнен зерделеген. Тілдің қазақ мәдениетінің өзге салаларына жетекшілік роль атқаруы халықтың өмір салтымен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс.

Әр халықтың сан ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесінде өзіндік рухани тарихы, тағлымы, ой-пікірі, қорытынды түйіні болады. Күн санап халқымыздың мәдени құндылықтарына, олардың қайнар бастауларын тануға деген ықылас өсіп келеді. Сондықтан да зерттеу тақырыбының өзектілігі, біздің алға қойған мақсат-мүддемізбен де осы мәдени құндылықтарды танып-білуге деген іс-әрекетімізбен де сәйкес келіп тұр. «Өткеннің тәжірибесін тал бойына дарытқан, озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи болмысты елестету мүмкін емес».

Қазақтың ғасырлар бойы дамып, өрістеп келе жатқан шеберлік өнерінің жалғасы, өрісін кеңітуші ретінде көрініс тапқан өнер мәдениеттегі өзіндік орнын, қажеттілігін айқындап тұр. Енді осы мұралардың құндылығын арттыру, дәстүр сабақтастығын жалғастыру, оған дәнекер болу әрбір ұлттық мәдениетке көзінің қарашығындай қамқорлық жасау зиялы қауымның борышы мен парызы. Бар әдемі құндылықтарды сырттан іздемей, оны өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру, мәдениеттанулық деңгейге көтеру – бүгінгі таңдағы ең бір көкейтесті, өзекті проблемалардың бірі деп түсінеміз.

XIX ғасырдың аяғына дейін көшпелілік өмір салтынан толық қол үзе қоймаған халықтың мәдени-рухани жағдайының негізгі көрінісі тілде, көркем сөзде кестеленген. Бүкіл тіршілік көрігінің қыры мен сыры, мұңы мен мұқтажы, сыйы мен сымбаты, парасаты мен ғадауаты бәрі де «толғау тоқсан қызыл тілде». «Өткірдің жүзі, кестенің бізі» өрнегін мұндай сала алмайтын «білгенге маржан, білмеске арзан» болып көрінетіні де – осы тіл болатын. Яғни өткірдің жүзі, кестенің бізі арқылы жасалатын сулет өнері мен кескін өнерінде, мүсін мен би өнерінде жетекшілік ететін маңызды рольді дала саласында тіл атқарып келеген.

Сөз – тек хабарды жеткізуші, қатынас құралы ғана емес, бүкіл материалдық және рухани мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа ұласа дамуына жетекшілік жасайды. Сөздің ақпараттық қызметін бағалай отырып, оның тек жад қалыптастырушы ғана емес, ұлы да киелі өнер кенін ескеру абзал. Сөз «көркем әдебиет» үшін ғана емес, көркем әдебиет сөз үшін қызмететсе игі еді. Халық сөз өнері арқылы тек рухани мәдениеттің бір саласы ретіндегі әдебиетті ғана жасамайды, өзінің бүкіл ғұмырнамасын жасайды. Яғни тіл мен көркем әдебиетті бір деп қарауға әсте болмайды. Әдебиет жүйеленген, сараланған, нормаланған тіл негізінде көркем бейне сомдаушы өнер болса, тіл – көркем әдебиеттің құралы. Сондықтан да кестелі сөз өнерінің қызметі алуан түрлі. Әлеуметтік өмірдің барлық шегінде қызмет ететін сөз жүйесінің мынандай сипатын саралап көрсетуге болар еді:

- мемлекет пен ұлт болудың алғышарты;
- рухани әлемді қалыптастырушы;
- ұлттық сананы қалыптастырушы;
- саяси-әлеуметтік құрлысты реттеуші;
- заттар әлемін игерудің құралы;

Халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің шындығын бейнелеу, рухани өсіп-өркендеу жүйесін саралау – сөз өнерінің негізі болса керек. Белгілі Орхон-Енесей жазбаларынан бастап, XX ғасырды жыр дүлділі О. Сүлейменовке дейінгі аралықтағы сөз өнері жампоздарының бұл тақырыпты сөз етпегені болмаған. Сондықтан қазақ тілінің сақталуы мен дамуы – біздің елдің мәдени саясатының ең маңызды міндеті. Заманауи ақпараттық қоғам жағдайында дамытуға болатын тұтас алғанда үш тілдің бірлігі (қазақ, орыс, ағылшын) ұлт пен мәдениеттің бәсекеге қабілеттілігінің қуатты ресурсы болып табылады. Жаңа интерактивті технологияларды пайдаланудың арқасында ұлттық шекарасынан асатын заманауи коммуникативтік кеңістігі қалыптасып келеді. Қазақстанның лингвистикалық әлеуетін отандық мәдениетті халықаралық деңгейде трансляциялау мен популяризациялау үшін кеңінен пайдалану қажет. Мәдениет ұйымдарының барлық интернет ресурстары көптілді және мемлекет ішіндегі де, бүкіл әлемдегі де қолданушылардың көпшілігіне қол жетімді болуы керек.

Қазақ халқы ұлттық тәрбиеде тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөлген: «Өнер алды – қызыл тіл», «Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл, ең қатты да – тіл, ең жұмсақ та – тіл» тағы осы сияқты мақалдар осыған дәлел, «Тәрбие басы – тіл» деп, М. Қашқаридің өзі айтып кеткен екен.

Ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп – өніп, отбасындағы тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел – жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы – ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз... Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігінгі де тағдыры- деп Бауыржан Момышұлы өзінің «тіл туралы тоғанысында» тебіреніп кеткен екен.

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр [44, 11 б.].

Атап айтқанда, тіл мен адамның өзара тығыз қатынасына қарай анықталған салаларды былай көрсетуге болады: адамның тілі мен рухани белсенділігі, тіл мен адам физиологиясы, тіл мен ойлау, сана әрекеті, тіл мен мәдениет, тіл және адамның қарым-қатынасы, тіл мен қоғам, тіл мен адам құндылықтары, тіл және таным. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған осы салалардың әрқайсысының өзіндік зерттеу нысаны, тәсілдері, қолданылу аясы бар. Қазіргі тіл білімінде әлеуметтік лингвистика (тіл мен қоғам арақатынасын зерттейтін сала), психолингвистика (индивидтің тұлғалық мінез-құлқы мен ұғымды қабылдау, оны санада өңдеу қасиеттерінің тілде көрініс табуы), лингвомәдениеттану (тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, сол тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білу ерекшеліктер), этнолингвистика (тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың

тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу) салалары тілді антропологиялық бағытта қарастыруда.

Тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын бұл салалардың барлығы түптеп келгенде, мынадай мәселелерді шешуді көздейді: адамның тілге қалай ықпал жасайтынын анықтау және тілдің адам санасына, ойлауына, мәдениетіне қалай әсер ететінін, қандай қызмет ететінін анықтау т.б. Тілді зерттеудің антропоцентристік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы мәселесін, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғаты мәселесін ашумен тікелей байланысты.

Академик Ә. Қайдардың пікірінше: «...тіл – қорған, тіл – қару, өнер алды – қызыл тіл, тіл – ұлттың жаны мен тәні т.т... Өз тілінен айрылған ел – ел емес, ұлт – ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі, сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жержүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып қалуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйыстыратын ұйытқы болар құдіретті күшіне сүйену керек...» [33, 32 б.].

Осы қасиеттеріне сәйкес қазақ халқының ана тілі – қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде басымдылық берілетінін негіздеген Ата Заңымыз бен «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заң» және «Тілдерді қолдану мен дамыту туралы мемлекеттік бағдарламаларға» сай қазақ тілі еліміздің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болуы тиіс.

Ұлттық тілін «ана тілі» деп атаған ойға жүйрік, сөзге шешен халқымыздың біртуар ұлы, заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген сөзінің мәнмағынасы дәл қазіргі кезеңде айқын жол табуға, тілімізде сақталған ұлттық рух пен сана ны жаңғыртып, жаңа сапаға көтерілуге бағыт алған ұлт болашағын дамытудың өзекті арқауы болмақ.

Ұлттың ұлттылығын сақтау үшін дәстүрдің озық үлгілерін тұрақтандырып, ол үшін күресу қажеттігі де осыдан туады. Қазақ мемлекетінің ұлттық идеологиясы да, менің ойымша, халқымыздың осындай жолмен қалыптасқан әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, дінін сақтап дамытуға, осы жолда жаңа заман ұсынып отырған қажеттіктерді өз сараптауымыздан өткізе отырып, қабылдауға құрылуы керек. Дәстүр әр халықтың өмірі мен сол қоғамның өзіндік ерекшеліктері негізінде қалыптасады. Ол да дәстүрге кіреді. Қазақ халқы адам санының аздығына қарамастан, Еуразияның дәл орталығында ұлан-байтақ жерді иемденген. Осының негізінде отаншылдық, елін қорғау жолындағы ерлік істері жатыр. Кең даланы мекендеген халық жауласса – найза ұстайтын батыр, дауласса – сөзден жеңілмейтін шешен болған. Халықтың осы мінезін заманы, өмір сүрген ортасы туғызған, ол жақсы дәстүрге айналып жалғасқан. Сол кең байтақ даланы мекендеген халықта бір тіл, бір әдет-салт, бауырмалдық,

конақжайлылық қалыптасқан. Қалтасына бір құрт салмай, ұзақ жолға шығып, жолшыбай түскен ауыл адамдары оны танымаса да құдасындай күткен. Жердің кеңдігі мен шаруашылығын, кәсібін даралайтын ерекшеліктердің бәрі де ғасырлар бойы сұрыпталып дәстүрге, ұлттық тәрбиеге кірген. Менің ойымша, осы дәстүрлер халықтың идеологиясының негізі болып табылады. Ендеше, қазақтың ғасырлар бойы жинақтаған осы ұлттық тәрбиесін сақтау керек. Оны жанарта отырып, негізін бекіту қажет. Жасыратыны жоқ, ғасырлар бойы қазақ жерінде орыс тілінің үстем болуы, біздің ой-санамыздың соларға табынуы әлі де жалғасын тауып келе жатыр. Бұл қазақ тілінің аясының тарылуына, дәстүр мен ұлттық тәрбиенің өзгерісіне әкеліп отыр. Қазіргі тәрбиенің барлығы да болашақ ұрпақты ұлттық салт-санаға, дәстүрге қиғаш жолдарды ұстануға құрылған.

Бесіншіден, отбасы философиясы ұлттық мәдени кодты нығайтудың кілттік факторларының бірі. Себебі, отбасы – ата-бабаларымыздан жеткен ең маңызды тірі дәстүр. Отбасында тұлғаның аса маңызды моральдік-адамгершілік нұсқаулары қалыптасады. Алайда қазір осы дәстүр басқалары секілді жаһандану үрдістерімен байланысты жағымсыз өзгерістерге ұшырауда үстінде. Бұл контекстте отбасы философиясы ұлттық мәдени кодты нығайтудағы шешуші болып табылады, себебі отбасы – қалыптасқан ең үлкен тарихи құндылық. Мәдени саясаттың алға қойған міндеттерінің бірі – қоғамдық сананың адам мен қоғам өмірінің игілігінің кепілі ретінде отбасы құндылығын түсінуге бағытталуы. Тұлға тәрбиесін отбасылық құндылықтарды қолдаудан ажыратуға болмайды, себебі тұлға отбасында қалыптасады.

Тәрбие – жеке адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін мақсатты түрде жүргізілетін қоғамдық өмірдегі ең басты әрекет. Жеке тұлғаның өмірге бейімдеп, жан-жақты дамыта даярлау үшін бұл қасиетті әрекетке жеке адам, ұжым, топ, жалпы әлеумет жауапкершілікпен қатысады. Тәрбие – ағарту ісі мен оқытудың алтын арқауы. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби: «Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауына айналады», деп тәрбиенің дүниетаныммен, білім берумен, ағарту ісімен біртұтас әрекет екенін жоғары бағалап, оны ғылыми, әлеуметтік мәнінің зор екенін дәйекті дәлдеген. Тәрбие жеке адамның дүниетанымын, адамдық бейнесін, көркемдік талғамын, физикалық, психологиялық, тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Тәрбиенің мазмұны жеке адамдар мен қоғамның, ұйымдар мен ұжымның, топтардың мақсаттарына және қоғамдық құрылыстың түп-тұғыры мен құрылым ерекшеліктеріне байланысты болады да, тәрбиенің нәтижелері жеке адамның, қоғамның дамуына зор ықпал етеді, сонымен қатар қоғамның экономикалық арқауына, еңбек өнімділігінің артуына әсерін тигізеді. Тәрбие жеке тұлғаға тән оның адамдық болмысын, ақыл-ойын және тұлғалық қасиеттерін дамытумен қатар мінез-құлқын (жан дүниесін) қалыптастырады. Ұлттық мәдениеттің қай кезеңдерін қай дәуірін алсақ та, ол халықтың ұлттық тәрбиесімен сабақтасып жатқанын көреміз. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Ал, тәрбие дүниетаныммен,

өмір заңдылықтарымен, философиямен тығыз байланысты. Демек, ұлттық тәрбие беру арқылы біз – ұлттық идеология құра аламыз. Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері ең әуелі дүниетануды, содан кейін тәрбиелеуді, ол үшін өмір заңдылықтарын үйретуді көздейді.

Мәдениеттің өмірдегі көрінісі – ұлттық тәрбиенің жемісі. Әдебиет тәрбиенің мәдениеттілікке тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Кез келген әдеби шығарманың эстетикалық мәні тәрбиеленшінің этикасын қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мысалы, Қазақстанның ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық, ерлік дәстүрді тудырған. Отанын сүю, елін қорғау ер азаматтардың міндетіне кірген. Ауыз әдебиетіндегі батырлар бейнесі осылай туған. Осыны болашақ ұрпақтың бойына сіңіре отырып, ұлттық идеология қалыптастырған. Сондықтан да халқымызды азаматтыққа, батырлыққа, шешендікке, көрегендікке тәрбиелеу де ұлттық идеологияның міндеті. Біздің билеріміз, жырауларымыз жырлап, үлгі тұтқан әділеттілік те халықтың шынайы қасиеті.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар ұлтты біріктіріп қана қоймай, әр отбасыны бірегей етеді. Жалпы дәстүрлермен келісе отырып, әр қазақстандық оның отбасы бай және танылған белгілі бір әдет-ғұрыптар түсінігінде тәрбиеленгендіктен біз өз ерекшелігімізді жоғалтпаймыз.

Алтыншыдан, Қалыптасқан мемлекет бағыты – 2050 Мемлекетті Стратегиясына сәйкес біз ата-бабалардан мұра болып қалған, тарихпен тексерілген құндылықтарымызды аялап сақтауымыз қажет. Бұл жерде біртұтас дүниетанымдық координаталарды жүйесін сақтау механизмі ретінде өмір салтына аса маңызды рөл беріледі.

«Қазақстан – 2050» Жаңа Стратегиясы – ол бір жағынан «Қазақстан – 2030» Стратегиясы шеңберінде өткізілген реформалар курстарының жалғасуы болып табылса, екінші жағынан – бәсекелестіктің жаңа межелеріне арналған Қазақстан дамуының басты бағыттары анықталған дербес құжат болып табылады. Бұл құжатта ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанды экономикалық, саясаттық және әлеуметтік дамудың жаңа деңгейіне әкелетін жеті стратегиялық басымдылықты анықтады [77].

Ең алдымен, Мемлекет басшысы еліміздің даму мақсатын анықтауда ұлттық бірдейлік негізін «Мәңгілік Ел» атты кең мағыналы түсінік түрінде (беделді, ұлы Қазақстан және оның халқы) енгізеді. Еліміздің Бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, Мәңгілік Елдің басты мемлекетті қалыптастыратын құндылықтар ретінде Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астана, ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам мен биік руханият, индустрияландыру мен инновация негізіндегі экономикалық өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарих, мәдениет және тіл тұтастығы, дүниежүзілік және аймақтық мәселелерді шешуде еліміздің жаһандық қатысуы мен ұлттық қауіпсіздігі болып табылады. Осы құндылықтардың арқасында жаңа Қазақстанның халқы ылғи

да жеңіп, ұлы жетістіктерді көбейте отырып, елін нығайта түсті. Бұл құндылықтар Қазақстанның халқын біріктірген және жаңа жетістіктерге ынталандыратын Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізінен құралады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруда үлкен жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Елбасы тек мәдени кодты сақтай отырып қана (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын-қатерлеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады». Тек тағылымды тарих, ата-бабалар даңқы ғана қазіргі уақыт қиындықтарын жеңуге мүмкіндік береді», – деген құнды пікірі ата-салтымызды сақтауға, туған жер мен ел алдындағы парызымызды ақтауға шақырады. Осыған байланысты көптеген ғалымдардың ұлттық идеологиялар ұзақ өмір сүреді және ұлттар сол үшін өзінің жеке «мені» үшін күреседі, онсыз ұлт туралы пікірдің болуы да, оның болашақтағы тарихи өмірі туралы да сөз қозғаудың мүмкін емес деген пікірлері орынды. Заманауи адам тұлғасын қалыптасуы салауатты өмір салтымен қатар табиғатқа ұқыпты қарауды қамтитын экологиялық мәдениеттің маңыздылығын түсінуге сүйенуі тиіс. Мәдениет пен экономиканың терең интеграциясы – ақпараттық дәуірдің белгісі ғана емес, сонымен қатар, кіші бизнес секілді жаңа дәстүрлердің қалыптасуы. Кіші бизнес ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрге айналуы қажет. Отбасының берік материалдық негізі – оның сенімді болашағының кепілі. Бұл мағынада ұлттық тағамдарды және тағам мәдениетін популяризациялау, дәстүрлі халықтық кәсіптерді, үй қолөнершілігін көтермелеу контекстіндегі кіші және орташа бизнесті дамыту болашағы бар жобалар болуы мүмкін.

Егемендікке қол жеткізген тәуелсіз мемлекетіміздегі қоғамдық-тарихи әлеуметтік саяси жағдайларға байланысты болып жатқан өзгерістер барысында туындап жататын қайшылықтарды шешу, өз жолын, өз идеяларын нақтылау мен дамыту, дүниетанымдық қағидаларамызды айқындау, ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі, халықтың рухани бастауларына көңіл аударуы және үзіліп қалған идеялардың жалғастығын іздеу, толықтыру, жаңа қоғамдағы жеке адамдардың нақтылы әрекеттері мен қоғамдық ойларын жаңылмай саралау кезінде қазақтың әлеуметтік мәдениеті: герменевтикалық талдау, оның жалпыға ортақ рухани маңызды, өміршең идеяларын айқындап көрсету мәдениетіндегі рухани-мәдени құндылықтарды қазіргі маңыздылығын зерттеудің қажеттілігін осыған тірейміз.

Жетіншіден, ұлттық мейрамдар – қоғам бірігуі мен патриоттық тәрбиенің тиімді құралы, азаматтық сәйкестікті қалыптастырудың маңызды ресурсы. Адам баласының тіршіліктегі негізгі мақсаты тек еңбек етіп, өмірге қажетті материалдық байлықты жасап, отбасын құрып, ұрпақ өсірумен шектелмейді. Олар қоғам құрып, өзінің мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін дамытып, ұлт болып қалыптасады. Егер де жеке адамның өмірі табиғаттың заңы бойынша шектеулі болса, ұлттың өмірі қаншалықты ұзақ болуы, сол

ұлтты құрайтын адамдардың өмір сүре білу қабілетіне байланысты. Ал, ұлт болу үшін оның – тілі, діні, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері болуға тиіс. Сол ұлттың осындай басты белгілері сақталып, әрі қарай дамитын болса, оның ұлттық санасы қалыптасып, ол өзінің ұлттық мемлекетін құруға негіз болады. Осындай ұзақ мерзімді даму процесінде әрбір ұлттың басынан өткерген елеулі тарихи уақиғалар, оның өмір салтына байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-жоралар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ол сол ұлттың әр кез есіне алып, атап өтіп отыратын ұлттық мейрамына айналады.

Қазақ халқының да тарихи даму барысында қалыптасқан өзіне тән ұлттық мейрамдары болды. Ол мейрамдар қазақ халқының көшпенді өмір салтына байланысты табиғаттың маусымдық төрт мезгіліне тура келеді. Себебі, қазақтар негізінен көшпенді мал шаруашылығымен айналысқандықтан, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі табиғатқа өте жақын болды. Сол себепті қазақтар ауа-райының қолайлығына байланысты өздерінің ұлттық мейрамдарын атап өтіп, онда түрлі ұлттық өнерлерін көрсетіп, ұлттық ойындарын өткізіп отырды. Атап айтқанда ол мейрамдар – Наурыз, Қымызмұрындық, Мизам, Соғымбасы деп аталды. Мейрамға әлеуметтік феномен ретінде жаһандық әлем, жалпы мәдени деңгейдің төмендеуі мен идеалдардың ауысуы жағдайында ерекше міндеттер артылған. Жаңа мейрамдар пайда болады және ескілері айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Ұлттық мейрамдар дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, салт-жоралғылардың, рәсімдердің, ойындардың, салтанаттардың көптүрлілігі мен байлығын жинақтайды. Жалпыхалықтық, жалпыұлттық мерейтойларды тойлау қоғамдық сананы оны жағымды арнаға бұрып, мақтаныш пен патриотизм сезімдерін қалыптастырып, біріктіруші факторы болып табылады. Заманауи және тарихи өткен шақты форматтағы қазақ мәдениеті интеллектуалды және шығармашылық интерпретацияны қажет етеді. Шығармашылық ұлттық құндылықтарды жаңаша зерделеуге және оларды қазіргі заманғы сипат беруге қабілетті. Халықтың және оның көптеген ұрпақтарының тарихи істерін нақты түсінбей тарихи тіршілік мүмкін емес. Ұлттық бейнелерді қалыптастыру, ұлтты біріктіре алатын мерекелік іс-шаралар дәстүрін насихаттау бұл байланыста үлкен рөл атқарады. Тәуелсіздік күні, Конституция күні, Бірінші Президент күні, Астана күні және т.б. осындай мейрамдардың үлгісі болып табылады.

Сондай-ақ, Батыс Қазақстан облысы аймағында ғана тойланатын 14-наурыз – «Көрісу күні» мейрамын айта кеткен жөн. Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Өйткені Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14-наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс [82, 421б.].

Наурыз мерекесін Күн мен түннің теңесу сәтімен шендестіреді. Алайда, түркілерде дәлірегі қазақтарда бұл күн наурыздың 21-нен 22-не қараған күні

емес, бұрынғы күтізбе бойынша 1-наурыз, бүгінгі күнтізбедегі 14-наурыздан бастап мерекелеу бар. Ата-бабамыз наурыз мейрамын оның басты ғұрпы Көрісуден бастайды. Осыған қатысты мынадай айғақтарды тізіп шығуға болады.

1-айғақ. Шоқан Уалихановтың қазақы күнтізбені үш тілде келтіріп, оны Наурыздан бастайды. Ал наурыз айы қазірше 14-наурыз екені мәлім.

2-айғақ. Шәкәрім Құдайбердінің баласы Ахаттың естелігінде: «14-март – ескіше 1-март. Әкей айтты: «Бүгін ескіше 1-март, қазақша Жаңа жыл, Ұлыстың Ұлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл парсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын ұлыс күні дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше жаңа жыл күнінің аты – ұлыс».

3-айғақ. Мәшһүр-Жүсіп: «Жиырма тоғыз жасымда Бұхарай – Шәрифте Ғабдалахыд ханның наурыздама тойының сегіз күн ішінде (ескіше 1-8 наурыз С.Е.) болдым, дәл сегізінші күн: «Мазар Шариф», – деседі.

Наурыз мерекесінің мезгілі тек қана Күн мен Түннің теңесуі емес – Көктемнің шығуы мен жыл басы екендігін байқатады. Тоқсан күн қыс 13-наурызбен бітіп, жылдың да, көктемнің де басы 14-наурыз болып есептелінеді. Яғни, наурыз мейрамы Күнге табыну рәсімінің салтанаты да, түркіше Жаңа жыл «Амал» атауымен Көрісу, Наурыzkөже секілді ғұрыптар мен атрибутпен мерекеленіп келгендігін ескеру қажет. Наурыздың табиға нышандары: жыл құсы саналатын «наурызек» аталатын торғайдың көзге түсуі, бәйшешектің көктеуі, жердегі тоңның жібіп, қардың аласапыран еруі болып саналады. Бұл көрініс Абай атамыздың «Жазғытұры» өлеңінде толық бейнеленген.

Қазақстан Республикасы – бастамасы адамның қоғамға сенімі мен қоғамның тұлғаға сенімі жағдайында ғана жүзеге аса алатын бірлік рухына

ҚОРЫТЫНДЫ

Өткеннің тәжірибесін тал бойына дарытқан, озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз мәдениет пен тарихи болмысты елестету мүмкін емес. Ол дегеніміз, қазіргі таңдағы мәдениет пен ұлттық ерекшеліктердің алға қойылуы. Оны, мәдени код ретінде танып, ұлттық негізімізді «тайға таңба басқандай» біржақты орнықтыруымыз қажет. Негізгі «мәдени код» түсінігі жан-жақты болып келетіндігі белгілі. Ол кез-келген мәдени тип пен әртүрлі тарихи уақыттағы айырмашылықтарға қарай да өзгеріп отырады. Бұл ұғым адамдық мәдениетті сақтау және қалыптастыруды толыққанды игерген. Табиғатта мәдениеттің өзіндік ұйымдасуы мәдени кодтың заттық, белгілік және идеалдық сияқты параметрлерінен құралады.

Мәдени код – мәдениеттің берілген типін түсінудің кілті. Бұл халыққа ата-бабамыздан қалған қайталанбас мәдени өзгешеліктер, мәдениетке тиесілікті анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір формада жасырынған ақпарат көзі.

Мәдениет ұлтты қорғайды, сол ұлттың басын құрып отырған мемлекетті қорғайды. Ұлтты өлтірмейтін – оның өзіндік қасиеті, төлтума мәдениеті, салт-дәстүрі, өнері. Оны жоғары бағалай білген халықтың дәрежесі жоғары болмақ. Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев ұлттық бірегейлікті пен мәдени кодты сақтауға айрықша тоқталды. «Ұлттық жаңғыру ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту», деп ашық жазған. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», – деді Президент. Ұлттың коды дегеніміз не? Орыстар мақтанғанда жерін, елін, ғарышты бағындырғанын, соғыста жеңгенін айтады, коммунизмнің қаһарынан өзімізді ғана емес, Еуропаны, Американы азат еттік дейді. Қытайлықтар ұлттық ұстанымдарын ұмытпай әрбір мәдени шараға ұлттық киіммен қатысады. Салт-жоралғыларын да қалт жібермейді. Жері тар, сыймай отырса да тарихи-мәдени жәдігерлерін көзінің қарашығындай сақтап отыр. Ұлттық кодтың негізі – отансүйгіштік. Қазақ ұлтының коды – қазақылығы. Біздің мақсат ата-баба мұрасын қастерлеп, мирасына сызат түсірмеу. Қазбек би:

Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз,
Басымыздан намысты асырмаған елміз,
Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз,
Атаның өсиетін балаға, баланың өнерін
атаға айтып, тарата білген елміз,
Құлақтың құрышын қандырып,

әділ сөзді халыққа айта білген елміз, – деді. Ұлттық код – осы елдігімізді сақтау. Бойымыздағы қазаққа ғана тән рухани қуатымызды сақтау. Өзіңе, өз еліңе, өз таңдауларына деген құрмет. «Білімдіге дүние жарық. Білімсіздің

күні кәріп», – деп халқымыз бекер айтпаса керек. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – қанымызда бар қасиет. Күн сайын тың дүние жарыққа шығып отырған жаһандану уақытында табысты болудың ең іргелі факторы білім екенін Елбасы тағы да еске салды. Әсіресе жастарды білімге басымдылық беруге шақырды. Сананың ашықтығы «от басы, ошақ қасы» төңірегінде қалып кетпесе екен деп алаңдаушылығын жеткізді. Тіл үйрену – жаһандық әлемге еркін кіріп, жұмыс істеудің басты шарты. «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі», – деп таразылап берді. Сондықтан, бәсекеге қабілетті, ұлттық-мәдени кодын сақтаған ел болуға ұмтылуымыз қажет. Сонда ғана, Ұлттың рухани әлемін байытуға және жаңғыртуға бағытталған осындай алғашарттар ата-баба салған сара жолдын алшақтамайтындығы сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н. Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан халқына жолдауы. 11 қараша 2014 жыл.
2. Рапай К. Культурный код. Как мы живем, что покупаем и почему. Пер. с англ. – М: Альпина Бизнес Букс, 2008. – 167 с.
3. Краткий словарь когнитивных терминов / под общ. ред. Е.С.Кубряковой. – Москва, 1996. – 245 с.
4. Кончаловский А.С. Надо разобраться с культурным геномом. // Полит экономика.ру, 14.07.2012.
5. Айталы А. Ұлттану. – Арыс, 2003. – 229 б.
6. Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Қазақ мәдениетінің бастаулары. – Алматы, 2001. – 229 б.
7. Иванов А. Рассуждения о модернизации культурных кодов. – Воронеж: Ассоциация историков ВГУ.
8. Болдырева Т. В. Типология культурных кодов в драматургии. Андреева Л. Н. – Самара, 2008. – 19 с.
9. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 560 б.
10. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына саяхат. – Алматы, 1999. – 304 б.
11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581б.
12. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына саяхат. – Алматы, 1999. – 304 б.
13. Шелестюк Е. К. О лингвистическом исследовании символа // Вопросы языкознания. – 1977, – №4.
14. Васильев А. М. Египет и египтяне. – Москва, 1986. – 346 с.
15. Мухамеджановой Н.М., Богуславской С.М. Теория культуры в вопросах и ответах: учебное пособие для студентов заочной формы обучения / колл. авт.; под ред. – Оренбург, 2007. – 149 с.
16. Белый А. Символизм как миропонимание – Москва, 1994. – 451 с.
17. Барт Р. Избранные работы: Поэтика. – Москва, 1989. – 616 с.
18. Косиков Г. К. Идеология. Коннотация – Москва, 2001. – С. 8-31.
19. Кнабе Г.С. Семиотика культуры: конспект учебного курса. Рос. гос. гуманитар. ун-т. – Москва, 2005. – 64 с.
20. Кононенко Б. И. Большой толковый словарь по культурологии. – Москва, 2003. – 512 с.
21. Горелова И. Н., Лысенко Н. Н. Культурология: Тематический словарь. – Москва, 2011. – 88 с.
22. Кончаловский А.С. Надо разобраться с культурным геномом. // ПолитЭкономика.ру, 14.07.2012.
23. Кловский Д.Д. Теория передачи сигналов. – Москва, 1984. – 53 с.
24. Энциклопедия: Постмодернизм. – Минск, 2001. – 364 с.
25. Красных В.В. Коды и эталоны культуры. – Москва, 2001. – С. 5-19.
26. Кондратов А.В. Звуки и знаки. – Москва, 1978. – 208 с.

27. Мечковская Н.Б. Семиотика. Язык, природа, культура. – М.: Академия, 2007. – 204 с.
28. Эко У. Отсутствующая структура. – СПб.: Петрополис, 1998. – 45 с.
29. Соломоник А. Б. Язык как знаковая система. – Москва, 1992. – 104 с.
30. Моль А. Социодинамика культуры. – М.: Прогресс, 1973. – 130 с.
31. Лотман Ю. М. Культура и взрыв. – М.: Прогресс, 1992. – 15 с.
32. Луман Н. Реальность массмедиа. – М.: Праксис, 2005. – 23 с.
33. Тамбовцев В.Л. Миф о «культурном коде» в экономических исследованиях. – М.: Институт экономики РАН, 2016. – 28 с.
34. Фуко М. Археология знания. – Киев, 1996. – 381 с.
35. Тарасов Е.Р. Язык и культура: Методологические проблемы. – М., 1994. – С. 105-114.
36. Маслова В.В. Лингвокультурология. – М., 2001, – 320 б.
37. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
38. Васильева К.К. Стадиальность социокультурных кодов. – М., 2002. – 153 б.
39. Татаринов В.А. Общее терминоведение: Энциклопедический словарь. – М., 2006. – 833 с.
40. Wodak R. and Meyer M. Methods of Critical Discourse Analysis. – 2001. – 451б.
41. Эко У. Теория семиотики. – М., 2000. – 312 с.
42. Скирбек Г. История философии: учеб. пособие. – М.: Гуманит издател. центр, Владос, 2001. – 800 с.
43. Сулейменов О. Азия. – Алматы, 1992. – 295 б.
44. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 1990. – 136 б.
45. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 217 б.
46. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.
47. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. – 400 с.
48. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
49. Воробьев В.В. Лингвокультурология. – М.: РУДН, 2008. – 336 с.
50. Трубецкой Н.С. История. Культура. Язык. – М.: Прогресс, 1995. – 168 б.
51. Культурология: учебник / Под ред. Ю.Н. Солонина, М.С. Кагана. – М.: Высшее образование, 2007. – 128 с.
52. Щепанская Т.Б. Система: тексты и традиции субкультуры. – М.: ОГИ, 2004. – 59 с.
53. Смирнов С.Д. Образ мира как предмет психологии познания // Категории, принципы и методы психологии. – М., 1983. – Ч. 1. – 60 с.
54. Кармин А.С. Культурология. – 2004. – 24 с.
55. Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб., 2000. – 395 б.

56. Орлова Э.А. Культурная антропология: учебное пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2004. – 174 с.
57. Салқынбай. А.Б. Тіл мен мәдениет. – Алматы, 2001. – 102 б.
58. Абақан. Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы, 2000. – 146 б.
59. Гачев Г.Д. Ментальности народов мира. – М.: Эксмо, 2008. – 544 с.
60. Бижева З. Х. Язык и культура. – Нальчик: Кабар-дино-Балкар. гос. ун-т, 2000. – 47 с.
61. Галиев А.А. Традиционное мировоззрение казахов. – Алматы, 1997. – 167 с.
62. Орлова Э.А. Культурная (социальная) антропология. – М.: Академический проект, 2004. – 174 с.
63. Строс К. Культурная антропология. – М.: Республика, 2000. – С. 15-16.
64. Махлин В.Л. Язык культуры. – СПб., 2000. – 543 с.
65. Скирбек Г. История философии: учеб. пособие. – М.: Гуманит издател. центр, Владос, 2001. – 800 с.
66. Кривонос А.Т. Язык. Логика. Мышление. Умо-заключение в естественном языке. – Москва, 1996. – 682 с.
67. Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов / под общ. ред. – М.: Моск. гос. ун-та, 1996. – 245 с.
68. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 423 с.
69. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Яз.рус. культуры, 1999. – 896 с.
70. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языко-знанию / пер. с нем., общ. ред. – М., 2000. – 400 с.
71. Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособ. для студентов высш. учеб. заведений. – М.: Academia, 2001. – 208 с.
72. Гумбольдт В. Фон Избранные труды по языко знанию. – Москва, 2000. – 397 с.
73. Тодоров Ц. Теория символа. – М., 2000. – 168 б.
74. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М., 1999. – 265 б.
75. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2003. – 315 б.
76. Горбачевия К.С. Язык – памятник культуры. – М., 1986. – 261 б.
77. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы ұзақ мерзімді Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.
78. Сарым А. Мәңгілік - тек Құдайға тән. – www.abay.kz ақпараттық порталы, 27.01.2014.
79. Назарбаев Н. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол Қазақстан халқына жолдауы. 11.11.14 жыл
80. Есім Ғ. Мәңгілік Ел: Балаларды бизнеске баулуды балабақшадан бастау керек. – www.inform.kz халықаралық ақпарат агенттігі, 25.02.14.

81. Әбдіғалиева Ғ.К. Қазақстан Республикасының рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту. – 2003, 357 б.

82. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 862 б.

83. Молдабеков Ж.Ж. Қазақстандық жетілудің ұстанымы: Мәңгілік Ел және қазақтану. – Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы. – 18.05.2015.